Этникалық ұжымның әрбір мүшесінің базалық білімі белгілі бір дәуірдегі ортақ тілдік ономастикалық білімді, кеңістікті қалыптастырады. Яғни, бір тілде сөйлеуші халықтардың бәріне ортақ мәдени-ұлттық байлықтың тілдік көрінісі прецедентті есімдерден көрінеді. Зерттеушінің: «...под прецедентными именами понимаются индивидуальные имена, связанные, прежде всего, с широко известной исторической личностью, литературным персонажем, политической фигурой, географической реалией, имеющими определенную ценность для народа, а также с конкретной ситуацией, хорошо известной носителям языка, воспроизводимой в коммуникации при определенных ассоциациях и узнаваемой коммуникантами. При актуализации прецедентного имени в речи у говорящих возникают о данном феномене определенные национально детерминированные представления, которые хранятся в общественном когнитивном пространстве» [6; 91], деген анықтамасына сүйене отырып, бейресми есімдердің пайда болуына әсер еткен прецедентті есімдерге тоқталайық.

Жоғарыда айтылғандай, прецедентті есімдер жеке алғандағы белгілі бір ұлттың когнитивтік санасының көлемінде болуы да, жалпы адамзатқа ортақ когнитивтік кеңістікте болуы да мүмкін. Ұлттық дәстүрдегі есімдер қатарында төмендегі мысалдарды атауға болады:

І. Белгілі, атакты адамдар мен тарихи тұлғалар есімдерінен жасалған есімдер қатарында *Әз Жәнібек*, *Төле би*, *Дарабоз*, *Ақсақ Темір*, *Жаяу Мұса*, *Біржан сал*, *Ақан сері*, *Қажымұқан*, *Балуан Шолақ*, *Өкірегені* т.б. есімдерді атауға болады.

Әз Жәнібек /Жәнібек/ — халық санасында дана да ақылгөй хан ретінде сақталғандықтан, өте дарынды, үздік оқушыға берілген есім.

Тарихымызда екі тұлға «әз» атанса, ол есімді берген халық, оның сүйіспеншілігі, құрметі. «Әз тұтты» (*қадірледі, құрметтеді, сыйлады, бір тұтты, әулие тұтты* мағынасын беретіні белгілі (ҚТТС, 1961). Ел билеушісінің көпшілікке жағуы, тілін табуы, сый-құрметіне бөленуі — екінші бірінің қолынан келмес іс. 1456 жылы құрылған Қазақ Ордасының негізін салушылар Орыс ханның шөберелері Керей мен Жәнібек даналықпен ел бастаған хан болды. «Алдымен жасы үлкен Керей ақ киізге хан көтерілгенімен, қазақ жұртының іргеленуі Жәнібек тұсында болса керек...Жәнібектің қазақ тарихындағы айрықша тұлға екендігінің бір белгісі — ол халық санасында әулиеге пара-пар, ақылды әрі әділетті әмірші ретінде таңбаланған, ұлттық тарихымызда жай ғана Жәнібек хан деп аталмайды, *Әз Жәнібек хан* деп аталады» (М.Мағауин).

Төле би /Төлеутай/ — асқан даналығымен, ақылдылығымен және шешендігімен халық жадында мәңгіге сақталған Төле бидің есімі мақалдап-мәтелдеп сөйлейтін шешен жігітке берілуі заңдылық деп түсінген абзал.

Дарабоз /Жағыпар/ — жауға қарсы жалғаз шабатын батыр бабамыздың «Дарабоз» есімі алыс, жақын қашықтыққа жүгіруден алдына жан салмайтын балаға берілген.

Ақсақ Темір /Темірғали/ — аяғын сәл сылтып басатын кісі.

Жаяу Мұса /Мұқажан/ — халықтың когнитивтік санасында әнші-сазгерлігінен де бұрын әлеуметтік теңсіздіктің қасіретін тартқан, «аузы қисық бай баласының» арқасында атынан айрылған жан есебінде сақталғандықтан, 5–6 шақырымдық жерлерге көлікті пайдаланбай үнемі жаяу жүретін кісіге қойылған.

Біржан сал /Біржан/ — ұлттық санамызда «сал-сері» концептісі — басқаға ұқсамайтын ерекшеліктің үлгісі. Ұлттық өнер мен әдет-ғұрыпты тең игерген өнерпаз есімі әрі аттас, әрі сәнді киім киіп, сыпайы сөйлеп, домбырамен ән айтатын адамға қойылған.

Ақан сері /Жақан сері /Жақсыгелді/ — Ақан/Жақан дыбыстық ұқсастықпен бірге, ат баптаумен айналысып, бәйгеге ат қосатын адамға берілген.

Қара күштің иелері *Қажымұқан*, *Балуан Шолақ* есімдері халықтың когнитивтік санасында жауырыны жерге тимеген балуан ұғымымен астасқандықтан, бас бәйгені күреспей алатын кісіні *Қажымұқан* /Серәлі/ деп, ал кезінде атақты балуан атанып, жылқыға салған бұғалықтың қыл арқаны қолын кесіп кеткен кісі *Балуан Шолақ* /Өзаман/ лақап есімімен аталған.

Өкірегені /Нұрлан/ лақап есімінің берілуі ұлттық тарихтан хабары бар әрбір адамға түсінікті. Ұлттық когнитивтік санаға орныққан Сүлейменнің «Бақырғани» лақап есімінің белгілі себеппен келесі адамға берілгенін көруге болады.

Шыңғыс хан /Жарас/ — бала кезінен ешкімге аяушылық білдірмейтін қатты мінезімен ерекшеленген жас жігітке таңылған есім. Шыңғыс хан халық санасында әділ де қатал басшы (бауырын өлімге қиған) ретінде сақталғандықтан деп түсінеміз. Қ.Жалайырдың «Шежірелер жинағында»: «Мұңлие-Ичигеннің ұлы Көкәчу Тәб-Тәңірі атты Карим нафс атты көріпкел, әулиенің аузымен: «Алла тағала бұйрық тұр, сенің атың Шыңғыс хан болғай. Шыңғыс хан демектің мағынасы патшалардың патшасы демек болады» делінеді [7].

II. Ауыз әдебиеті мен жазба көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімінен жасалған: *Ер Төстік* /Қайрат/ — отбасындағы тоғыз ұлдың кенжесі; *Асанқайғы* /Төлеш/ — ештеңеге көңілі толмай, дүниенің бар қызығынан түңіліп отыратын кісі; *Қарабай* /Қаратай/ — (дыбыстық ұқсастық коннотация үстейді) қора-қора малын жұмсауға қимайтын адам; *Алдар* /Сәулебек/ — өтірікшінің шын сөзі де өтіріктің кебін киіп жүрген орта жастардағы кісі; *Қожанасыр* /Айдос/ — аңқау, сенгіш кісі; *Шойынқұлақ* /Қайкен/ — құлағы үлкен; *Төлеген* /Ғазиз/ — елуді еңсерсе де, зайыбының асты-үстіне түсіп отыратын кісі; *Бекежан* /Еркеғали/ — бірін-бірі ұнатқан екі адамның арасына түсетіні үшін; *Құрмаш* /Ербол/ — қасқырдың бөлтірігін асыраған бала; *Бандыны қуған Хамит* /Хамит/ — түрмеден қашқан қылмыскерді ұстауға көмектескен ауылдық милиционер т.б. есімдерді кездестіруге болады.

III. Көркем шығарманың атауынан жасалған: *Қан мен тер* /Жанас/ есімі — ертелі-кеш демалуды білмейтін кісіге берілсе, *Көшпенділер* /Жақаевтар/ — отағасының қызмет бабымен жиі көшіп-қонатын отбасына берілген есім.

Жоғарыдағы лақап есімдерден адам қиялының, тапқырлығының халық рухымен үндестігімен қоса ұлттық тарих пен мәдениет, әдебиет жөніндегі аялық білім, ұлттық санадағы қалыптасқан стереотип байқалады. Этностың когнитивтік кеңістігінде бұрыннан бар есімдердің «мазмұндық» та, «тұлғалық» та түрлі тарихи ассоциацияларды туғызуға негіз болғанын көреміз. Тілдік санада сақталған онимдік бай қор бейресми есімдерге ұлттық нақыш, ұлттық колорит беріп тұр.

Прецедентті есімдердің жоғарыдағы түрлерінен басқа фреквенталды есімдер тобын атауға болады. Бұл есімдердің ерекшелігі — олардың бір емес, бірнеше халықтың когнитивтік санасына ортақтық қасиеті. Елдердің көршілес орналасуы, саяси-мәдени байланыстар мен елдегі тілдік саясат т.б. факторлар бірнеше тілге ортақ есімдердің тууына, ал ол есімдер прецедентті қасиеттеріне орай лақап есімдердің тууына әкеледі. Мысалы, *Гитлер* /Жанас/, *Сталин* /Серәлі/, *Чанай* /Мерей/, *Мистер Бин* /Бейсенбек/, *Геракл* /Мұхтар/, *Шрек* /Шерполат/, *Джеки Чан* /Несіпбай/.

Мектеп жасындағы балалар арасында лақап есімдер кең қолданысқа ие, сондықтан да өмірбаяндық шығарма болсын, көркем әдебиет болсын, кейіпкер балалардың бейнесін жасауда, олардың сезім-күйлері мен танымдық ой-пікірлерін білдіруде жазушы лақап есімді жиі пайдаланады. Басқаға түсініксіз есімдердің қатар құрбы-құрдас арасында өзекті болып, қолданысқа түсуі прецеденттіктің көрінісі деуімізге болады. Мысалы, Қ.Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» повесінде кездесетін «*Беликов*» есімі бұған дәлел: «Интернаттың завхозы Зейнолла орта жастағы, сүзеген бұқа сияқты бұрылмайтын адам еді. Шілденің шіліңгір ыстығында мысық жағалы көнетоз қыстық пальтосын үстінен тастамайтын. Балалар көзінше «Ағай» десе де, сыртынан «*Беликов*» деп айдар тағып алған. Жақтырмаған кісіге бір көзін аса қарап, бір көзін баса қарайтын ежелден әдеті еді, үстіндегісін шешіп беріп отырғандай-ақ қиналып, қыржиып-быржиып әрең дегенде үлкен әбдіренің ішінен қырқыншы размерлі жұмыс бәтәңкесін алдыма торс еткізіп тастай салды».

Прецедент есімдерді сөз еткенде халқымыздың ұлттық санасынан орын алған жан-жануарлар, аң-құс атауларынан айналып өте алмаймыз. Елдің елдігі мен халықтың бірлігін сақтаған ата-бабаларымызды ұлттық менталитетімізден ерекше орын алатын текті де қасиетті аң мен құсқа балау *Қарлығаш әулие* /Төле би/, *Арқаның арыстаны* /Қозыбай шешен Нәуілұлы/, *Ақиық сұңқар* /Сенкібай батыр Оразғұлұлы/ лақап есімдерінен, *Таймінер* /М.Дулатов/, *Тайлақбай* /Т.Жароков/, *Тарпаң*, *Тоқпақ* /С.Қожанов/, *Қарлығаш*, *Шағала*, *Қаршыға*, *Көгершін* (белгісіз б.е.) бүркеншік есімдерінен көрініс табады. Қияға самғар сұңқар мен қаршыға; адал, ақ ниетті қарлығаш пен көгершін және аң патшасы — арыстан концептілері аталған тұлғалардың ерекше қасиеттің, даралықтың иелері екенін танытады.

Мейірім мен адалдық, алғырлық пен қайсарлық — аталған нысандардың ортақ белгісі, араларын жалғастырушы дәнекері. Яғни, халқымыздың ержүректікті — арыстанға, жолбарысқа; ұшқырлық, алғырлықты — қыранға, сұңқарға; сүйкімділікті — құралайға, ботаға; момындықты — қойға, қозыға теңеуінің ар жағында халықтың өмір тәжірибесімен байланысты антропометриялық дүниетанымы жатыр. Қазақ халқы үшін жылқы малының орны ерекше екені белгілі. «Ат — адамның қанаты» деп бағалаған халықтың ұлдары өздерін «Тарпаң» атап, «бас білмейтін, үйретілмеген асауға» (ҚТТС, 9-т.) теңесе, ол — күшті ерік пен жігердің, өрліктің белгісі. Осындай бір дерек Р.Жұбанованың (Құдайберген Жұбановтың жұбайы) естелігінде берілген: «...біз Құдайбергеннің аулына келгенде, Тәпеннің (Құдайбергеннің ағасы) жұбайы Балбөпе (ел арасында «Сарыайғыр», «Сәкең» атанған) маған ерекше ықылас білдірді. Сәкең ауыл жастарының ұйытқысы екен. Өзі әнші, өзі домбырашы, өзі сұлу, сауықшыл адам (Сәкеңнің Балбөпе атын кейінгі жастар тек сельсоветтің книгасынан ғана көретін)» [8]. Сондықтан да *Бозайғыр* /Бозмұхамет қажы/, *Сарыайғыр* /Балбөпе/ лақап есімдерінің аялық білімі ұлттық салт-санадан хабары бар әрбір тілдік тұлға үшін түсінікті. Жылқы малының халқымыз үшін орны бөлектігі мәлім. Үйірін басқа айғырдан, қажет болса ит-құстан қорғап, шайнасып-тебісіп жолатпай жүретін айғырдың қасиеті екі есімнің де пайда болуына уәж болған. Алғашқысы кісінің төл есімінің бірінші сыңарына тіркесіп, екіншісі түр-түс ерекшелігін білдіріп, бірақ екеуінде де мінез ерекшелігі, «алдына келгенін тістеп, артына келгенін тебетін» жылқы мінез байқалады.

Лақап есімдердің уәжін анықтауда В.А.Никоновтың төмендегі: «В распространенных теперь лжеклассификациях «по животным», «по растениям» и т.п. имя Арслан «лев» попадает в группу «по животным». Но родители, давая имя, думали, конечно, не о льве — четвероногом млекопитающем, а хотели чтобы мальчик стал сильным и смелым, как лев. <...> Место имени Арслан — в одной семантической группе не с именами, означающим «заяц», «собака», а с именами, образованными от слов «орел», «дуб», «сталь», «богатырь» /.../ — пожелания мальчикам вырасти сильными и смелыми», — деген пікіріне сүйендік [2; 94]. *Көкжал Барақ, Қасқыр* /Бейсен/ лақап есімдері флора мен фаунаға қатысты топта емес, «қайсарлық», «батылдық» уәжі негізінде адамның ерекше қасиетін көрсететін топқа жатқызылды. Келтірілген мысалдардан «кейінгі зат атаулары бастапқы заттың негізгі не жалпы, негізгі не қосымша, ықтималды не кездейсоқ интегралсемалары арқылы байланысатынын» көруге болады. Тотемдік «Қасқыр-бабалар» (С.Ақсұңқарұлы) түркі халықтары үшін жағымды ассоциация арқылы екінші атаудың тууына негіз болатынын көреміз. «Осы тұста Күлтегін ескерткішіндегі Истемі қағанның он тайпаны біріктіретіні, көне түркілердің қасқырды қасиет (тотем) тұтып, атын атамай «бөрі», «ит-құс» дейтіні, қазақ ішінде «бөрілі» деген рудың, жер аттарының кездесетіні, тіптен кейбір рудың туына қасқырдың бейнесі салынып, ұранына айналғаны еске түседі» [9]. ЮНЕСКО сыйлығының лауреаты, журналист Кенебай Жұмаштың *Көкбөрі* бүркеншік есімін алудағы уәжі дәл осы мақсатты көздегендіктен деп айта аламыз. Сырттан таңылған *Қасқыр* лақап есіміне қарағанда, автордың саналы түрде таңдап алған *Көкбөрі* бүркеншік есімі жоғары идеяны, мақсатты көздейді. Көкбөріден тараған ұрпақтың бүгінгі мұрагері санаған автор өзіне ауыр жүк артады. Ата-баба мұрасына адалдықты сақтай отырып, оны лайықты дәрежеде сақтай білу және кейінгі ұрпаққа жеткізу міндетін алады. Мінездің өрлігін, қайсарлығын, қайтпастығын бойында сақтаған ұрпақтың өкілімін деген биіктік, асқақтық сезіледі. *Қасқыр* — бір адамның ғана мінез ерекшелігі болса, *Көкбөрі* — тұтас ұлттың идеялық ұстанымы.

Көріп отырғанымыздай, тұлға есімдері — тұнып тұрған тарих. Белгілі дәуірлерді жүзжылдық-мыңжылдықтармен өлшемей-ақ, «Әз Тәуке заманы», «Абылай заманы», «Бөгенбай-Қабанбай дәуірі» т.б. деу сақталған үрдіс. Бұлай деу тарихты жасаушы халық, оның «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан өкілдері екендігін көрсетеді. Осы жүйріктер мен тұлпарларды ұрпақтары ғасырдан ғасырға халқы қойған, елі атаған есімімен (бейресми, қосымша) жеткізеді. Есімдердің халық жадында мәңгілік сақталуы ат қою сәтіндегі уәждердің шынайы, нақ, асқан дәлдікпен таңдалғандықтан деп түсінеміз.

Прецеденттік атау туралы ғалым А.С.Әділованың: «Прецеденттік атау құрылымының орталығы, ядросы — қабылданатын прецеденттік атау инвариантының дифференциалдық белгілері, яғни бейненің сыртқы ұқсастығы мен мінез-құлықтарындағы ұқсастық, прецеденттік жағдай, ал оның перифериясында атрибуттар орналасады. Сол себептен де прецеденттік атауда жинақталған хабар қаламгерге оны өз ой елегінен өткізіп, жаңа образ жасауға мүмкіндік береді», — деген тұжырымдамасының аталған есімдерде жүзеге асатынын байқауға болады [10].

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келгенде, атау, ат қоюдың сөздік қордағы дайын тілдік бірліктерді өз орнымен, белгілі мақсатта қолданысқа түсіретін, бойында талғампаздық пен шеберлікті ұштастыратын күрделі үдеріс екендігін көреміз. Ұқсату, салыстыру арқылы екі нысанның арасындағы ортақ белгіні тани білу есім берушінің жеке таңдауы сияқты көрінгенімен, оның түп-тамырының ұлттық менталитетпен тығыз байланыста жатқанын аңғару қиын емес. Халқымыздың тарихында қосымша не лақап, бүркеншік есімдерімен қалған әл-*Фараби* /Әбу Нәсір Мұхаммад бин Мұхаммад бин Тархан бин Уздаг әл-Фараби /, *Шыңғыс* /Темүге/, *Абылай* /Әбілмансұр/, *Қабанбай* /Ерасыл/, *Абай* /Ибраһим/, *Шоқан* /Мұхамедқанафия/, *Ыбырай* /Ибраһим/, *Балуан Шолақ* /Нұрмағанбет/, *Қаныш* /Ғабдулғани/, *Күләш* /Гүлбаһрам/, *С.Шәріпов* /М.Дәулетшин/, *Ә.Тарази* /Ә.Әшімов/ т.б. есімдер бейресмилік шекарадан өтіп, ресми сипатқа ие есімдер болып табылады. Қоғам мүшелерінің когнитивтік санасында бұл топ мол ақпарат көзін иемденген энциклопедиялық есімдер болып табылады. Әбілмансұр, Ибраһим есімдері оқушы үшін Абылай, Абай есімдерінің бойындағы ақпараттың жартысын да бере алмауы мүмкін. Сол себепті де соңғы есімдер үнемі қолданыста, жаңа туған сәбилерге қойылып, ұрпақтан ұрпаққа жете бермек.

Ғасырлар бойы халық санасында сақталып келген ұлы тұлғаларымыздың есімдері осылайша прецеденттік феноменін қалыптастырып, нақты адамды, тұлғаны атаудан басқа қандай да бір ұғымды білдіріп, сол жайында ақпарат беретінін байқауға болады. Қазақ шежірелеріндегі өткен дәуірдегі тарихи тұлғалардың бейнелері туралы айта келіп, тарихшы-этнограф М.Алпысбес былайша ой қорытады: «...батырлардың ерлігі (батырлар жырында, тарихи әңгімелерде), билердің шешендігі (билер сөзінде), қариялардың шежірешілігі, даналығы (қария сөзде), хандардың рахымдылығы (төрелер туралы әңгімелерде), байлардың дархандығы, әулиелердің кереметтері (агиологиялық мифтерде), сыншылардың сыншылығы, бектердің бектігі, мырзалардың мырзалығы, сондай-ақ әншілердің, ақындардың, жыраулардың өнері, қасиеттері — осылардың барлығы, бір жағынан, ұлттың тарихи-мәдени мұрасы болғанымен, екінші жағынан, ең бастысы, негізінен, өскелең ұрпақтың қалыптасуына тәрбиелік қызмет еткен. Тарихта өткен әрбір әйгілі тұлғаның әрекеттерін оңтайлы түрде оның жарқын жағынан да, көлеңкелі тұстарынан да көрсетіп, олардың мінезінен жақсы-жаман өнегесін көрсетіп тәрбиелей білген» [11].

Тіліміздегі кісі есімдерінің бейресми түрлерінің тілдік табиғатын антропоцентристік бағытта анықтау барысында қол жеткен нәтижелер мен пайымдаулар қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттану және ономастиологиялық зерттеулердің теориялық негіздері мен принциптерін нақтылай түсуге септігін тигізетіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Верецагин М.Е., Костомаров В.Г.* Язык и культура. — М.: Рус. яз. — С. 56.
- 2 *Никонов В.А.* Имя и общество. — М.: Наука, 1974. — 276 с.
- 3 *Кенесбаев С.* Использование собственных имен в нарицательном значении // Исследования по казахскому языку. — Алма-Ата: Наука, 1987. — С. 198.
- 4 *Жанұзақов Т.* Жалпы есімдердің жалпы есімдерге, жалқылардың жалпы есімге ауысу заңдылықтары // Қазақ ономастикасы. — І-т. — Астана: Сервис, 2006. — 84-б.
- 5 *Бижкенова А.Е.* Содержательный и словообразовательный потенциалы деонимов (слов, восходящих к именам собственным). — Алматы: Ғылым, 2003. — С. 29, 30.
- 6 *Мадиева Г.Б.* Имя собственное в контексте познания. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2004. — 190 с.
- 7 *Жалайыр Қ.* Шежірелер жинағы. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 56-б.
- 8 *Жұбанова Р.* Кебенек киіп кетіп еді... // Қ.Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. — Алматы: Ғылым, 1990. — 238-б.
- 9 *Жанұзақ Т., Рысберген Қ.* Қазақ ономастикасының зерттелуі, болашағы мен жетістігі // Ономастикалық хабаршы. — 2005. — № 2(4). — 37-б.
- 10 *Әділова А.С.* Әлемдік прецеденттік атаулардың қазақ әдебиетіндегі көрінісі // Ұлттық әдебиеттегі гуманизм өнегесі: Ғыл-практ. конф. мат. — Қарағанды, 2006. — 240-б.
- 11 *Алпысбес М.* Қазақ шежірелері тарихи дерек ретінде: Тарих ғыл. д-ры ... автореф. — Алматы, 2007. — 287-б.

Ш.М.Мажитаева, С.А.Рахымберлина, Ж.Д.Рапишева

Природа прецедентных имен ономастического пространства в казахском языке

В статье рассмотрены единство языка и познания в антропоцентрическом направлении, сила слова, языковые единицы — имена людей, которые дают информацию об особенностях ментальности казахского народа как о части общечеловеческой культуры и о присущих народу жизни и быте. Авторами проанализированы явления прецедентных имен в казахской антропонимике, обращено внимание на сохранность «языковой картины мира» в языковых единицах — в прецедентных именах, которые были сформированы на основе многовековой духовно-культурной ценности народа.

Sh.M.Mazhitaeva, S.A.Rakhymberlina, Zh.D.Rapisheva

Nature of the precedent names of space onomastics in Kazakh

In article the unity of language and knowledge of the anthropocentric direction, word force, language units — names of people which give information on features of mentality of the Kazakh people as about part of universal culture and about life inherent in the people and a life is considered. Authors analyze the phenomena of case names in Kazakh антропонимике, paying attention to safety of «a language picture of the world» in language units — in case names which were created on the basis of centuries-old spiritual cultural value of the people.

References

- 1 Vereshchagin M.E., Kostomarov V.G. *Language and culture*, Moscow: Russian language, p. 56.
- 2 Nikonov V.A. *Name and society*, Moscow: Nauka, 1974, p. 276.
- 3 Kenesbayev S. *Using your own name in nominal importance. Studies in the Kazakh language*, Alma-Ata, 1987, p. 198.
- 4 Zhanuzakov T. *Kazakh onomastics, I*, Astana: Service, 2006, p. 84.
- 5 Bizhkenova A.E. *Pithy and derivational potential of Deon (words, rising to proper names)*, Almaty: Nauka, 2003, p. 308.
- 6 Madiyeva G.B. *Proper name in the context of knowledge*, Almaty: Publ. Kazakh University, 2004, p. 190.
- 7 Zhalayir K. *Genealogical collection*, Almaty: Kazakhstan, 1997, p. 56.
- 8 Zhybanova R. *K.Zhybanov and Kazakh advice language knowledge*, Almaty: Nauka, 1990, p. 238.
- 9 Zhanyzak T., Rysbergen K. *Messenger onomastics*, 2(4), 2005, p. 37.
- 10 Adilova A.S. *Humanity manifestations in the Kazakh literature: Materials of scientific and practical conference*, Karagandy, 2006, p. 240.
- 11 Alpysbes M. *Kazakh genealogical as a historical source: Avtoref. for ... Doctor of Historical Sciences*, Almaty, 2007, p. 287.

М.А.Тұрсынова, Н.Ж.Исатаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: t_marhaba@mail.ru)

Көне түркі тіліндегі сын есім жұрнақтарының қазіргі түркі тілдеріндегі қалыптасуы

Мақалада қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімнің сипатын көрсетуде көне жазбалар тіліндегі сын есімнің көрінісі сараланып, аталған мұралардағы сындық мағынаны білдіретін сөздерге, сын есімнің жұрнақтарына сипаттама берілді. Сын есімнің қазіргі түркі тілдеріндегі сипатын ашуда жеке тілдерге тән ерекшеліктер, көне түркі тілімен салыстырғандағы сабақтастық, қазіргі түркі тілдеріндегі ортақтықтар көрсетілген. Мақала авторлары бұл тұрғыдан көне түркілік сын есім жұрнақтарының түркі тілдерінде әр түрлі орнығуы, кейбір тілдің сын есім жасаудағы ерекше формаларының болуы сияқты нақты-нақты ерекшеліктерді дәлелді мысалдармен көрсеткен. Мысалдар көне жазбалардан, ал қазіргі түркі тілдеріндегі сипатын беруде қыпшақ, қарлұқ, бұлғар, оғыз, ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ тілдерінің мысалдары пайдаланылған.

Кілт сөздер: түркі тілдері, тарихи-салыстырмалы зерттеу, салыстырмалы грамматика, салыстырмалы морфология, сын есім.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сын есім мен қазіргі түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі сын есім категориясының арасында мағыналық та, тұлғалық та айырмашылық жоқ. Тек аздаған ғана фонетикалық ерекшеліктері кездеседі.

Ескерткіштерде сапалық та, қатыстық та сын есімдер, негізгі (*қызыл, қара, сарығ, көк, йашыл*) және туынды сын есімдер синтетикалық жол арқылы да (*білігсіз, ічрекі, білге*), аналитикалық әдіс арқылы (*қара көк, ақ боз, қара торы*) да жасалады.

Орхон-Енисей жазбаларында түр-түсті білдіретін негізгі сын есімдер (*ақ, қатығ, сарығ, қоңыр*) және әр түрлі өлшем атауымен, заттың нақтылы сапасымен байланысты айтылатын (*үлкен, кішіг, бай, чығай, едүг*) сын есімдер де көптеп кездеседі. Ескерткіштерде сын есімнің шырайларының қазіргі түрлері түгел кездеспейді.

-Лығ, -ліг, -луғ, -лүг, -лаг, -лег, -луқ, -лүк. Тілде *-лығ* жұрнағы зат есім тудыруда қандай қызмет етсе, сын есім тудыруда да сондай роль атқарады. Негізгі түбірге де (*йалынлығ, йемліг, кучлүг*), туынды сөздерге де, яғни жұрнақ үстіне қосақталып та (*біліглін, ыдуқлук*), жалғана береді. (*Екі үлүгі атлығ ерті — Екі бөлегі атты еді*); *-лығ, -лы* жұрнағы зат есімге жалғанып, сын есім (*тонлығ, алтунлығ, адақлық, йазуқлық, буқалы-бұқалы, сувлы-сулы, қорқунчлығ-қорқынышты* т.б), сын есімге жалғанып, зат есім жасай береді (*уяр-үлкен, уярлығ-беделді; ыдуқ-қасиетті, ыдуқлук-қасиеттілік*). Орхон-Енисей ескерткіштерінде кейде *-лығ* жұрнағымен мағыналас келіп отыратын және соның орнына ара-тұра қолданыла беретін *-лы* аффиксі көне жазбаларда қос сөздер құрамында да жұмсалып отырады: *інілі-ечілі (ағалы-інілі)*.

-Лығ, -лы аффикстері — Орхон-Енисей жазбаларында жаңадан сөз тудыруда өнімді қызмет атқаратын жұрнақтар. Қазіргі түркі тілдерінде де олар актив жұрнақтар қатарында қаралады.

-Суз, -сүз, -сыз, -сіз: *Йағысыз-жаусыз, тонсыз-киімсіз, буңсуз-мұңсыз, йолсыз-жолсыз, сувсуз-сусыз;* Орхон-Енисей ескерткіштерінде *-сыз* жұрнағы жалғанған сөздер ауыспалы мағынада да қолданылады: *білігсіз* (білімсіз, сауатсыз, надан), кергексіз (ақыры, соңы); *-сыз* жұрнағының шығу тарихын кейбір ғалымдар (Баскаков) *-са, -се, -сы, -си-мен* байланыстырса, кей ғалымдар (Гарипов) чуваш тілінде *сылу* (сыру) мағынасын беретін сыр етістігімен байланыстырады. Бірақ көптеген түркі тілдерінде *-сыз* болымсыздық ұғым беретін жұрнақ ретінде ғана танылады [1; 155].

-Ғы, -гі, -қы, -кі. Бұл жұрнақтар Орхон-Енисей жазбаларында жатыс жалғауынан кейін жалғанады. Қазіргі түркі тілдерінде де олар осындай ретпен қолданылады. Жатыс жалғауы мен *-ғы, -гі* аффиксінен біріккен құрамды *-дағы, -дегі, -тағы, -тегі* жұрнақтары мекендік мағынаны білдіреді. Бұл жұрнақтар ескерткіштерде көбінесе мекендік ұғым беретін зат есімдермен, үстеу сөздермен, сол сияқты жатыс септігінде тұрған есімдермен бірігіп, сын есімдер жасайды. Мысалы: *йердекі — жердегі, булуңдағы — бұрыштағы, көңүлтекі — көңілдегі, ічрекі — іштегі, тағдақы — таудағы, балықдақы — қаладағы, бүжүнкі — бүгінгі* т.б.

Жатыс септік формасындағы мекендік мағына беретін зат есімдер мен үстеуге жалғанып, мекендік ұғымды білдіретін сын есім жасайды: *Йердекі тамкалығ ыылқы бунсыз ерті* — Даладағы жайылып жүрген таңбалы жылқы сансыз еді; *Көңүлтекі сабымен* — Көңілдегі сөзім.

-з, -г, -қ, -к, -ығ, -ук, -үг, -ық, -ик. Бұл жұрнақтар Орхон-Енисей жазбаларында зат есімге, сын есімге де жалғанып, туынды сын есім жасайды. Ол көбінесе етістіктен сын есім жасайды да, іс-әрекет нәтижесін білдіреді: *Анта алығ адашыма анта сізіме едүг ешіме адырылтым* — Байлығымнан, мейірманды жолдастарымнан мені елім айырды; *Тамағ ыдуқ баида сүңүшідім, Күлтігін ол сүңүште отуз йашаур ерті* — Біздер қасиетті Тамағ төбеде шайқастық, ол кезде Күлтегін отыз жаста еді.

-з, -қ жұрнақтары етістікке жалғанып, сын есім жасайды: *алығ* — байлық (түбірі *ал*), *ыдуқ* — қасиет (түбірі — *ыд* — жіберу), *бедүк* — биік (түбірі — *бедү* — көбею).

-сығ, -сық, -шығ, -шіг жұрнақтары түбір сөздерге жалғанып, қатыстық сын есім жасайды: *Ачсық тосық өмезен* — Аштықта тоқтықты түсінбейсің; *Нең ыылсығ будунқа олурмадым* — Хандығымдағы халық бай емес-ті; *Ечім қаған илі қамашығ болуқынта* — Менің нағашым қағанның елі бүлікшіл болды;

-шағ жұрнағы, -чыл жұрнағы бір-ақ сөзде кездескен: *Сүчіг сабын, йымшақ ағын арып* — Тәтті сөз, асыл сый берді; *Іч йер ілкі артзун, атчыл апытутуқ йоқ* — Ішкі жерде еліктер артты, оны аулайтын атшыл (ат мінуді сүйетін) біздің елде жоқ екен.

-тег жұрнағы зат есімге жалғанып, салыстырма мәнді сын есімдер тудырады: *теңрітег* — тәңрідей, *бөрітег* — бөрідей. Бұл жұрнақтың қызметі қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер жасайтын -дай, -дей аффикстерінің қызметімен сәйкес келеді.

-ге жұрнағы етістіктерге жалғанып сын есім жасайды: *білге* — білгіш. *Білге қаған ерміш* — Білгіш қаған екен.

Көне жазба ескі-де -дем жұрнағы бір-ақ вариантта ғана кездеседі. Бұл жұрнақ есім сөздерге де, етістіктерге де жалғана береді: *Ер атым Ерен улуг ердеміг батур* — Менің атым батыр Ерен ұлық атақты батырмын. (Ердем — даңқты, түбірі — *ер*). Қазіргі түркі тілдерінде ол сөз жасаушы жұрнақ ретінде кездесе бермейді, бірақ кейбір түркі тілдерінде, мысалы, башқұрт тілінде *берзам* (бірлік), *кундам* (тіл алғыш) деген сөздер бар [1; 155–165].

Ескерткіштерде сын есімнің шырайлары ретінде салыстырмалы шырай: *ақсырақ* — ағырақ, *өкшүрек* — көбірек, *бегрек* — бегірек, *йақшырақ* — жақсырақ, *ертерек* — ертерек, *теңрітег* — тәңрідей. Күшейтпелі шырай ретінде зерттеушілер Орхон-Енисей жазбаларында, көне ұйғыр ескерткіштерінде ең *ілкі* — ең әуелгі сөзін, ал басқа ескерткіштерден күшейтпелі шырай: *анақ, қып-қызыл, көм-көк* сөздерін мысалға келтіреді [2].

М.Қашқари сөздігінде сын есім тұлғаларының бәріне бірдей тоқтала бермеген. Сын есімге тән тұлғалардың ішінен М.Қашқаридың жекелеп алып қарастыратыны — сын есімнің интенсив формалары (күшейтпелі шырай тұлғалары). М.Қашқаридың түсіндіруінше, сын есімнің күшейтпелі түрлері мынадай жолдармен жасалады: бір буынды сөздердің соңғы дыбысы *п*, *м* дыбыстарының біріне ауысады: *Көп* — көк (түрік тайпасы тілінде), *көм* — көк (оғыз тілінде). *Сарығ* сөзінің күшейтпелі түрін *сап* — сарығ сипатында айтады. Сондай-ақ бос жер, ашық жер мағынасындағы *йазы* сөзінің күшейтпелі түрі *йап* — йазы (жап-жазық). Бұл айтылғандардан шығатын екінші мәселе көп буынды сөздердің алғашқы буыны ғана қайталанатын. Қайталанған уақытта буынның соңғы дыбысы дауыссыз болса, *п*, *м* дыбыстарының біріне ауысады, егер дауысты болса *п* дыбысы үстіне буын барып қосылады. М.Қашқаридың айтуынша, күшейтпелі мәнді сын есімдер арнаулы сөздердің сын есімдермен тіркесіп келуі арқылы жасалады: *тес* — күшейтпе мән беретін қосымша (оғызша). Оғыздар домалақ нәрсе туралы айтқысы келсе *тес тегірме* дейді, бұл — доп-домалақ деген». *Тум* — мал, хайуандардың реңін айқындауда толық мән беру үшін қолданылатын сөз: *тум қара ат* (тым қара ат). *Чім* — бір нәрсенің ылғалдығын, пісіп жетілмегендігін асырып айтуда қолданылатын сөз: *чим йік ет* (тым жас ет). *Сүм* — өте, тіпті, жүдә: *Сүм сүчүк нең* (өте тәтті нәрсе) [2; 161].

Сөздікте есімдерден сын есім жасайтын қосымшалардың ішінен М.Қашқари -лығ, -ліг, -луг, -лүг аффиксіне арнайы тоқталған. Ол туралы автордың пайымдауларына мыналар жатады: 1) заттың неге, не мақсатқа арналғандығын аңғартады: *төшеглік барчын* (төсекке дайындалған жібек мата); 2) іс иесінің қасиетін, сапасын білдіреді: *бедүк қарынлығ ер* (үлкен қарынды кісі; білеклік ер (білекті, күшті адам); 3) болған істің кімге, неге қатыстылығын: *сарығлығ ер* (сары ауруына ұшыраған адам).

Есімдерден сын есім жасайтын аффикстің бірі — -чыл, -чил. Бір нәрсе үстіндегі әрекеттің ұзақ, көп болғандығын білдіру үшін сөзге -чыл қосылады. Сондықтан: *тупчыл йер* (дауылды, желді жер) тіркесіндегі жел мәніндегі *тупчыл* сөзіне -чыл қосылып желкем мәнін беретін сын есімге айналған.

Ұзақ ауырған кісіні *igчил* деу де осы қағидаға жатады. Алайда бұл жай көп таралмаған. Сөйтіп, бұл қосымша арқылы жасалған сын есімдер кең тараған емес.

Сонымен қатар сөздікте сын есім жасайтын жұрнақтарға: *-ын, -ін, -ун, -үн* (*теркін сув* — тоқтау су, балшықты су); *-қы, -кі* (*қатқы кіші* — қатты адам, ешкімге бойұнсынбайтын адам; *тұрқы нең* — тырысқан, бүріскен нәрсе); *-ығ, -ық, -іг, -уқ, -үк* (*пышығ ет* — піскен ет); *-ға, -ге* (*йорыға ат* — жорға ат). Сондай-ақ сөздікте: *Оғлақ йіліксіз, оғлан біліксіз; ұсұз кіші* — ұйқысыз кісі; *арпасыз; арқасыз; басыншақ-жасқаншақ; бағырсақ* — бауырмал. Сындық мағына беретін *ызұқ* — ұзын (ызұқ тағ); *арұқ* (арық); *озұқ ат* (жүйрік ат); *ұлық тон* (ескі тон); *ұтұн* (дөрекі); *евек* (ұшқалақ), *сарығ* (сары), *йаратты йашыл жееш* (көгілдір етіп жаратты) сөздер, сөз тіркестері бар [2; 163].

Көне қыпшақ тіліндегі ескерткіштерден сын есімнің жұрнақтары ретінде: *-ағай, -егей* (солағай-солақай, *-ғы, -гі, -қы, -кі* (*базардағы* — базардағы, *алдыкі* — алдыңғы), *-лы, -лі, -лу, -лү* (*татлы* — тәтті, *йазуқлы* — жазықты), *-сыз, -сіз, -суз, -сүз* (*тәңір ішісіз* — тәңірісісіз, *еч йамансыз* — еш жамансыз), *-ачық, -ечік* (*азачық* — өте аз, *итчүк* — кішкентай ит, *қылыччуқ* — кішкентай қылыш), *-ғақ, -гек, -қақ, -кек* (батқақ, қачқақ, тайғақ) жұрнақтарын айтуға болады [2; 230–231].

Қазіргі түркі тілдерінде сапалық сындардың күшейту тәсілдері бір-біріне ұқсайды. Есімдерге жұрнақтар қосылу арқылы қатыстық сын есім жасалады. Бұндай жасалмалы сын есімдер сапалық сын есімдер сияқты көптеген заттың сынын білдіре берместен, өзінің тектес зат есімдеріне ғана қатыстығын білдіреді. Есімдерден, басқа да сөз таптарынан жасалған сын есімдердің көпшілігі өзінің негізімен жасалу тәсілі бойынша бір-біріне ұқсас. Мысалы, *-қы, -кі, -ки, -ғы, -гі, -ги* — қазақ, қарақалпақ тілдерінде; *-қы, -ғы, -ги, -гу* — қырғыз тілінде; *-ги, -ки* — өзбек тілінде; *-қи, -қы* — ұйғыр тілінде; *-қи, -қы* — түрікмен тілінде; *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* — қазақ тілінде; *-лы, -ли* — қарақалпақ тілінде; *-луу, -лүү, -туу, -түү, -дуу, -дүү* — қырғыз тілінде; *-ли* — өзбек тілінде; *-лы, -ли* — түркімен тілінде; *-сыз, -сіз/-сиз* — жұрнақтары қазақ, қарақалпақ тілдерінде; *-сыз, -сиз, -суз, -сүз* — қырғыз тілінде; *-сиз* — өзбек, *-сиз* — ұйғыр тілінде; *-сыз, -сиз, -суз, -сүз* — түрікмен тілінде. Бұл *-сиз, -суз* жұрнағы ескі жазба ескерткіштерде, әдеби мұралар тілінде өте көп кездеседі және сол мағынасымен атқаратын қызметін дәл түрінде сақтағанын байқаймыз [3; 69].

Түркі тілдерінің тарихына қатысты *-лығ> -лы; -сыз// -сар* туралы пікірлер айтылады.

-лығ/ -лы аффиксінің көмегімен зат есімнен сын есім құралады. Берілген аффикс кейбір тілдерде бірден бастап он алты нұсқасы берілген.

Татар тілінде бұл аффикстің екі нұсқасы бар; *-лы, -ле*. Мысалы: *акыллы* — умный, *көчле* — сильный.

Башқұр тілінде төрт нұсқасы: *-лы, -ле, -ло, -лө*. Мысалы: *акыллы* — умный, *көслө* — сильный, *толопло* — имеющий тулуп, *итле* — мясистый.

Әзербайжан тілінде де бұл аффикстің төрт нұсқасы бар: *-лы, -ли, -лу, -лү*. Мысалы: *агыллы* — умный, *күчлү* — сильный, *дузлу* — соленый, *әтли* — мясистый.

Қырғыз тілінде берілген аффикстің алты фонетикалық нұсқасы берілген: *-луу, -лүү, -дуу, -дүү, -туу, -түү*. Мысалы: *акылдуу* — умный, *күчтүү* — сильный, *аттуу* — имеющий лошадь, *эгіндүү* — имеющий хлеб.

Хакас тілінде де алты түрі бар: *-лығ, -ліг, -тығ, -тіг, -нығ, -ніг*. Мысалы: *малығ* — имеющий скот, *аттығ* — имеющий лошадь.

Тува тілінде бұл аффикстің он алты фонетикалық нұсқасы бар:

-лығ, -лиг, -луг, -лүг, -тығ, -тиг, -туг, -түг, -дығ, -диг, -дуг, -дүг, -нығ, -ниг, -нуг, -нүг. Мысалы: *таглығ* — гористый, *хирлиг* — грязный, *суглуг* — водянистый.

Якут тілінде де бұл аффикстің он алты нұсқасы бар: *-лаах, -леех, -лоох, -лөөх, -таах, -тээх, -тоох, -төөх, -даах, -дээх, -доох, -дөөх, -наах, -нээх, -ноох, -нөөх*. Мысалы: *ақалаах* — имеющий отца, *дьиэлээх* — имеющий дом, *околоох* — имеющий ребенка [4].

Қазіргі түркі тілдерінде *-ғы, -гі, -қы, -кі* жұрнақтары арқылы жасалған қатыстық сын есімдер атқаратын қызметімен де, беретін мағынасымен де орхон-енисей ескерткіштеріндегімен, негізінен, ұқсас болып келеді.

Гагауз тілінде *-кы, -ки, -ку, -кү* варианттарында қолданылып, екі мағынаны білдіреді: 1) заттың сынын, уақыт, мезгілін көрсетеді: *қышқы* (түн), *бүүнкү* (жұмыс); 2) жатыс септік тұлғасында тұрған сөздерге жалғанып, мекендік мағына береді: *батыдақы* (бастағы), *аачтақы* (ағаштағы).

Қарашай-балқар тілдерінде *-қыы, -ғыы, -кыы, -ныы, -хы, -кы, -гы, -кыу, -гыу, -кю, -гю* аффикстері де сондай қызмет атқарады: *алгыынды* (бұрынғы), *арбаздагыы* (қорадағы), *қыындагы* (қыстағы), *кюзюдегі* (күздегі). Жатыс септік формасынан кейін жалғанған *-кы* жұрнағы мен *кыышкыы* сөзіндегі

-кы жұрнағының өзара фонетикалық ерекшелігі болғанмен, беретін мағынасы, атқаратын қызметі жағынан бұл екеуінің бір-бірінен айырмасы шамалы.

Бұл жұрнақтың қарақалпақ тіліндегі қолданылауынан да (-гьы, -ги, -дагьы, -деги, -тагьы, -теги) жоғарғы тілдердегіден айтарлықтай өзгерісі жоқ: *юйдеги, базардагьы, авылындагьы*.

Өзбек тілінде -ги, -ки белгілі бір уақытты не орынды білдіреді: *езги* (жазғы), *қузги* (күзгі), *ички* (ішкі): -ги (жатыс септігінің формасынан кейін келіп) заттың орның, мекенің білдіреді: *үйдеги*, сондай-ақ ол түрік тілінде -кі, -кү: шор тілінде -кы, -кі, -гы, -ги, *турунгу* (бұрынғы), *күскү* (күзгі), *артенги, қышқы, тагдагы* (таудағы), *иердагы* (жердегі), хакас тілінде -гы, -гі (түнгі): -хы, -кі: *кынтегі* (қазіргі), *голдагы* (қолдағы). Түрікмен тілінде -кы, -ки, -дакы, -дәки (ахыркы): алтай тілінде -гы, -ги, -кы, -ки: қырғыз тілінде -кы (артқы, былтыркы), азербайжан тілінде -қы, -ки, -ку, -кү варианттарында кездеседі. Соңғы айтылған тілде -ки жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде беретін екі мағынаны да білдіреді. Бірақ мекендіктен гөрі мезгілдік мағынасы бар қатыстық сын есімдерді көбірек жасайды: *индики, соңки, илки*.

Башқұрт тілінде -кы, -кі, -гы, -гі, -ке, -ге, -ко, -го, -кә, -ге сияқты форманттар пайдаланылады. Белгілі бір кесікті уақытты білдіреді: *баягы, боронго, хунгы, иртенге, көндөзге*: кеңістік, мекендік мағынаны береді: *алдыңгы, алгы, аргы, аскы, ситке, түбәнге*.

Қазіргі түркі тілдерінің бәрінде де -қы, -кі, -гы, -гі жұрнақтары біркелкі қолданылады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан -қы жұрнағының қазіргі атқаратын қызметі мен беретін мағынасының көне түркі тілдеріндегіден гөрі өзгерісі аз [5].

Түркі тілдерінде етістіктерде де толып жатқан сын есімдер жасалады. Оның үшін етістіктердің түбіріне сын есім тудыратын белгілі жұрнақтар қойылады да, етістіктің лексикалық мағынасын дәл сақтай отырып, сан алуан сындық ұғым білдіретін сөздерді жасайды. Түркі тілдерінде бұндай етістіктерден жасалған сын есімдердің көпшілігі бір-біріне ұқсас болып келеді. Солардың кейбіреулеріне тоқтап, бір-бірімен салыстырып қарайық:

-ық, -ік, -к, -қ, -ақ, -ек, жұрнақтары қазақ, қарақалпақ тілдерінде, -ық, -к қырғыз, *ик, -уқ, -қ, -к*, өзбек ұйғыр, -ақ, -ек, -к түрікмен тілдерінде етістіктің түбіріне қосылып, сын есім жасайды. Мысалдар: *қартайдық, қайғы, ойладық ұйқы сергек, Ашуың — ашыған у, ойын кермек* (қаз.); *Талчыбықтай солқулдок кези* (қырғ.); *Ул очик эчикга куз тошади* (өзб.); *Мугаллымлар жайының ачық айнасындан мектеп мудири Ефрем Василиевичиң келеси гөрүнди* (түрікм.).

-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтары қазақ пен қарақалпақ, -ма, -өзбек, -ма, -мә, ұйғыр тілдерінде етістіктерден сын есім жасауға қатынасады.

Мысалдар: *баяма* (мінез), *қынама* (бел), *қаратпа* (сөз), *жайылма* (сойсем), *көшпе* (құм) — қазақ; *бұяма* (соч), *ясама* (тиш), *қайнатма* (шурва), *ағдарма* (этик) — қырғыз, *асма* (көрүк), *тоқума* (фабрика), *бойима* (паран), *пуклима* (мултик) — ұйғыр т.б.

-шақ, -шек жұрнақтары қазақ, қарақалпақ, қырғыз (*чоқ, чақ, чиқ, чик*), өзбек (*чақ, чеқ, чуқ, чүк*), ұйғыр тілдерінде етістіктерге қосылып сын есімдер жасайды. Мысалдар: *жасқаншақ, еріншек, ұрыншақ, түртіншек* — қазақ, *ясанчук, уялчак, кизганчук, көнулчәк, еринчәк* — ұйғыр.

-қақ, -кек, -гақ, -гек жұрнақтары қазақ, қарақалпақ, -қоқ, -гөқ — өзбек, -гақ, -гәк, -қәк, -кәк — ұйғыр, -гак, -гек — түрікмен тілдерінде сын есім тудыратын жарнақтар болып есептеледі.

-у жұрнағы — қазақ, қарақалпақ, -ув түрікмен тілдерінде кейбір етістіктерге жалғанып сын есімдер жасайды. Ал басқа тілдерде -у жұрнағының орнына басқа жұрнақтар қолданылады. Сондықтан -у жұрнағы өзбек, ұйғыр, түрікмен тілдері үшін қазақ, қарақалпақ тілдеріндегі сияқты емес.

Өзбек тілінде *оқу* — уқимоқ арқылы беріледі де, оның сын есім тудыратын жұрнағы -иш — болып келеді: *уқиш*.

Түрікмен тілінде *оқу* — оқамак болып айтылса да, *оқув* *кітабы* деп жазылады [3; 80].

-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес жұрнақтары қазақ тілінде, -лас, -лес қарақалпақ, -лаш, -даш, -деш қырғыз тілдерінде есім сөздерге қосылып, олардың бірдей, тең мағынада екендігін білдіреді.

-дай, -дей, -тай, -тей жұрнағы қазақ, қарақалпақ тілдерінде, -дай, -дей, -тай, -тей, -той, -дой, -дөй, -дей қырғыз тілдерінде есім сөздерге қосылып, салыстыру, ұқсату мағынасын білдіретін сын есім жасайды.

-шаң, -шең жұрнақтары қазақ, қарақалпақ тілдерінде -чанг, өзбек тілінде зат есімдерге қосылып, сын есім жасайды. Бірақ өзбек тілінде бұл жұрнақтың өрісі қазақ тіліндегідей кең емес, тек қана санаулы сөздерге қосылады.

-ки, -қи, -аки, -и жұрнақтары қосылып, есімдерден туынды сын есім жасайды: *пистаки, тушаки, қалбаки* т.б. Сол сияқты түрікмен тілінде де -қы, -ки жұрнақтарының жәрдемімен туынды сын есім жасала береді: *гайрақы, илерки* т. б.

Қазақ тілінде -қой, -гой жұрнақтары зат есімдерге қосылып, сындық мағынаға ие болатын жаңа сын есім тудырады: *кәсіпқой, төбелесқой, жанжалқой, жеңісқой* т.б. [3; 81].

Чуваш тілінде сапалы сын есім теңестіру дәрежесінде, дәреже келесі түрде құрылады: а) -ча, -чат, -вер, -сем, күшейтпелі бөліктердің көмегі арқылы; ә) *инсе-инсе, кан-канак* редупликациялық түбірдің бөлігі және толық жолы арқылы; б) *пуринчен лайах* — бәрінен жақсы анықтағыш есімдік арқылы.

Аффикстің ішінде қолданылатыны мыналар: түбірлері -ла (-ле) болатын сын есімнен құрылған түбірлер: *хаюлла* — ержүрек, *тирпейле* — тиянақты; -сар, (-сер): *хаюсар* — қорқақ, *тирпейсер* — тиянақсыз; -хи: *ирхи* — таңғы, *ыранхи* — ертенгі; түбірі етістіктен құрылатын; -чак (-чек) *мухтанчак* — мақтаншақ, *именчек* — ұялшақ; -ак (-ек): *харак* — құрғақ, *серек* — шірік.

Якут тілінің сын есімі басқа түрік тілінің және семантикалық сын есімдерге қарағанда зат есімге қарағанда морфологиялық нақты шектелген. Біріншіге қарағанда олар интенсивті түрмен өзгешеленеді, ал екіншіге қарағанда олар пысықтауыш ретінде қолданылмайды.

Ежелгі түрдегідей сын есімнің келесі аффикстерімен қолданылады: -ык: *төгүрік* — домалақ; -х: *мөлтөх* — әлсіз; -қас: *қуттақас* — қорқақ; -ыган: этиген — сөзшең (*эт* — сөйлеу); -ымтыа: *умайымтыа* — жанармай [6].

Бұлардан басқа етістіктерден сын есім тудырушы жұрнақтар аз емес, бірақ солардың көпшілігі әрбір тілдің халық тілі болып қалыптасу дәуірінде үлкен өзгеріске ұшырағанды немесе әр тіл өздерінің ішкі мүмкіншіліктерінен пайдаланып өзіне тән жұрнақтарды жасап шығарған, басқа генетикалық байланысы жоқ болса да, мәдениет, экономика т.б. қатынастар арқылы біршама сөздерді де, сонымен қоса олардың жұрнақтарын да қабылдағаны сезіледі. Жалпы алғанда, басқа тілдерден сөздерді қабылдаса да, қосымшаларды қабылдау өте сирек, қабылданған көпшілік сөздер де сол тілдің ырқына еніп, сол тілдің қосымшаларын қосып алады. Етістіктерден есім жасаушы жұрнақтар жөнінде де осыны айтуымыз мүмкін. Дегенмен тілдің мүмкіншілігі шексіз сияқты, ол өзінің өмір жолында өзгеріп, дамып, байып барады. Бұған салыстырылған тілдер мысал бола алады.

Демек, сын есімдер ескі уақыттардан бері қалыптасқан, зат есімдердің түр-түсін, сапасын, салмаған әр түрлі қасиетін анықтайтын, өзіне тән шырай категориясы бар сөз табы болып есептеледі.

Түркі тілдердің барлығына ортақ сапалық сын есімдер деп аталатын негізгі сын есімдер өздерінің табиғаты бойынша заттың сан түрлі сыр-сипатын білдіреді. Бұндай сапалық сын есімдер салыстырылған тілдерде лексикалық-семантикалық мағыналармен атқаратын қызметі бойынша бір-біріне ұқсас екендігі сезіледі.

Түркі тілдерінің кейбіреулерінде басқа тілдерден сын есімдер де келіп кірген, кейін сіңісіп, олардың өз сөзіне айналған. Ал ол сөздердің басқа тілден кіргендігі, түркі тілдерінің басқасында жоқ екенінен сезіледі. Өйткені түркі тектес сөздердің қайсысы болса да көбіне ортақ, бірінде жоғалса, басқаларында сақталады. Бұған мысал етіп өзбек тілін келтіруге болады.

Қазақ тіліндегі сын есімдер мағыналық жағынан зат есімдермен ұштасса, мәні мен қызметі жағынан есімшелердің, кейде үстеулердің кейбір топтарымен жалғасып жатады. Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен байланысы бірыңғай формалардың тілдің даму барысында әрі есімше, әрі сын есім, кейде үстеу ретінде қалыптасады. Мысалы: *көк* — түс аты, *аспан* — есімше тұлғасы, сын есім; -қы: *шайқы* — зат есім; -қыш: *тұтқыш* — зат есім, *тапқыш* — сын есім. Түркі тілдеріндегі сын есімдердің бір ерекшелігі — оларды басқа сөз таптарынан ерекшелейтін, басы ашық тек қана «сын есімдерге тән» деп қарауға болатындай морфологиялық тұлғалардың өте аздығы. Айталық, қазақ тіліндегі сын есім жасайтын қосымша -лы түп негізі жағынан -лық қосымшасының тарихи варианты. Ал -лық көне түркі тілінің өзінде таза сын есім жасайтын қосымша болмағаны мәлім, сын есімнің шырай түрлерін жасайды деп есептелетін тұлғалардың қалыптасуы тіл дамуының кейінгі дәуірлерінде болса керек. Бұлардың бәрі сын есімдер деп аталатын грамматикалық топ түркілердің негізгі тілі құрамына қатысты деп тұжырымдауға дәлел болмайды. Сын есімдердің басқа топтарынан семантикалық және грамматикалық жағынан жіктелуі, өз алдына топ ретінде оқшаулануы тілдің даму барысында орныққан құбылыс болса керек.

Түркі тілдері құрамында сын есімдер екі түрлі жолмен қалыптасқан: есімдердің контексте қолданылу барысында сын есімге айналуы; есімдердің басқа топтарынан оқшаулана морфологиялық жүйенің қалыптасуы.

Сын есімдердің қалыптасуы есім тұлғаларының әуелгі анықтауыштық қызметке ие болып, соның нәтижесінде сындық мән алып, тұрақталуына негізделеді. Бұл жолмен жасалғандарға қазіргі тіліміздегі негізгі сын есімдердің көпшілігі жатады, яғни қазіргі түркі тілдерінің барлығында кейбір фонетикалық өзгерістерімен қолданылатын *көк, қара, қызыл, жасыл, сары жас, кәрі* т.б. сын есімдер осы жолмен қалыптасқан. Бұл сөздердің арғы негізі әр түрлі есім де, етістік те болуы мүмкін. Айталық, *қара* сөзі зат есім мәнін де, етістік мәнін де білдіреді: *қара көрінді, маған қарады*.

Сонымен, осы айтылғандардан шығатын қорытынды: негізгі сын есімдер о баста әр түрлі есім тұлғалардың қолданысы негізінде қалыптасқан. Жоғарғы фактілерден байқалып отырғандай, трансформация жолымен түбір сөздер ғана емес, туынды түбірлерде де сын есімге айналған. Негізгі түбірлер сапалық сын есімдерге ұйытқы болса, туынды түбірлер көбінесе қатыстық сын есімдердің негізін қалады. Туынды түбірлер негізінде қалыптасқан сын есімдердің едәуір тобы қазіргі тілде шырай қосымшаларын қабылдамайды.

Ал, сын есімдер жасаудың екінші жолы — оларды басқа сөздер тобынан ерекшелейтін морфологиялық жүйенің қалыптасуы — туынды есім түбірлердің трансформация жолымен сын есімге айналуына негізделсе керек. Туынды түбірлердің текст құрамында қолданылу барысында сындық мән алып, орнығуы олардың форманттарының сын есімдік мән туғызу тәсілдері ретінде қайта ұғынылуына жағдай жасады. Осы жолмен есімдерден сын есім жасайтын *-лы* және *-лық*, етістіктерден сын есім жасайтын *-қын*, *-ар*, *-қыр* т.б. аффикстер құралған, сын есім жасаудың морфологиялық жүйесі қалыптасты.

Қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімдерді морфологиялық тұрғыдан екі топқа бөліп қарастыру қалыптасты. Ондай топтар: негізгі сын есімдер мен туынды сын есімдер. Негізгі сын есімдер тобында әдетте бүгінгі тіл құрамында бөліп қарауға келмейтін, түбір ретінде ұғынылатын сөздер жатады да, туынды сын есімдерге қосымшалар арқылы басқа сөз таптарынан (есімдер мен етістіктерден) жасалған сын есімдер жатады.

Негізгі сын есімдер: *ақ, қара, көк, қызыл, сары, ала, жақсы, зор, үлкен, кіші, тегіс, бай* сияқты сөздер барлық түркі тілдерінде айтылады (әрине, әр тілдің немесе тілдер тобының өздеріне тән фонетикалық ерекшеліктеріне сай). Негізгі сын есімдердің едәуір тобы, әсіресе түр-түсті білдіретін сын есімдер бүгінгі түркі тілдерінде кейбір фонетикалық ерекшеліктерімен түгел қайталанып отырады. Мысалы: *ала*; ноғай: *ала*; ұйғыр: *ала*; алтай: *ала*; түрікмен, әзербайжан: *ала* т.б. Сол сияқты заттың ерекшелігін білдіретін сөздер түркі тілдерінің барлығына дерлік тән, мысалы: *жаңа, көк*; казак: *жаңа*; ноғай: *йаңы*; құмық: *йаны*; ұйғыр: *йени*; түрік: *йени*; әзербайжан: *йени*; чуваш: *дәжині*; казак, ұйғыр, қарақалпақ: *көк*; түрік: *гөк*; татар: *күк*; якут: *күрк*; чуваш: *кывак*; түрікмен: *гөөк* т.б. Сонымен бірге негізгі сын есімдердің кейбір түрлері, әсіресе заттың әр түрлі сапалық ерекшеліктерін білдіретін сын есімдер жеке тілдердің қалыптасу, даму ерекшеліктеріне лайық өзгеше болып отырады: бұл жерде, әсіресе чуваш тілін еске алу керек. Мысалы, чуваш: *ваты* — қарт, қария; *вими* — ұсақ, майда; *хырақ, хырах* — жалғыз, *лутака* — аласа, домалақ. Бұл ұғымдар көпшілік түркі тілдерінде басқа сөздер арқылы беріледі. Чуваштық эквиваленттер басқа түркі тілдері мен чуваш тілінің арасында белгілі дыбыс сәйкестіктеріне жатпайды, чуваш тілінің өзіндік дамуының нәтижесі болып табылады [7].

Сонымен қатар, сөздік қордың басқа саласы сияқты, сын есімдер тобы да басқа тілдермен байланыс арқылы толығып отырады. Чуваш тіліндегі *лытқы* — тыныш, *лутра* — аласа, *янкар* — шірік, *шулятра* — үлкен т.б. толып жатқан сын есімдер, өзбек тіліне араб, парсы тілінен енген сын есімдер т.б. осы жол арқылы қалыптасқандар.

Туынды сын есім жасайтын аффикстердің бірі және осы қызметте ең жиі қолданылатын *-лық*, *-лік*. Бұл аффикске қатысты ескеретін бір жай — көне, ескі түркі тілдеріндегі бұл аффикс көбіне *-лығ* сипатында айтылады да, әрі зат есім, әрі сын есім жасаған. Бұл аффикстің *-лық* варианттарының қалыптасуы — фонетикалық өзгерістерінің нәтижесі [1].

Сапалық сын есімдердің қатарындағы сөздердің біразы тарихи жағынан туынды түбірлер де, түбір мен қосымшаның жігі ажырамастай бірігіп кеткен. Мысалы, *қызыл, жасыл, ұзын, үлкен* тәрізді сөздер *қызғылт, жасқылтым, ұзар, ұзақ, үлкейген, үлкею* сияқты туынды сөздермен тарихи тұрғыдан түбірлес екені даусыз [8].

Мұндай аффикстердің ұяластығы бүгінгі тіл құрамында қолданылу ерекшеліктерінен байқалады. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі *-лы* орнына *-лық* немесе керісінше қолданылу кездеседі: *аудандық жер, ауданды жер*.

Қазіргі түркі тілдерінде *-лық* және *-лы* affикстері арқылы жаңа сөз тудыру қатыстық сын есімдер жасалуының ең өнімді тәсілдері болып табылады. Тува: *даштыг* (тасты), *даглыг* (таулы), *суглыг* (сулы); өзбек: *құрқничили* (қорқынышты); хакас: *маллыг* (малды), *тонныг* (тонды, киімді); башқұрт: *ишли* (етті). Осы тұлғалас қатыстық сын есімдердің қазіргі түркі тілдеріндегі семантикасы мен қолданысы көбіне ыңғайлас болады да, тілдер бұл жөнінде бір-бірінен пәлендей оқшау құбылыс байқатпайды.

Дегенмен, қазіргі кейбір тілдерде бұл тұлғалы сын есімдердің өзгеше қолданысы да (көне түркі тілімен салыстырғанда) байқалады: *-лы*, *-лық* тұлғалы сын есімдер кісінің ұлт, мекенге қатыстылық мәнін білдіреді. Мысалы, қарашай: *қытайлы* (қытайлық), оруслы (ресейлік), *қарачайлы* (қарашай, қарашайлық); түрік: *Истанбуллы* (стамбулдық); түрікмен: *Морылы* (Морайлық); өзбек: *Самарканли* (Самарқандық) т.б. Мұндай қолданыс — *-лы*, *-лық* тұлғалы сын есімдердің семантикалық дамуының нәтижесі. Түрікмен, ұйғыр тілдерінде осы мәнде *-лақ*, *-лек* affиксі де қолданылады: *ітлек* (етті), *музлақ* (мұзды). Якут тілінде осы мәнде *-тах*, *-тэх* affикстері айтылады: *аттах* (атты), *оголох* (ұлды).

Қатыстық сын есім жасайтын affикстердің бірі *-шақ*, *-шек*, *-чан*, *-чен*, *-ча*. Бұндай тұлғалы сөздер белгілі бір іске, әрекетке, әдетке ыңғайлылықты, икемділікті білдіреді. Қазақ: *бойшаң*; алтай: *соғуишчан* (төбелесшіл, ұрысқақ); татар: *талайчән* (талайшыл); өзбек: *сузчан* (сөзшен) т.б. Қазақ тілінде, тағы басқа тілдерде бұл мәнде *-қақ*, *-кек* affикстері айтылады (*ұрысқақ*). Бұл айтылғандардан басқа есім түбірлерден сын есім жасайтын affикстер мыналар: *-қы*, *-кі*: *қысқы*, *жазғы*; әзербайжан: *ахшамыха* (ақшам уақытындағы, кешкі); түрік: *сабаһқы* (ертеңгі), чуваш: *сурки* (көктемгі); тува: *часқы* (көктемгі) т.б. *-дақы*, *-декі* жоғарыдағы affикс пен жатыс жалғау қосымшасынан құралған: *ауылдағы*, *үйдегі*; түрік: *чирдегі* (жердегі) т.б. Қазіргі түркі тілдері құрамында сын есім жасайтын affикстердің саны едәуір. Бірақ олардың көпшілігі, жоғарыда айтылғандардан басқалары, өнімсіз, азын-аулақ сөздер құрамында ғана кездеседі. Мысалы, *-ғай* affиксі қазақ тілінде *қапсағай* тәрізді бірен-саран сөздің құрамында ұшырайды. Ал, татар тілінде айтылатын *-лач*, *-леч* affикстері (*итләч* — етті, *йыплач* — жүндес) қазақ тілінде атымен кездеспейді. Немесе қарашай-балкар, түрік тілдеріндегі *-ман* (ақылман, қараман), алтай тіліндегі *-сыг* (дашсығ-тас сияқты), қазақ тіліндегі *-гөй* (ақылгөй) тәрізді affикстер көбіне аталған тілдерде және бірен-саран сөздер құрамында айтылады. Сондай-ақ жеке affикстердің белгілі бір тілдер құрамында қолданылу дәрежесі де бірдей болып келмейді. Мысалы, қазақ тілінде *-ман* affиксі сын есім жасамайды, ал қарашай-балкар, түрік тілдерінде сын есім жасайтын affикстер қатарына жатады. Сол сияқты *-сақ* affиксі қазақ тілінде кейбір есімдерге қосылып, субъектіні басқалардан ерекшелейтін қылық-мінезге үйірлігін білдіретін сын есімдер жасайды: *сусақ*, *малсақ* т.б. Бірақ *шай*, *айыр*, *балық* т.б. есім сөздерге жалғанбайды, яғни сондай зат есімдерден сын есім жасамайды. Басқа сөзбен айтқанда, мұндай қолданыс қазақ тілінде норма емес, ал алтай тілінде *арақызақ* (арақ құмар), *ұйқұзақ* (ұйқышыл); тува тілінде *айунзақ* (ойынға құмар), *чайымсақ* (шайқұмар), *балығымсах* (балыққа құмар), якут тілінде *этімсех* (етке құмар, етқұмар) т.б. Қазақ тілінде мұндай жағдайда *-шыл*, *-қор*, *-құмар* тәрізді қосымшаларды қолданар еді. Қолданысқа байланысты мұндай ерекшеліктер көбіне әдеби тілдің даму ерекшеліктерімен ұштасып жатады.

Ақ, *қара*, *сары*, *көк*, *сұр*, *биік*, *үлкен*, *аласа*, *жылы*, *жұқа*, *қалың*, *тік*, *ірі*, *кіші* сияқты сапалық сын есімдерді алсақ, қазіргі кезде олардың қай-қайсысы болса да, тиісті морфемаларға бөлшектенбейтін түбір сөздер есебінде қабылданып, ежелден келе жатқан негізгі сын есімдер ретінде түсініледі. Ал, туынды *бойшаң*, *алғыр*, *білгір*, *өткір*, *ашпалы*, *жаппалы*, *қалалық*, *ауылдық*, *сөзшен*, *сөзуар* сияқты қатыстық сын есімдерді алсақ, олардың бәрі де тиісті түбірлер мен жұрнақтарға мүшеленетін туынды сөздер есебінде қабылданып, белгілі қосымшалар арқылы жасалған туынды сын есімдер екені аңғарылып тұрады.

Сөйтіп, сын есімдерді морфемалық құрамдарына қарай, негізгі сын есімдер және туынды сын есімдер деп бөлуге болады. Бірақ оларды осылайша жіктеу шартты нәрсе екенін есте ұстау қажет, өйткені қазіргі кезде негізгі сын деп жүрген сөздердің көпшілігінің төркінін талдап қарағанымызда, туынды сындар болып келеді. Мысалы: *тұнық*, *суық*, *сұйық*, *сирек*, *тілік*, *сергек* сияқты сындар бастапқы *тұн*, *суы*, *ары*, *сире*, *тіл*, *сергі* деген етістіктерден туған. Сондай-ақ *ащы*, *тұщы* сияқты сындардың әуелгі формасы *ашты*, *тұшты* дегендер болған да, кейін белгілі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, бөлінбейтін түбір сөздерге айналып кеткен. Ал, *толы*, *пісі*, *кіші* сындары да бастапқы *толық*, *пісік*, *кішік* деген формалардан ықшамдалған, *кебу* (отын) сияқты сындар да *кеп*, *кебік* деген етістіктерден туған. Әрине, мұның бәрі бір күнде емес, замандар бойы тілдің грамматикалық

құрылысы мен негізгі сөздік қорының қарым-қатынасынан туып, тілдің даму заңына лайық бірте-бірте қалыптасқан және сол заң бойынша орныққан.

Тіл-тілдегі сөздердің семантикалық жақтарында жалпылық та, ұқсастық та, тіпті пара-парлық та бола береді, өйткені сөздің семантикасы ойлау категориясымен тікелей байланысты болады; ойлау қабілеті арқасында ақиқат өмірдегі құбылыстардың бәрі де адамның ойлау елегінен өтіп қабылданады. Ал тілдің грамматикалық құрылысын алсақ, оның сипаты бұлай емес. Жүйелері басқа-басқа тілдер былай тұрсын, шыққан төркіні бір, туыстас тілдердің өздерінің де грамматикалық құрылыстарында өздеріне ғана тән ерекшеліктері бола береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. — Алматы, 1976. — 239 б.
- 2 Айдаров Ф., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. — Алматы, 1971. — 272 б.
- 3 Нұрмаханова Ә. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1971. — 288 б.
- 4 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. II. Морфология. — М.: Изд. АН СССР, 1956. — С. 145–150.
- 5 Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 57-б.
- 6 Языки мира. Тюркские языки. — Бишкек: Кыргызстан, 1997. — С. 410.
- 7 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. — М.: Наука, 1988. — С. 41.
- 8 Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002. — 461-б.

М.А.Турсунова, Н.Ж.Исатаева

Формирование суффиксов имени прилагательного древнетюркского языка в современных тюркских языках

В статье рассмотрено имя прилагательное древнетюркского языка в сравнении с именем прилагательным современного тюркского языка, показаны сходство и расхождения. На основе конкретных примеров проанализированы суффиксы имени прилагательного, особенности образования имени прилагательных в разных языках. Примеры приведены из древних рукописей, а в характеристике современных тюркских языков использованы примеры кипчакского, киргизского, карлукского, уйгур-огузского, киргиз-кипчакских языков.

M.A.Tursunova, N.Zh.Isataeva

Formation of suffixes of an adjectives to the ancient turkic languages and his development in modern Turkishes

In article the adjective of drevnetyurksky language in comparison with an adjective of modern Turkic language is considered. In the description of character of an adjective in modern Turkic language features of property of language, relationship between drevnetyurksky language, and also similarity and divergences between drevnetyurksky and modern Turkic language are specified. On the basis of concrete examples suffixes of an adjective, feature of forms of different languages in formation of an adjective are analyzed. Examples are given from ancient manuscripts, and in the characteristic of modern Turkic languages examples of kipchaksky, Kyrgyz, karluksky, Uyghur-oguzsky, Kyrgyz-kipchaksky languages are used.

References

- 1 Esenculov A. *Completion old turkic monuments*, Almaty, 1976, 239 p.
- 2 Aydarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. *Eski Türk dili yazılı anıtlar*, Almaty, 1971, 272 p.
- 3 Nurmakhanova A. *Türk dillerinin karşılaştırmalı dilbilgisi*, Almaty: Mektep, 1971, 288 p.
- 4 *Researches on comparative grammar of turkic languages. Part second: Morphology*, Moscow: Publ. AH the USSR, 1956, p. 145–150.
- 5 Tomanov M. *Türk dillerinin karşılaştırmalı dilbilgisi*, Almaty: Publ. Kazak Üniversitesi, 1992, p. 57.

- 6 *Languages of the world. Turkic languages*, Bishkek: Kyrgyzstan, 1997, p. 410.
- 7 *Comparatively-historical grammar of turkic languages: Morphology*, Moscow: Nauka, 1988, p. 41.
- 8 *Kazakh grammar*, Astana, 2002, p. 461.

ӘОЖ 81'

Ж.Д.Рапишева, С.Ә.Рахымберлина, Ж.Ж.Ибраимова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: r_zhanat@mail.ru)

Халықаралық терминдердің қазіргі қазақ тілінде берілу тәсілдері мен жолдары

Мақалада бірнеше тілдерге ортақ саналатын халықаралық терминдердің басқа да тілдерге қабылдану тәжірибелері қарастырылды. Мақала авторлары қазіргі кезеңдегі халықаралық терминдерінің белгілі дәрежеде қалыптаса бастағанын, оларды аудару барысында қазақ сөздері кеңінен қолданылғанын, сондай-ақ араб-парсы, орыс терминдерінің қолданылу ерекшеліктерін нақты мысалдармен көрсетті.

Кілт сөздер: термин, терминологиялық лексика, кірме термин, халықаралық термин, мемлекеттік тіл, аудару, қалыптастыру, тұрақтандыру.

XXI ғасырдың тез өзгеріп жатқан өмір ағысында әрбір индивид өзінің кәсіби біліктілігі арқылы, белгілі бір арнайы тілдің, басқаша айтқанда, ғылым саласының иесі ретінде танылады. Бұл білім беру саласында терминдердің мәнін дұрыс түсіндіру, олардың табиғатын тану мәселесін өзектендіреді.

Терминология — ақпарат көзі, сонымен бірге терминология — лексиканың сыртқы өзгерістерге тез бейімделетін, онымен тығыз байланысты бөлігі. Терминологиядан қоғамдағы тарихи өзгерістердің кезеңдерін, себептерін, өркениеттердің тегін, тілдің мәдени, ғылыми, техникалық әлеуетін тануға болады.

Ғылыми ұғымды жеткізетін терминдер ұлттық та, ұлтаралық та, халықаралық та бола алады. Терминологияда қолданылатын термин сөздердің көпшілігі шығу тегі жағынан халықаралық немесе бірнеше тілдерге ортақ болып келеді.

XX ғасырдың 50–70-жылдары аралығында қазақ тілінің терминдер жүйесі қалыптастырылды, реттелді, бұл тармақ әсіресе практикалық тұрғыдан біршама тиянақталды деген тұжырым жасалған болатын және бұған дәйек ретінде қазақ терминологиясының 70–80 пайызын кірме, яғни интернационалдық (халықаралық), терминдер құрайтындығы көрсетілген еді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болу үшін терминдеріміздің құрамы сандық қатынасы жағынан керісінше, яғни тіліміздегі терминдердің 70–80 пайызы қазақтың төл сөздері болу керек те, қалған 20–30 пайызы кірме сөздер болуы керек дейді терминология мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалымдар, терминолог-мамандар. Бұл 20–30 пайыз бөтен сөздер тіліміздің сөздік құрамы мен құрылысын, бірегейлігін бұза алмайды.

Біздің терминологиямыздың басым бөлігі шет тілдерінің сөздері болып кетуі — ұлт тілінің ғылым саласында қолданылмауы салдарынан салалық мамандардың термин шығармашылығымен айналысудан гөрі өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдауға дағдыланғандығынан деп тұжырымдайды кейбір зерттеушілер. Сондықтан да мемлекеттік тілді ғылым мен техниканың сан түрлі саласында қолданып, термин шығармашылығында іске қосудағы салалық мамандардың рөлі ерекше. Дәлірек айтқанда, бұл солардың қолындағы іс. Бірақ салалық мамандардың барлығы бірдей терминге қойылатын талаптарды, терминологиялық жүйенің ерекшеліктерін, терминдерді тілдік тұрғыдан реттеуді біле бермейді. Сондықтан терминтану ғылымының тіл білімімен тікелей байланыстылығынан немесе оның тіл білімінің негізінде қалыптасатындығынан болса керек, әлемдік тәжірибеде белгілі бір саланың терминдерін жасап, оларды іштей жүйелеуге ерекше үлес қосқан салалық мамандардың барлығына қарамастан, терминологиялық жұмыстарды жүргізіп (оның ішінде терминтану теориясын), терминтанудың түрлі мәселелерін зерттеген терминологтар, негізінен, тіл мамандары болып келеді [1].

Халықаралық терминдердің тілімізге ену кезеңі — Алаш зиялыларының өмір сүрген кезеңінен басталады. Бұл кезең терминология жөніндегі ой-пікірлердің құндылығымен ерекшеленеді. Алаш зиялыларының көсемі А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар тобы халықаралық терминдердің тілімізге енуі, қабылдануы және олардың қолданысы жайлы өз пікірлерін айтып кеткен. Бұл кезеңнің қоғам үшін, біздің ұлт тіліміз үшін маңызды бағыттарының бірі — зиялы қауымның жат сөздерді тіліміздің заңдылығына сәйкестендіріп қабылдауы болатын.

Алайда 1910–1930 жылдар аралығында қазақ зиялыларының қаламынан туындап, кейін қолданылмай қалған терминдердің барлығы болмаса да, басым көпшілігі негізсіз шеттетілген. Ондай терминдердің бір тобы өткенімізді саралап қарай бастаған соңғы жылдары араға 70–80 жыл уақыт салып барып қайта қолданысқа енгізіліп, терминқорымыздан орын алып жатыр. Мәселен, қазір Н.Қаратышқанұлының сөздігінде берілген *салым* (вклад), *әдіс* (метод), *әдістеме* (методика), *кеңес* (совет), *жасақ* (отряд), *жанартау* (вулкан) сияқты атаулар еш өзгеріссіз сол қалпында алынып, ресми бекітілген терминдеріміз ретінде кеңінен қолданылып жүр. Сондай-ақ онда кездескен кейбір терминдер *бәсекешілік* (конкуренция), қазір *бәсекелестік* түрінде, *әкім* (администрация) қазір *администратор* сөзінің баламасы ретінде, *қаттама* (ведомость) *протокол*, *жарнама* (объявление) *реклама* терминдерінің баламасы ретінде азды-көпті мағыналық немесе тұлғалық өзгерістермен терминқорымызға қосылды [2].

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді «жат сөздер», «кірме сөздер», «бұратана сөздер», «бөгде сөздер», «котыр сөздер», «бұралқы сөздер» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдады. Нәзір Төреқұлұлы «Жат сөздер» деген кітап жазса, Қошке Кемеңгерұлы «Қотыр сөздер» деген мақала жазды [3].

Өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды бөтенсініп жат, кірме, бөгде, котыр, бұралқы, бұратана деген анықтауыштармен беру тіл тұтынушыларының, зиялылардың бұл сөздерге деген сол кезеңдегі көзқарасын білдіреді. Ал 30-жылдардан бастап бұл атауларға «интернационалдық терминдер», «халықаралық терминдер» деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса айта бастадық дейді Ш.Құрманбайұлы [4].

Жалпы тіл білімі деңгейінде «халықаралық» деп аталғанымен, ол терминдердің латын, грек, ағылшын, неміс, француз сияқты т.б. тілдік ықпалы басым тілдерден жасалғаны белгілі. «Халықаралық» терминдер мәселесі қазақ терминологиясында соңғы уақыттар еншісінде пайда болған мәселе емес, XIX ғасырдың соңына — XX ғасыр бастау алып, толық шешімін таппай келе жатқан мәселеге жатады.

Терминтануда осы терминқорды *халықаралықтандыруға* қарсы *деинтернационализация* деген процесс те бар. Бұл — бұрын тарихи, саяси-экономикалық немесе басқа да жағдайларға байланысты өзге тілдерден дайын терминдерді шектен тыс көп қабылдап келген халықтардың сол халықаралық терминдердің орнын өз тілдерінің сөздерімен жаппай алмастыру үдерісі. Мұндай құбылыс әдетте қабылдаушы тілдердің иесі болып табылатын халықтың ғылым-білімі, экономикасы дамып, ұлттық мемлекеттің негізі нығая бастаған уақытта басталады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде бізде де бұл құбылыс пайда бола бастады. Ұлттық мемлекетіміздің сипаты мен тіліміздің қоғам өмірінде алып отырған орнына, яғни елдегі тілдік ахуалға сәйкес «деинтернационализация» үдерісі бізде өте әлсіз, мардымсыз түрде жүріп жатқаны байқалады [5].

Тіліміздегі өзге тілдік **(кірме) терминдердің** көпшілігі орыс тілі арқылы қабылданған грек, латын т.б. тілдердің сөздері де, қалған бөлігі араб, парсы және орыс сөздері болып табылады. Мысалы, **латын тілінен:** *бейімделу* — *аккомодация*, *кемсіту* — *дискриминация*, *үдеме* — *градация* т.т.; **грек тілінен:** *қолтаңба* — *автограф*, *кезең*, *мезгіл* — *период*, *ақсүйек* — *аристократ* т.т.; **ағылшын тілінен:** *сұхбат* — *интервью*, *көшбасшы* — *лидер* т.т.; **неміс тілінен:** *сауыт*, *қап* — *футляр*, *азат жол* — *абзац*, *бедел* — *авторитет* т.т.; **француз тілінен:** *ырғақ*, *әуез* — *тембр*, *сән* — *декор*, *шумақ* — *куплет*, *таңдаулы* — *элита* т.т.; **араб-парсы тілдерінен:** *құран*, *мешіт*, *қажы*, *халифат*, *хадис*, *шахмат*, *шах*, *медресе* тәрізді сөздер енген.

Өз тілімізде баламалары қалыптасқан халықаралық ұғымдар да кездеседі: *оратор* — *шешен*, *диск* — *табақша*, *колорит* — *реңк*, *орация* — *қошемет*, *гонорар* — *қаламақы* т.б., басқа тілдің сөздерін қазақ тілінің дыбысталу заңдылықтарына сәйкестендіріп жазып қабылдаған терминдер де баршылық: *мрамор* — *мәрмәр*, *артист* — *әртіс*, *роль* — *рөл*, *номер* — *нөмір* т.б. Халықаралық мәндегі терминдердің тілімізге көптеп енгендігін қашанда мерзімді басылымдардан, басқа да ақпарат

көздерінен байқаймыз. Олардың бірқатары ұлт тіліндегі терминдерге мән беріліп жатқан кезеңде сол қалпында қазақ тіліне аударылып, қалыптасып үлгерсе, бірқатарының екі сыңары да қолданылып, үшіншілері сол шет тілінен енген нұсқасында қолданылып жүр. Мысалы, *композитор* — *сазгер*, *мелодия* — *әуен*, *презентация* — *тұсаукесер*, *мода* — *сән*, *музей* — *мұражай*, *статуя* — *мүсін*; *аранжировщик* — *аранжировкасын жасаушы, өңдеуші*; *реставрация* — *қайта өңдеу*, *қалпына келтіру*; *шедевр* — *жауһар, үздік туынды*; *ирония* — *кекесін, тәлкек*; *дикция* — *айқын сөз, мақам*; *лимит* — *шек, меже*; *реплика* — *қағытпа, ілікпе сөз*; *пафос* — *шаттық, шабыт*; *рубин* — *лағыл, лал*; *трафарет* — *үлгі, таптауырындық*; *дирижер*, *нота*, *натюрморт*, *амфитеатр*, *трилогия*, *драма*, *ария*, *экран*, *цирк*, *балет*, *жанр*, *роль*, *соната* т.б.

Орысша, қазақша қолданып жүрген *терапевт* сөзін чехтар *интэрниста*, француздар *жэ́нэрали́ст*, испандар *тэ́рапэута* дейді. Француздың *ширюржьен* дегені, итальянның *кирурго* дегені біздің тағы бір халықаралық терминіміз *хирург* екенін мықтап есте сақтасаңыз, медициналық қызмет ертерек көрсетіліп, шипаны ертерек қабылдайтын боласыз. Ресейліктер мен қазақстандықтардың *журнал* дегенін Францияда *ревю*, Италияда — *ривиста*, Испанияда — *ррэбистас*, Чехияда *часописи* дейді екен [6].

Тілімізге шетел терминдерінің икемделіп қалыптасуына көптеген факторлардың әсері бар. Бұқаралық ақпарат құралдары, оқулықтар, оқу құралдары т.б. терминдерді қалыптастыруда рөлі басым. Бірақ соңғы кезеңдерге дейін қазақ тілінде жазылған нұсқалардың қалыптаспай келгендігін байқауға болады, мәселен, *Пекін*, *дискі*, *зауыт*, *Жапон* т.т.

Термин қалыптастыру, оны ұлт тіліндегі тілдік бірліктермен алмастыру ісіне мақсатты түрде кірісу, оны қабылдауға саналы түрде ұмтылу — қазіргі терминология жағдайында ғана емес, тіл жағдайында да маңызды іс болмақ. Қазіргі таңда кеңсе іс жүргізу тілі болып бірнеше ғасыр бойында қалыптастыру үдерісінен өткен орыс тілінің *донор* — «нәрлендіруші» тіл де, қазақ тілінің *реципиент* — қабылдаушы тіл болып отырғандығы да халықаралық терминдердің аударылу, қолданылу барысына әсер етуде. Дәлірек айтсақ, қазақ тілінің іс жүргізу терминологиясы *резолуция*, *печать*, *командировка*, *заседание*, *совещание*, *удостоверение*, *оформление*, *выписка*, *рассылка*, *отправка* тәрізді орыс тіліндегі дәстүрлі кеңсе ұғымдарына тілімізден *бұрыштама*, *мөр*, *мөртабан*, *іссапар*, *отырыс*, *кеңес*, *қуәлік*, *рәсімдеу*, *үзінді*, *жіберілім*, *жөнелтілім* және т.б. баламаларды табумен бірге, осы тіл арқылы шет тілдерінен соңғы жылдары енген *импичмент*, *инаугурация*, *имидж*, *презентация*, *рейтинг*, *маркетинг*, *мониторинг*, *брокер* және т.б. жүздеген терминдік атаулар орын алуда. Басты міндет — осы терминдік ағынды дұрыс арнаға бағыттап, жүйелеп, сұрыптап қажетімізге жарату болса керек. Тіліміз өзіндік бір терминологиялық «бумды» бастан кешіріп отырған сәтте кірме терминдерді қазақшалау, оларға балама табу ісінде әлі де ақсап жатқан тұстарымыз жоқ емес дейді зерттеушілер.

Жалпы орыс тілінің терминдік қатары кемшілігінің екі көзі бар [7]. Бүгінде орыс тілі термині аталып, оның ғылыми-әлеуметтік өмірінде белсенді қолданылып жүрген сөздердің төрттен үшінші арғы тегі шетелдік екені және олардың орыс тіліне қандай да бір жүйемен емес, бірін-бірі қайталай, бейберекет өткені, әлі де өтіп отырғаны белгілі. Бұл жайт аталмыш терминдер жүйесінде омонимдік, көпмағыналық, мағыналасық құбылыстарының жасанды, орынсыз түрлерін туғызып, терминдік қатарды көбейтіп, оның ауқымы туралы жаңсақ түсінік қалыптастырып отыр. Мәселен, орыс тілінде *лук* — 1. қару; 2. өсімдік; *Брак* — 1. неке; 2. жарамсыз; *Бар* — 1. кіші ресторан; 2. әуелік қысым бірлігі; 3. машина бөлігі; 4. өзен жағасындағы көшпелі құм сияқты кірме сөз есебінен түзілген омонимдер өте көп. Мұндағы *бар* сөзі қазақ тіліне өтсе, ондағы *идти* (*иди*) және *имеется* деген мағыналарға қосылып, омонимдік мағына саны алтыға жетеді.

Орыс тіліне таңдаусыз еніп келген шетел сөздері мен түбір буындарының бірнеше мағыналары да жетерлік. Мысалы, сөз соңында келетін *-пат* буыны 1. ауру түрін (*невропат*, *психопат*), 2. дәрігер атын (*гомеопат*, *аллопат*); *-ит* буыны болса, 1. адамды (*одессит*), 2. ауру түрін (*бронхит*), 3. минералды (*малахит*), 4. төменгі тотықты (*сульфит*) білдіреді екен. Осы сияқты грек тілінен өткен *зоос*, *биос* буындарының екеуі де *өмір* дегенді білдіреді. Сондай-ақ шетел сөздерінің тура мағынасы терминдік мағынасынан көп жағдайда тым алшақ жататындығы да белгілі. Мысалы, Д.С.Лотте *идиома* — *тілді* (испан) және *тіл ерекшелігін* (орыс), ал *вианда* — *тамақты* (исп.) және *етті* (орыс) білдіретінін айта келіп, бұндай сөздерді «ложные друзья переводчика» деп атайды. Біз шартты түрде қабылдап, бір мағынада қолданып жүрген сөздердің бастапқы тілде басқа мағынаны білдіру жайы да көптеп кездеседі. Мысалы, *смена*, *митинг*, *салют*, *кулуар*, *реализация*, *комплимент*, *линия*, *дистанция*, *адрес*, *интеллигент*, *дирижер*, *марш* сияқты сөздердің бастапқы мағыналары басқа

екендігі кейбір зерттеулерде айтылып жүр. Орыс тілінде шетел сөздері айрықша, әмбебаптық айналысқа түсуіне байланысты, бір сөздің өзі, аралары алыс, әр саланың әр түрлі түсініктерін беру жайы кейбір терминдерді неше сала болса, сонша мағыналы еткен деуге болады. Мысалы, *зона, фигура, кран, фаза, фон, агрегат, дисперсия* сияқты әмбебап терминдерді сөзбе-сөз аудармай, мағыналарына жіктеп, дербес сөзбен белгілеу керек. Мағыналары әрқалай ұғымдық белгіге негізделгенімен, орыс тілі жүйесі бойынша бір сөзбен аталған терминдерді де, сол орыс тіліндегі қалыбы бойынша бір сөзбен емес, мағынасына қарай бөле қазақшалау керек. Айталық, *зона* — 1. *белдем* (геол.), 2. *аймақ* (метал.); *Бухта* — 1. *орам* (метал.), 2. *қойнау* (геогр.) болып әр сөзбен аталуы тиіс [8].

Біраз уақыт бір термин түрліше аударылып, әр сөздікте, әр түрлі деңгейдегі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрліше қолданылып келді. Мысалы: *консенсус* — *бәтуә, мәмле, келісім жалпы пікір*; *баланс* — *дәрегей, теңгерім* — *шегерім, шегерме, кеміту, жеңілдік*; *спонсор* — *демеуші, мияткер, қолдаушы*; *вклад* — *салым, аманат ақша*; *доход* — *кіріс, табыс*; *ценная бумага* — *құнды қағаз*; *бағалы қағаз, приоритет* — *артықшылық, басымдылық, басым бағыт*; *семья* — *отбасы, жанұя* т.б.

Мұндай жарыспалылықты кез келген арнаулы салада кездестіруге болады. Олардың ішінде терминкомның ресми бекіткеніне қарамастан, бірізді қолданылмай жүргендері де бар. Сондай-ақ көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламалары бола тұра, тұрақты қолданылмайды немесе бұрынғысынша шет тілдеріндегі нұсқалары жарыса қолданылып жатады. Мысалы: *элеует (потенциал), мәртебе (статус), көлік (транспорт), мәтін (текст), сынып (класс)* тәрізді терминдерді осы топқа жатқызуға болады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері қазақ тілінің тарихында да үлкен маңызды өзгерістер, оқиғалар, жаңалықтар болып жатыр. Бұл кезеңге тән ерекшеліктердің бірі араб тілінен енген сөздердің қайтадан жанданып, терминдік қасиетке ие бола бастауы. Сонау Қазан төңкерісіне дейін қолданыста болып, кейін орыс сөздеріне ығысып орын берген шығыс элементтері қайтадан оралып, тілден орын ала бастады. Оның мысалы ретінде қазіргі қазақ терминдерінің жүйесіндегі мынадай жаңарған терминдерді келтірейік: *класс* — *сынып*, *процент* — *пайыз*, *аудитория* — *дәрісхана*, *лектор* — *дәріскер*, *текст* — *мәтін*, *архив* — *мұрағат*, *виза* — *руқсатнама*, *автобиография* — *өмірбаян*, *таможня* — *кеден*, *информация* — *ақпарат*, *алфавит* — *әліпби*, *коллектив* — *ұжым*, *компетенция* — *құзырет*, *конфискация* — *тәркілеу*, *шкала* — *шәкіл*, *космос* — *ғарыш*, *проблема* — *мәселе*, *юстиция* — *әділет* және т.б. Бұл тілдік құбылыстың себебі ұлттың «жаны», «рухы» болып табылатын тілдегі мұндай өзгерістердің санадағы өзгерістермен, санадағы жаңғырумен байланысты екендігі сөзсіз. Біраз уақытқа дейін жарыса қолданылып келген мұндай бірліктердің тегі араб, парсылық болып табылатын қазақша баламаларын қолдану қатаң нормаға айналды.

Термин мағынасының ұғынықтылығы (прозрачность термина) мен тұлғасы таныстығы ғылым-білімді игеру кезінде ғана емес, оның ұзақ уақыт есте сақталуына, оңайлықпен ұмытылмауына да себеп болады. Мәселенің бұл қырына мән бермеу үлкен қателік [9].

Терминнің ақпараттық табиғатын тану үшін олардың арнаулы ұғымдардың атауы және сол арнаулы ақпаратты жеткізудің құралы екенін естен шығармауымыз керек. Қазіргі ақпараттар тасқынына төтеп беру, оларды уақытылы қорытып, ғылым мен техника жаңалықтарының тілден көрініс табуын жүйелі түрде жүзеге асырып отыру оңай емес.

Қазақ тілінің мүмкіндіктерін барынша пайдалану әлемнің әр түкпірінен құйылып жатқан ақпарат ағынымен қазақ қауымын қамтамасыз етер тілдік жүйе жасаудың басты жолы болып табылады. Сондықтан халықаралық термин деп жүрген латын тілінде айтылатын атауларды талғамсыз тілімізге енгізе салу ұлттық ұғымға сай терминдік атаулардың дүниетанымдық рөліне нұқсан келтірері даусыз.

Жалпы кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі — ұлттық тіл, екіншісі — өзге халықтардың тілдері. Зерттеушілер алғашқысын терминжасамның ішкі көзі, ал кейінгісін сыртқы көзі деп атайды. Бұл көздердің термин шығармашылығында пайдаланылуы — ғылым-білімнің даму деңгейіне, ұлт тілінің қоғам өмірінде алатын орнына тікелей байланысты. Дегенмен, қазақ терминологиясының даму тарихына үңілетін болсақ, оның жасалуы мен қалыптасуына тілден тыс факторлар әсерінің басым болғандығы анық.

Ғылыми терминологиясы дамыған тілдердің (ондай тілдердің қатарына дүние жүзінің 60 тілі кіреді) қатарына қосылу үшін бізге терминдерді реттеу, жүйелеу, стандарттау сияқты міндеттерді шешу керек [10].

Бүгінгі таңдағы ғаламдану барысында қазақ халқы ағылшын тілді мемлекеттермен экономикалық, саяси, мәдени байланысын күшейтуге тырысуда. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі кірме сөздердің саны артып бара жатқаны баршаға мәлім. Қолданысымызға көптеп еніп жатқан ағылшын сөздері мен сөз тіркестерінің тіліміздегі игерілуі мен зерттелуі сөз ауысу үдерісінен қалыс қалып келеді. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыратын, кірме сөздердің қабылдаушы тілдегі үйлесу жолдарын, әдіс-тәсілдерін, атқаратын қызметін әлі де зерттей түсу керек деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. — Астана: Ер-Дәулет, 2007. — 6-б.
- 2 Кенжемұратова С.К. Халықаралық терминдердің қазақ тіліне ену кезеңі // Ғылыми мақалалар жинағы. — Астана, 2005. — 12–15-б.
- 3 Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910–1930 жылдар). — Алматы: Ел-шежіре, 2008. — 18-б.
- 4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. — 96-б.
- 5 Құрманбайұлы Ш. Терминтану. — Алматы: Атлас, 2006. — 24-б.
- 6 Иванов В. Терминология и заимствования в современном китайском языке. — М., 1983. — С. 63.
- 7 Айтбаев Ә. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). — Алматы: Рауан, 1997. — 89-б.
- 8 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. — Алматы, 2005. — 25-б.
- 9 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. — М., 1989. — С. 99.
- 10 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.tilbilimi.kz

Ж.Д.Рапишева, С.А.Рахымберлина, Ж.Ж.Ибраимова

Способы передачи интернациональных терминов в современном казахском языке

В статье рассмотрены вопросы заимствования интернациональных — общих для несколько языков — терминов в казахский язык. Авторы статьи на конкретных примерах показали способы образования и пути передачи интернациональных терминов в современном казахском языке. Проанализировав переводы интернациональных терминов на казахский язык, выяснили, что активно используются казахские слова, а также русские слова и слова арабско-персидского происхождения.

Zh.D.Rapisheva, S.A.Rakhymberlina, Zh.Zh.Ibraimova

Ways of transfer of international terms in modern Kazakh language

In article questions of loan international — the general for some languages — terms in the Kazakh language are considered. Authors of article on concrete examples show ways of education and a way of transfer of international terms in modern Kazakh language. Analyzing the translations of international terms on the Kazakh language found out that the Kazakh words, and also the Russian words and words of the Arab-Persian origin are actively used.

Referenses

- 1 Kurmanbayuly Sh. *Posobiye of the terminologist*, Astana: Er-Daulet, 2007, p. 6.
- 2 Kenzhemuratova S.K. *Collection of scientific articles*, Astana, 2005, p. 12–15.
- 3 Kurmanbayuly Sh. *Alash and terminovedeniye* (Kazakh terminology of the beginning of the XX century. 1910–1930 years), Almaty: El-shezhire, 2008, p. 18.
- 4 Kurmanbayuly Sh. *Scientific rules of development of the Kazakh terminology*, Almaty: Sozdik-Slovar, 2004, p. 24.
- 5 Kurmanbayuly Sh. *Thermins basics*, Almaty: Atlas, 2006, p. 24.
- 6 Ivanov V. *Terminologiya and loans in modern Chinese*, Moscow, 1983, p. 63.
- 7 Aytbayev O. *Kazakh word (Bases of the Kazakh terminology)*, Almaty: Rauan, 1997, p. 89.
- 8 Kurmanbayuly Sh. *Ways of education and sources of formation of terms*, Almaty, 2005, p. 25.
- 9 Superanskaya A.V., Podolskaya N.V., Vasilyeva N.V. *General terminologiya: Theory questions*, Moscow, 1989, p. 99.
- 10 [ER]. Access mode: www.tilbilimi.kz

Г.Х.Әбдірахманова, Б.А.Қалиев, А.С.Жарылғапова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: anar_11.82@mail.ru)***Профессор Т.Р.Қордабаев еңбектеріндегі тіл білімінің кейбір мәселелері**

Мақалада белгілі тілтанушы, ғалым Төлеубай Рақымжанұлы Қордабаевтың қазақ тіл білімінің көптеген өзекті мәселелерін көтеріп, ғылымға қосқан үлесін дәлелдейтін еңбектеріне шолу жасалды. Қазақ тілі, тіл тарихы, графика мен орфография, тіл білімінің басқа да мәселелері бойынша пікірлері, тұжырымдары, теориялық зерттеулері мен іргелі еңбектері сөз болды. Мақала авторлары ғалымның әр кезеңде шыққан ғылыми басылымдарындағы тың, соны тұжырымдарының қазақ тіл білімінің, оның кейбір салаларының дамуына қаншалықты маңызы болғандығын дәлелдеуге талпынды.

Кілт сөздер: зерттеуші, тіл білімі, қазақ тіл білімі, морфология, синтаксис, грамматика, грамматикалық категориялар, шақ категориясы, сөйлем, құрмалас сөйлем, мәтін, күрделі синтаксистік тұтастық.

Академик Р.Нұрғалидің сөзімен айтатын болсақ, «ғылыммен таза академиялық тұрғыдан айналысқандардың» қатарында саналатын профессор Т.Р.Қордабаевтың есімі көпшілікке мәлім. Тілтанудың қай саласында болсын өз сөзін айтқан ғалым екеніне артында қалған еңбектері дәлел. Атап айтатын болсақ, тілдің жалпы теориясы, тілді оқыту мәселелері, қазақ тілінің морфологиясы, қазақ тілінің синтаксисі, қазақ тілінің және әдеби тілдің тарихы, түркітану және қазақ тіл білімінің тарихы сияқты мәселелермен айналысқан зерттеушінің мол мұрасы бүгінде ғылым игілігіне қызмет етуін жалғастыруда.

Ғалымның алғашқы ізденістерінің нәтижесі қазақ тіліндегі етістіктің шақтары туралы кандидаттық диссертациясы болып табылады. Кандидаттық диссертация негізінде жазылған «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» [1] атты монографиясында Т.Р.Қордабаев қазақ тіліндегі шақ категорияларын жан-жақты талдап, етістік шақтарының жіктелуін ұсынады. Жалпы етістік қазақ тілінде ауқымды, күрделі сөз табы болғандықтан, оның проблемалық мәселелері де аз емес. Сондықтан ғалым еңбегінде етістік етістік екендігін көрсететін грамматикалық көрсеткіштерді сипаттай келе, жалпы категория, грамматикалық категория дегендерді түсіндіреді. Етістіктің ең басты белгісі — сөйлемде іс-әрекетті білдіруі болса, оның келесі белгісі — шақтық қасиеттің етістіктің табиғатына қаншалықты қатысы бар екендігінде дегенді айта келіп, «шақ категориясы — етістікке тән категория. Ол етістікті басқа сөз таптарынан бөліп көрсететін басты белгінің бірі. Ал етістіктің жаққа бөлінуі немесе жақталуы етістік біткеннің барлығына ортақ қасиет бола алмайды» [1; 40] деп қорытады.

Етістіктің сөз табы ретінде табиғаты өте күрделі. Себебі ол іс-әрекетті білдіретін сөздерден ғана емес, есім сөз таптарына түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы да жасалады. Ал егер етістік не баяндауыш есім сөздерден болса, шақ мәселесі қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан ғалым «қазақ тіліндегі шақ категориясы етістікке, дәлірек айтқанда, етістік баяндауыштарға тән категория деп қарауымыз керек» [1; 39] деп нақтылай түседі. Осылайша кейбір ғалымдардың айтуындағы қазақ тіліндегі есім баяндауыштар да шақты білдіретініне қарсылық білдіреді.

Профессор Т.Р.Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» атты еңбегіндегі пікірлері мен тұжырымдарын қорытындылай келгенде, етістік шақтарының жіктелуі кестесінде берілген етістік шақтары мен оның өзіндік түрлерінің «Қазақ грамматикасында» [2] берілген етістік шақтары түрлерінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екендігін байқауға болады. Екеуінде де етістіктер үш шаққа бөлінген (*осы шақ, келер шақ және өткен шақ*), бірақ шақ түрлерінің іштей жіктелуі барысында кейбір түрлері басқа терминмен (мәселен, *жалпы осы шақ, айғақты/айғақсыз өткен шақ, сенімді/сенімсіз келер шақ*) аталғанын айта кету керек.

Зерттеуші Т.Т.Пірімбетовтің айтуынша, соңғы жіктеу бұрын-соңды зерттеулердің іріктеліп, сұрыпталып, бұл жайында айтылған ой-пікірлердің қорытындысы болса, жарты ғасырдан астам уақыт бұрын жасалған профессор Т.Р.Қордабаевтың шақтық жіктелу кестесі жалпы етістіктерді грамматикалық көрсеткіштеріне қарай емес, контекстік мағынаға сүйенудің нәтижесінде пайда

болған. Сондықтан автор етістіктің шақ категориясына арналған бұл еңбегінде «контекстік мағынасыз шақ мәселесін сөз етудің қажеті жоқ» екенін ескертіп отырады [3].

XX ғасырдың 60-жылдары Т.Р.Қордабаев синтаксис саласында талмай еңбек етіп, 1961 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис» [4] атты оқулықтың құрмалас сөйлем бөлімінің авторы болады. Құрмалас сөйлемнің көптеген мәселелерінен хабар беретін бұл зерттеу кейін толықтырылып, үш рет басылған. Еңбекте құрмалас сөйлемді классификациялап, оның компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдерін айқындап береді. Ғалымның сөзімен айтсақ, «салаластың, сабақтастың әр түрінің қалай жасалатыны, қандай тәсілдер арқылы құрмаласатыны нақты тілдік фактілер негізінде қарастырылған». Бұған дейін төртке бөлініп келген салаласты зерттеуші сегіз мағыналық топқа *мезгілдес салалас, қарсылықты салалас, себеп-салдар салалас, талғаулы салалас, түсіндірмелі салалас, кезектес салалас, салыстырмалы салалас, шартты салалас* деп бөліп, жасалу жолдарына қарай жалғаулықты-жалғаулықсыз деп топтайды [4; 79, 80]. Сабақтас құрмалас сөйлемнің де өзіндік белгілерін нақтылап, компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдерін көрсетеді. Сабақтас құрмалас компоненттерін байланыстырудағы етістіктің көсемше, шартты рай, есімше тұлғаларының қызметін ерекше атап, ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Синтаксистің «мәтін», «күрделі синтаксистік тұтастық» деген бірліктерін қазақ тілінде алғаш атап, оларды зерттеу мәселесін көтерген ғалымның «Тарихи синтаксис мәселелері» деген еңбегі болатын [5]. Егер зерттеуші құрмалас сөйлем мен синтаксис теориясымен түбегейлі айналыспаса, синтаксистік тұтастыққа өз көзқарасын білдірмеген болар еді, оны зерттеуге ден қоймаған болар еді, оның тілдік фактор ретінде кездесетініне де назар аудармаған болар еді. Демек, бұл жаңалықты ғалымның бірнеше жылдық ізденістерінің жемісі, ғылыми нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Қазақ тілінде күрделі синтаксистік шумақтар проза жанрында да, поэзия жанрында да кездесетінін Абай өлеңдерінің, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қобыланды батыр» жырларының материалында дәлелдейді. Бұл пікірдің дұрыстығын кейінгі толқын зерттеушілерінің, тілші ғалымдардың еңбектері дәлелдеп отыр. М.Серғалиевтің пайымдауынша, Т.Қордабаев «синтаксистік күрделі бірлік» деген атауды ұсынған. Бірақ қазіргі кезде «синтаксистік тұтастық» деген терминнің қалыптасып, тұрақтағандығы баршамызға белгілі.

Ғалымның XV–XIX ғасырлар материалдары арқылы, әсіресе «Жамиғ-ат тауарих» пен «Шежіре түрк» тарихи шығармалар негізінде *септік жалғаулар синтаксисі, демеулер синтаксисі, жалғаулықтар синтаксисі* деп саралауы өз уақытында соны жаңалық болғаны сөзсіз. Қазірде де бұл мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ деуге әбден болады. Себебі аталған салалар кем дегенде екі тілдік бірлікті байланыстырудың басты амалдары болып табылады. Қазіргі уақытта құрмалас сөйлемнің мағыналық топтары барынша жетілді, дамиды, құрмалас сөйлем бөліктеріндегі интонациялық жік, оны салаластыру және сабақтастыру, жеке шылаулар мен баяндауыш тұлғаларының қызметі де біршама нақтыланды. Қалай дегенде де, олардың барлығы өз бастауын Т.Қордабаевтың еңбектерінен алады.

Профессор Т.Қордабаев қоғамның өзгеруіне қарай тіл салаларының да өзгеретінін айта келе, «тілдің синтаксистік құрылысы онша өзгерімпаз құбылыс емес. Тіл фактілері оның ұзақ жасайтын тұрақты категория екендігін байқатады» дейді [5]. Бұл салада да ғалымның сіңірген еңбегі зор екендігіне тағы да көз жеткіздік.

1966 жылы жарық көрген «Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі» атты монографиясында жазба ескерткіштер тілінде құрмалас сөйлемдердің жай сөйлемдерге қарағанда сирек кездесетінін айтып, оларды құрмаластың салалас және сабақтас түрлеріне топтастырады. Олардың жасалу жолдарын, мағыналық қатынастарын ажыратып, қазіргі кездегі құрмалас сөйлем түрлерімен салыстырып, ұқсастық-айырмашылықтарын көрсетеді [6]. Монографиялық зерттеуді құрмалас сөйлемнің қалыптасу және даму жолдарын қарастыру барысында өзіндік орны бар еңбек деп бағалауға негіз бар.

Өткен дәуірлердің бір кезеңінде жазылып қалған материал тілінің қазіргі тілімізге сай келмеуі табиғи құбылыс екендігін айта отырып, қазіргі әдеби тіліміз тұрғысынан алғанда жат көрінетін, бірақ ертеректегі жазбаларымызда жиі қолданылған көне формалардың, көне шылаулардың, синтаксистік көне конструкциялардың басқа түркі тілдерімен қатар бір кездегі қазақ тілі үшін де өз элементі, өз тумасы болуы әбден ықтимал деп жорамалдайды. Автор қазіргі қазақ тілінде қолданылатын *мәселенки, егерки, мінеки, кәнеки, бәлки* сияқты сөз соңындағы *-ки* көне жазуларда жиі кездесетін сабақтастырушы жалғаулығының қалдығы екенін, *болашақ, келешек, барашақ, берешек* дегендердегі *-ашақ, -ешек* қосымшалары көне жазбалардағы *-ажағ, -ежег* дегендердің өзгерген түрі екенін, көне

жазуларда жиі кездесетін *-ық, -ік* қосымшалары да «*Ұлық болсаң, кішік бол*» деген сияқты конструкцияларда әлі де болса кездесетінін дәлелдей отырып, бұны қазақтың жазба тілінің, әдеби тілінің қалыптасу тарихындағы бір кезеңі, бір дәуірі екендігін ескеруіміз тарих үшін де, тіліміз үшін де маңызды деп қорытындылайды.

Осы тұста ғалымның әдеби тілдің, қазақтың әдеби тілінің тарихына арналған мақалалары мен зерттеулері де өз алдына арнайы сөз етуді қажет ететінін ескертеміз. Олар жайында басқа мақаламызда кеңінен айтылғандықтан, бұл жерде Т.Қордабаевтың графика мен орфографияға қатысты ойын келтіруді жөн көрдік. Жазуымыз қандай әліппеге негізделуі керек деген мәселе бойынша «кириллицаға негізделген қазіргі әліппеміздің өзі халықтарды орыстандырудың бір әрекеті екені рас. Бірақ халқымыздың мәдени тарихында қолданылған төрт түрлі әліппенің төртеуі де («А.Байтұрсынов реформалаған араб графикасына негізделген жазу», «Құлпытасқа түскен ізінен басқа ештеңесі жоқ көне түркі әліппесі», «Есіңнен тандыраулық кереметі бар латын әліппесі» және кириллица) қазақ халқы үшін де, басқа түркі халықтары үшін де бұрыннан болған жазуларға негізделген туынды әліппелер. Түркі халықтары, олардың ішінде қазақтар да ол әліппелерді өз тілдерінің дыбыстық жүйелеріне лайықтап қолданды. Сондықтан әліппе таңдауда оның шыққан тегін басшылыққа алу — адасқандық» дей келе, «жарты ғасырдан астам уақыт бойында мәдени, рухани өміріміздің барлық санасына әбден сіңісіп, берік орныққан, халқымызды жаппай сауаттылыққа жетілдірудің, ғылым, білімімізді, әдебиетіміз бен өнерімізді дамытудың ең тиімді де сенімді құралы болып келе жатқан жазуымызды өзгерте салу оңай шаруа еместігін» ескертеді. Өйткені «қазіргі әліппемізбен жарық көрген ұшан-теңіз тарихи, мәдени, ғылыми мұраларымыздан болашақ ұрпақтарымызды тағы да, үшінші рет, мақұрым қалдырмаймыз ма? Үшінші рет халықты сауатсыздыққа душар етпейміз бе?» деген сауалдар арқылы бүгінде өзекті де өткір мәселелердің қатарында тұрған әліпбиді өзгерту/өзгертпеу туралы мәселеге өз көзқарасын білдіреді.

Тағы бір соны, тың туынды ретінде 1975 жылы жарық көрген «Тілдің структуралық элементтері» [7] атты зерттеуінде ғалымның сөйлемнің тиянақты ойды емес, жеке ойды білдіретіні туралы пікірі өз дәлелін тапқан.

Өз зерттеулерінде ғалым А.Байтұрсыновты ерекше өнеге тұтқан: «Ахаң еңбектерінсіз ғылымымыз тарихы туралы мәнді бірдеңе айту жалғандық болар еді» деп Ахмет Байтұрсынов тағылымын тарқатып отырады [8]. Өйткені құрмалас сөйлемдерді мағыналық саралау алғашқы тілтанымпаз А.Байтұрсынов ілімінде болғаны сөзсіз. Т.Қордабаев та ұлы ғұлама тілтанушы А.Байтұрсыновтың құрмалас сөйлем түрлеріне қатысты тұжырымдарына сүйенеді.

Сонымен қатар Т.Қордабаев қазақ тіл білімінің ғылым ретінде қалыптасу, даму жолында еңбек еткен, құнды зерттеулерімен із қалдырған ғалымдардың бірі. 1991 жылы жарық көрген «Қазақ тіл білімінің мәселелері» еңбегі 1995 жылы толықтырылып, өңделіп «Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары» деген атпен шығады. Бұл еңбектерде ғалым тілдің грамматикалық құрылысына, оның ішінде морфологияға қатысты мәселелерді жеке қарастырады. Тіліміздегі сөздерді топтастыру мен таптастырудағы ұстанымдар мен заңдылықтарды анықтау — морфологияның басты мәселелерінің бірі екені анық. Т.Қордабаев та осы мәселеге қатысты ғылыми еңбектерге шолу жасай отырып, сөз таптары деген мәселенің А.Байтұрсыновтың 1914 жылғы «Тіл құралы» еңбегінен бастау алатынын айтады. Қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлуді грамматика мен грамматикалық категорияларға қатысты жалпы лингвистикалық мәселелер тұрғысынан шешу қажеттілігін ескертеді [9].

Т.Қордабаевтың тұжырымдауынша, қазақ тілін зерттеген түрколог-ғалымдардың ешқайсысы бұл кезеңде, біріншіден, сөздерді таптарға бөлуде қандай принциптерге сүйену керектігін сөз еткен жоқ; екіншіден, олардың барлығы да қазіргі терминология бойынша шылау сөз деп аталып, бір ғана топқа жатқызылып жүргендерді *союз, послелог, частица* деп үш түрлі сөз табы ретінде қарайды; үшіншіден, олардың барлығы да сөз таптарының атын атап, төрт-бес мысал келтіруден, әр сөз табына тән морфологиялық кейбір формаларды атаудан ұзамады.

Қазіргі грамматикамызда сөздерді таптарға бөліп топтастыру, яғни сөз таптарының лексика-грамматикалық қызметі жағынан жіктелуі біршама жүйеленіп, бір негізге түсірілген. Дегенмен әлі де шешімін таппаған даулы мәселелер жоқ емес. Ғалымның «тіл грамматикасының сыры ешқашан да таусылмайды, ол толық ашылып саркылмайды да. Оның алды ашық, сыры терең. Тіл грамматикасын зерттеудің ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа созыла, жалғаса беретіні де сондықтан» [9; 94] деуі тілдің үнемі даму үстінде болатын құбылыс екендігін дәлелдей түссе керек.

Қазақ тіл білімі саласында қомақты еңбек еткен ірі тұлға, профессор Т.Р.Қордабаевтың лингвистикалық мұрасының аз ғана бөлігіне шолу жасау барысында оларда қарастырылған

мәселелердің ғылым үшін маңызын терең түсіне отырып, бүгінде де өзектілігін жоғалтпағанын, жалғасын тауып зерттеліп жатқанын айтқымыз келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қордабаев Т.Р. Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы. — Алматы: Қазақ мемл. оқу-пед. баспасы, 1953.
- 2 Қазақ грамматикасы. — Астана: Елорда, 2002. — 122-б.
- 3 Пірімбетов Т.Т. Шақ категориясы (Т.Р.Қордабаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі шақ категориясы» еңбегі негізінде). — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 69, 70-б.
- 4 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. — Алматы: Мектеп, 1966. — 176 б.
- 5 Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. — Алматы, 1964. — 19-б.
- 6 Қордабаев Т. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. — Алматы, 1966. — 19-б.
- 7 Қордабаев Т. Тілдің структуралық элементтері. — Алматы, 1975.
- 8 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. — Алматы: Рауан, 1991. — 4-б.
- 9 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. — Алматы: Рауан, 1995. — 175-б.

Г.Х.Абдрахманова, Б.А.Қалиев, А.С.Жарылғапова

Некоторые вопросы языкознания в трудах профессора Т.Р.Кордабаева

В статье дан обзор научным исследованиям известного ученого лингвиста Төлеубая Рахимжановича Кордабаева. Своими исследованиями ученый внес значительный вклад в развитие языкознания и, в частности, казахского языкознания. Его труды посвящены вопросам морфологии, синтаксиса, исторического синтаксиса, графики и орфографии, истории казахского литературного языка, а также многим проблемам грамматики. Авторами статьи проанализированы фундаментальные исследования и монографии профессора, отмечена их научность и новизна.

G.H.Abdrakhmanova, B.A.Kaliev, A.S.Zharylgapova

Some questions of linguistics in works of professor T.R.Kordabayev

In article the review is given to scientific researches and works of the known scientific linguist Toleubaya Rakhimzhanovich Kordabayev. The researches the scientist made the significant contribution to development of linguistics and the Kazakh linguistics. Its works are devoted to questions of morphology, syntax, historical syntax, graphics and spelling, history of the Kazakh literary language, and also many problems of grammar. Authors of article analyze basic researches and monographs of professor, emphasize their scientific character and novelty.

References

- 1 Kordabayev T.R. *Category of time in the Kazakh language*, Almaty: Kazakh state educational and pedagogical publ. house, 1953.
- 2 *Kazakh grammar*, Astana: Elorda, 2002, p. 122.
- 3 Primbetov T.T. *Kategoriya of time (on T.R work. Kordabayev «Category of time in modern Kazakh language»)*, Karaganda: Publ. house HAG, 2005, p. 69, 70.
- 4 Balakayev M., Kordabayev T. *Modern Kazakh language. Syntax*, Almaty: Mektep, 1966, 176 p.
- 5 Kordabayev T. *Problems of historical syntax*, Almaty, 1964, p. 19.
- 6 Kordabayev T. *Syntax of the Kazakh written monuments*, Almaty, 1966, p. 19.
- 7 Kordabayev T. *Structural elements of language*, Alma-Ata, 1975.
- 8 Kordabayev T. *Questions of the Kazakh linguistics*, Almaty: Rauan, 1991, p. 4.
- 9 Kordabayev T. *Ways of development and formation of the Kazakh linguistics*, Almaty: Rauan, 1995, 175 p.

М.Қ.Жүнісова, С.Ә.Рахымберлина

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zhunusovamk@mail.ru)***Қазақ әңгімелеріндегі кейіпкерді бейнелеуші портреттердің берілуі**

Мақалада қазақ әңгімелеріндегі кейіпкерді бейнелейтін портреттердің берілу жолдары қарастырылды. Әңгіме мәтінінің құрылымда бастапқы сөйлем (абзац) және соңғы сөйлемнің (абзацтардың) атқаратын қызметі анықталды. Авторлар бастапқы сөйлемдердің негізгі функциясы шығарманың басталу тартымдылығына қызмет етуі, ал соңғы сөйлемдердің (не абзацтың) негізгі функциясы шығарманың әсерлі аяқталуына қызмет ету екенін нақты мысалдар негізінде дәлелдей отырып, олардың шекара айырымдық та (делимитативтік, демаркативтік те) қызмет атқаратынын анықтады.

Кілт сөздер: әңгіме, бейнелеуші, кейіпкер портреті, суреттеу, бастапқы сөйлем (абзац), соңғы сөйлем (абзац).

В.П.Николаева «Бастапқы және соңғы абзацтардың құрылымдық-композициялық ерекшеліктері» деген ғылыми мақаласында бастапқы және соңғы абзацтар атқарар қызметі және құрылымдық ерекшеліктері арқылы ерекшеленетіндігін айтады. Сондағы автор атап көрсетілген басты ерекшеліктердің бірі — әңгіменің бастапқы абзацында қатысушы адамдарды таныстырып өту. Бастапқы сөйлемде басты персонаждарды оқырманына таныстыру мақсатында оларды портреттік суреттеу арқылы көрсетеді. Портреттік суреттеулер көбінесе автор баяндауында кездеседі. Мысалдарды көрейік:

1. *Құс жастықтың үстінде ауық-ауық ұйқысырай аунақшып жатқан аққұбааша, сүйкімді әйелдің оң жақ көзінің астындағы қара меңі соңғы күндері көрінер көзге үлкейіп, айқындала түскендей, тіпті оның сынық өңінде ақ тақтайдың бетіне тамып кеткен қара сиядай баттыып тұр* (М.Сүндетов. Әкемнің көзі).

2. *Суыт жортып келе жатқан қос салт аттының бірі — дөңгелек жүзді, балғын өңді, бұғағы ақ мамықтай үлбіреген еркеоттай да, екіншісі — иі жұмсақ ұрты салбыраған салты ауыз, шойын қара* (Ж.Қорғасбеков. Шіркін, Шекер).

3. *Орта бойлы, кеспелтек қара кісі шатқалдың күншығыс жақ бүйірінен шыға келді де, алқынған демін баса алмай, айналаға алақтай қарап тұрды* (С.Омаров. Тау ішінде).

4. *Ұршықтай домаланған, аласа бойлы қара шал мұны қолымен көзін көлегейлей қарсы алды* (Ш.Күмісбайұлы. Төркін).

Мысалдардағы сыртқы келбеті суреттеліп отырған кейіпкерлер есімі беймәлім. Қаламгерлер оқырмандарына экспрессивті әсер ету мақсатында — кейіпкерлердің сыртқы портретін суреттей беріп, олардың атын атамай «жұмбақ» күйінде көрсетуі, оқырман назарын аударып, сол кейіпкерлердің кім екендігін білмекке шақырады.

Г.Сәрсәке «Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер» атты кандидаттық диссертациясының авторефератында портретті: портрет-ситуация және портрет-деталь деп екіге бөліп қарастырады. Портрет-ситуация белгілі бір жағдай үстіндегі кейіпкердің сырт тұлғасының өзгерісін, қимылын суреттейтін портрет түрі дейді. Ал портрет-деталь кейіпкердің кескін тұлғасының, қимыл-қозғалысының бір ғана бөлшегін суреттейтін түрі деп көрсетеді. Жоғарыдағы берілген портреттік суреттеулерді портрет-деталь түріне жатқызамыз:

Құс жастықтың үстінде ауық-ауық ұйқысырай аунақшыған, оң жақ көзінің астында қара меңі бар сынық жүзді сүйкімді әйел; дөңгелек жүзді, балғын өңді, бұғағы ақ мамықтай үлбіреген еркеоттай және иі жұмсақ, ұрты салбыраған салты ауыз, момын қара; орта бойлы кеспелтек қара кісі, әжім көмкеріп, тілім-тілімі шыққан алақанымен күннен көзін қалқалаған кейуана, бет-аузында қыл-қыбыр атаулыдан ырым жоқ, дөңгелек бет, толған ұршықтай домаланған, аласа бойлы қара шал-дар оқырманын (тыңдаушысын) елеңдетіп, олар кім екен?, автор бұлардың аты-жөнін ашып айтпай, осылай суретін ғана беріп отырған жандар туралы қызығушылықтары арта түседі. Бастапқы сөйлемдердегі портрет-детальдар кейде шағын болып жай сөйлем арқылы берілсе, кейде құрмалас сөйлем арқылы беріледі:

1. *Қауынбай — алаң көз, иықты келген төртбақ, аққұбааша жігіт.* (Ә.Ақпанбет. Бір ауыз өлең).

2. *Әбіш он үш-он төрттегі нәзіктеу ақ сары бала.*

3. *Әбдірәсіл зәу-заты момындау кісі* (М.Рахманбердиев. Семинар).

4. *Ауаткомның жерге орналастырушы бөлімінің бастығы Шормақов дембелше, жүріс-тұрысы ылдым-жылдым, қимылы ширақ, мінезі шалт кісі* (Ж.Шаштайұлы. Жерге орналастырушы).

5. *Профессор Ардабай Жакенов сұңғақ бойлы, ақсары кісі, мінезі жұмсақ, күліп сөйлейді, шамасына қарай қолы да ашық, жатып атар юмордан да құралақан емес, кейде бір көңілі шалқып-тасыған кезде әңгіме айтып жұртты мәз қылатыны бар* (Ө.Тарази. Қарабай).

Бұл бастапқы сөйлемдердегі портрет-деталь мысалдардың алдыңғы мысалдардан басты айырмашылығы кейіпкерлер беймәлім, белгісіз біреу емес, өз атымен аталады, тағы бір айта кететін жайт — баяндауыштары есім сөздерден жасалған.

Қаламгерлер бастапқы сөйлемде кейіпкерлердің портретін бере отырып, сол арқылы олардың кім, қандай адам екендіктерін таныта кетеді. Бастапқы сөйлемде авторлар кейіпкер портретін бергенде кейде сырт келбетін ғана бейнелесе кейде сырт бейнесімен қоса, мінез-құлқында суреттейді, енді бірде кейіпкердің белгілі бір жақтарын ғана суреттеп көрсетеді. Бастапқы сөйлемде басты кейіпкерді оқырманына таныстыру мақсатында оларды портреттік суреттеу арқылы көрсетеді. Алдыңғы үш мысал көлемі шағын, ықшам құрылған сөйлемдер тек сыртқы бейнесі мен жас ерекшелігін аңғартып өтсе, кейінгі мысалдарда кейіпкерлер анағұрлым толығырақ суреттелген. Олардың сырт келбетімен қоса мінез-құлқымен де біршама таныса аламыз. Көркем портрет — кейіпкерлердің кескін-келбетін, қимыл-қозғалысын, киім киісін, жүріс-тұрысын суреттеу. Сондықтан, портрет те кейіпкерлерді мінездеуші амалдардың бірі болып табылады [1; 65]. Бастапқы сөйлемде жазушылар кейіпкерлерді бір жағдай үстінде сырт бітімінің өзгеріс-қимылын суреттейтін портрет-ситуация арқылы да танытады:

1. *Кемпір, сандықтың түбіндегі қара пәпке мен қаламсапты әперші, — деді Бұқпа төр алдында жамбастай жантайып, түнере ойланып, тартпалы қара судай қарауытып, тылсым сазарған қалпынан, әлденеге оқталғандай, оқыс бас көтеріп, етек-жеңін жинай түзеліп* (Б.Шаханов. Білдіріс).

2. *Кешкісін қойды қоралап болып, үйге кіргенінде Естеместің бүгін тағы да қатпа қара жүзі бусанып, мұрнының ұшы тершіп, көзі майланып келгенін әйелі Жаңыл айнытпай білді:*

— *Немене, бірдеңе ішкенсің бе?* — деді. (Б.Аманшин. Бір қой қалғанша).

3. *Шілдекеңнің керзі етіктің қонышындай қара бұжыр дидарынан күлкінің нышаны байқалады* (К.Сегізбаев. Тамыр).

4. *Ағайынды екі жігіт, үлкені Арыстан мен оған тете өскен Барысхан, ингуш өңдес қою қара қасты, көзі тостағандай аққұба келіншектің қолындағы тілкемдей сары қағазға дұғалап қойғандай ұзағырақ тесіле қарап қалды.*

5. *Тұршабай төсектен көзінің алды күлтеленіп, беті ісіңкіреп тұрды* (С.Шаймерденов. Селдің екпіні).

Бірінші мысалдағы портреттік суреттеме оқырманына өте эмоционалды-экспрессивті қабылданады. Адам жанын шошындыра түсетін суреттеулер (*түнере ойланып, тартпалы қара судай қарауытып, тылсым сазарған қалпынан, әлденеге оқталғандай, оқыс бас көтеріп, етек-жеңін жинай түзеліп*) кейіпкердің тегін адам емес екендігін аңдатады. Автор осылайша кейіпкер болмысын мінездей отырып, оның жан-дүниесінің, қандайлығын, қара жүректі озбыр адамға лайық жан екендігін көрсетеді. Портреттің ең күрделі міндеттерінің бірі — адамның сыртқы келбеті арқылы жеке басының психологиялық жай-күйін, адам жанының ішкі дүниесін ашып көрсету [2]. Кейінгі мысалдағы басты персонаждың (Естеместің) портретін парықсыз адамның келбетін көрсек, кейінгі мысалдардағы персонаждардың (Шілдекеңнің, келіншектің, ағайынды екі жігіттің, Тұршабайдың) белгілі бір жағдай үстіндегі сырт бейнесін ғана аңғартып, олар туралы оқырмандарға әсер қалдырады. Көркем сөз иелерінің өзіндік стильдік ерекшелігінің ұтымды бір әдісі — кейіпкер өзін-өзі сипаттай көрсетуі.

1. *Мен өте кекшіл адаммын, дұшпандарымды кешіре алмаймын* (Т.Әбдікұлы. Жат перзент).

2. *Мен өте арық, әлсіз адаммын.* (Т.Жанұзақов. Ауырмай есімнен жаңылғаным).

Кейіпкер монологі арқылы берілген өзін-өзі сипаттайтын портреттік суреттеулерде кейіпкердің ішкі жан дүниесінен жарып шыққан жүрекжарды баяндаулары арқылы сипатталған. Бірінші кейіпкер өзін өте кекшіл адаммын, дұшпандарымды кешіре алмаймын десе, екінші кейіпкер өте арықтығын, әлсіздігін суреттей баяндайды. Кейіпкерлердің бұлайша өзін-өзі сипаттауы жұмбақ. Сөйлемдер семантикалық жағынан әрі қарай дамытуды көздейді. Кейіпкерлер өз ойларын жалғастырып, өздері

туралы бір тылсым сырды ашпақшы. Бұл сипаттаушы сөздерді автор айтқаннан гөрі кейіпкерлердің аузынан шығуы әрі эмоционалды, әрі экспрессивті әсерде қалдырады. Кейде бастапқы сөйлемде кейіпкерлер әңгімеге қатысушы екінші бір адамды оқырмандарына өздері таныстырады. Мысалы: *Астананың іргесіндегі белуарын шырша мен қарағай көмкерген тау сілемінің біріне орналасқан демалыс үйінің тар бөлмесінде бұйра шапты, қоңқақ мұрын, сүйекті келген Жомарт деген жігіт екеуміз жатамыз.* (Н.Қапалбеков. Үркер көрінгенде). Кейіпкер І жақтан баяндай келе, екінші бір кейіпкердің портретін ұсынады. Әдетте автор кейіпкерді сипаттап, жеке портретін бейнелесе, мына мысалда кейіпкер екінші бір кейіпкердің портретін сипаттай көрсетеді. Бастапқы сөйлемдерде кейіпкерлерді портреттік суреттеулермен, мінездеулермен таныстыру — әңгіме өзегі болып отырған персонаждардың қандай жандар екені жайлы хабардар етсе, әңгіменің соңғы шеніндегі портреттік суреттеулер әңгімедегі болған жайға қатысты кейіпкерлердің сыртқы портретін береді.

1. *Міне, педагогикалық институттың залында надан шикіл сары мен аңғал, құбаша ақынды, ұр да жық, тіл көз сыншыны тыңдап отырып, менің көз алдыма осы бір оқиға келген еді* (С.Шаймерденов. Қолтаңба).

2. *Сол күйі домаланып барып шұңқырға күмп ете түсті. Түйелі кісінің бойындай шұңқырдың түбіне ұмар-жұмар құлап түскен Жетпісбай тілін тістеген күйі одан әрі көзін жұма берді.* (М.Рахманбердиев. Ел шетінде).

Бірінші мысалдағы портрет-детальдағы синекдоха тәсілімен берілген *надан шикіл сары*-ға берілген анықтауыш, ретінде қолданылып, *аңғал құбаша ақынды, ұр да жық, тіл көз сыншыны* суреттеп тұр. Келесі мысалдағы Жетпісбай қарттың тілін тістеген күйі отырысы, екі түрлі мағынаны білдіреді: 1) болған оқиғаға өкінген кейіпкердің күйзелісін көрсетудегі — фразеологизм; 2) шұңқырға құлап түскендегі тілін тістеуі. Әңгіме мазмұнымен танысқан оқырман қауымы автордың образды шешімін осылай түсінетін сияқты. Кейбір бастапқы сөйлемде кейіпкердің өзін-өзі сипаттауы автор баяндауында беріледі: *Пістекүл өзін ауылдағы ең ажарлы, өжет, екі сөйлеу дегенді білмейтін және көзі ашықтығы жағынан өзгелерге қарағанда оқ бойы озық әйелмін деп санаушы еді.* (Д.Исабеков. Есепшот, түйетауық және домино). Кейіпкердің өзін-өзі осылай жоғары санауы күлкі тудырады. Сөйлемдегі фразеологиялық оралымдар (*көзі ашық, өзгелерге қарағанда оқ бойы озық әйел*) оқырманын еріксіз жымитып, бас шайқатады. Әрине, бұндай кейіпкердің қандай адам екені оның өзі туралы ойынан да көрініп тұр. Міне, автор болашақ кейіпкерінің кім екенін осындай ерекшеліктерімен-ақ таныта кетеді. Зерттеуші Г.Сәрсек: «Көркем шығармадағы портреттік суреттеулердің құрамы негізгі үш компоненттен тұрады: 1) адам денесі мен мүшелері; 2) киген киімі; 3) бет өзгерісі (мимика), дене қимылы (жест), денесін ұстау қалпы (поза). Портрет құрамындағы үш тақырыптық топқа орай тілде мынандай терминдер жұмсалады: соматикалық (дене мүшелері), вестиялды (киім-кешек), кинетикалық (қозғалыс)» [1; 66], — деп бұлардың әрқайсысына сипаттама береді.

Бұлардың әңгіменің алғашқы сөйлемдерінде қолданылу жайы:

1. *Аққудай иілген жас келіншек өзіне сұқтана қараған қалпы, үстіне қара мақпал камзолын жамылып, басына аппақ орамалын салды.* (Р.Мұқанова. Сормандай).

2. *Есіркеп түскі тамағын ішіп болған соң, бет-аузын тыжырайтып, көзін жұмып, рақаттана құлағын шұқып отырған кезде жер сілкініп, дабыл жарғағын жарып ала жаздады да, столды қимылдатқан сол екен деп, қарсы бетте отырған төрт жасар жазықсыз баласын жақтан тартып жіберді* (Д.Исабеков. Ескі үйдегі жаңа қоныс).

Бұл сөйлемдердегі вестемалар (*қара мақпал камзол, аппақ орамал*) мен кинемалар (*бет-аузын тыжырайтып, көзін жұмып, құлағын шұқып*) кейіпкерлердің осылай киінуінде, іс-қимылында өзіндік сыр бар екенін аңғартады. Мысалы, екінші сөйлем кейіпкердің аса байсалды адам емес екенін аңғартып тұр.

Экспозицияда «әдеби қаһармандар өзара қарым-қатынасқа көшпес бұрынғы хал-жағдай, тіршілік, қоғамдық орта, болашақ қақтығыстар алаңы, оқиғалар орны» [3] мезгілі т.б., қысқасы, сюжет кіріспесі суреттеледі, тағы да қажет мәліметтер беріледі:

1. *Қоңыр күздің салқын, сұрғылт күні еді.* (А.Шамкенов. Көңілсіз көрініс).

2. *Жылымықтанған бұлыңғыр дала тылсым сырын ішіне бүгіп, тым-тырыс жатыр.* (Қ.Сыдықов. Жетім жұрт).

3. *Аспан түнеріп, бұлт қоюлана бастады.* (Қ.Аманов. Тағдыр).

4. *Кейде үрейлі, кейде аянышты сол бір ызың.* (Ш.Мұртаза. Соңғы нәсіп).

5. *Даланың соншама мұнартып, мұңайып жатқаны несі?* (С.Сәлімбаев. Тоған түбіндегі тостаған).

Табиғат құбылысына қатысты берілген бұл баяндау-сипаттаулардан әңгіме сюжетінің қалай өрбитініне жасырын мегзеу барын түсіну қиын емес. Әрине, авторлар табиғат құбылысын текке осылай суреттеп отырған жоқ, демек, сөйлемдері жай нақты ақпараттық (фактуальная информация) сипатта түзіліп тұрған жоқ, ассоциациялы астармен беріліп (подтекстовая информация) тұр. Сондықтан оқырман бұларды табиғатпен байланыстырыла мегзелген мәнде қабылдауға тиіс. Айталық, бірінші мысалдағы *күздің қоңыр* эпитетімен, оған қоса *күн-нің әрі салқын, әрі сұрғылт* болып сипатталуы мәтіндегі әрі қарай баяндалар оқиғаның көңілді емес, жағымсыз болатынын білдіріп тұрғаны сөзсіз. Екінші мысалдағы *бұлыңғыр дала-ның кейіптеу тәсілімен бір тылсым сырды бүгіп тым-тырыс жатуы* да оқырманына жағымсыз эмоциялы ретте қабылданады. Өзі жылы да емес, жылымықтанған бұлыңғыр даланың адамша сырын ішіне бүгіп жатуында да бір сыр бары талассыз. Келесі 3, 4-мысалдар да сөйлемнің ішкі мәніне тереңірек үңіле түсуді қалайды, бұлар да кейіпкерлердің алдағы тағдырының қандай боларын аңдатқандай ретте тұр. Ал соңғы мысалдағы риторикалы сұраулы сөйлем оқырманды селт еткізетіндей мазмұнға ие. Мұндағы сұрақ біреуге қарата айтылған сияқты көрінгенмен, шынында, ол жеке адамға емес, заманға қойылған сұрақ тәрізді. Әңгіме мазмұны осыны аңғартады. Ал сөйлемнің риторикалық сипатында автордың айтайын деп отырған ойына екпін түсіру арқылы оны актуалдандыруды көздегендік тұрғаны сөзсіз. Сондай-ақ сөйлемдегі *мұнартып, мұңайып* етістіктері, *соншама* үстеуі сөйлемнің эмоциялық бояуын қалыңдатып жағымсыз әсер туғызатын сипатын күшейтіп тұр. Тағы да бірер мысалды көрейік:

1. *Сұрғылт та сұрықсыз аула іші құдды мола кейіпіндей.* (Ә.Салықбаев. Құрдым).

2. *Бөлме шағын, іші қаракөлеңке.* (Қ.Жүсіпов. Қара түнек).

3. *Беймезгіл уақыт.* (О.Сәрсенбаев. Сыйлық).

4. *Қоңыр кеш... Қоңыр күй...* (К.Ахметбеков. Домбыра сазы).

Жоғарыда талданған мысалдар семантикалық тұрғыдан табиғат құбылысымен жарыстырыла (параллель) тұспалданып түзіліп, оқырманына алдағы болар жайттың қандай ыңғайда болатынын сыр беріп тұрса, мына мысалдарда оқиғаның, іс-әрекеттің басталар тұсындағы мезгіл мен мекен сипатталып, бірақ баяндалатын оқиғадан жақсылық күттіретін ыңғай-мазмұнды емес, әйтеуір бір көңілсіз жағдайлар болатындығын сездіріп тұр. Мәселен, 3-мысалдағы *беймезгіл*, осы сөзге синоним *бейуақ* — жағымсыз мәнді сөздер. Ертедегі наным-сенімге байланысты кешкі *анақ-сапақ мезгіл*, *бей* префиксімен келген сөз «беймезгіл», әйтеуір, бір қолайсыз жағдайдың болатындығынан хабар аңғартқандай. Соңғы мысалдардағы *қаракөлеңке*, эллипсисті құрылыммен келген *қоңыр кеш*, *қоңыр күй* атаулы сөйлемдері күйкі тірлік, көңілсіз жай-күйді сездіреді. *Қоңыр*, *қаракөлеңке* сөздерінің семантикасы осыны пайымдатқандай.

Бұл сөйлемдердің бәрі де шығарма сюжеті басталар алдындағы жай-күй, мезгіл, мекен т.б. туралы кіріспе-мәлімет беру функциясында тұр.

Жоғарыда баяндалғандардан шығатын қысқа қорытынды — бастапқы сөйлемдердің негізгі функциясы шығарманың басталу тартымдылығына қызмет ету екені. Мұнан соңғы сөйлемдердің де (не абзацтың да) негізгі функциясы шығарманың әсерлі аяқталуына қызмет ету екені айқын аңғарылады. Кейбір зерттеушілер соңғы сөйлемдердің (абзацтың) шекараайырымдық та (делимитативтік, демаркативтік те) қызмет атқаратынын айтады. Әрине, бұлардың шығарманың нақты аяқталу шегін білдіріп тұратыны — шындық. Біздіңше, мұндай шекараайырымдық функцияны бастапқы сөйлемдер де атқаратыны күмән туғызбауға тиіс, себебі бұлардың да құрылымдық, стильдік, семантикалық бітім-болмысы шығарманың нақты басталу шекарасын анық аңғартып тұратыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. *Сәрсекке Г.* Портреттің лексикалық құрамы // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сер. — 1998. — № 3.
2. *Тарақов Ә.* Тарихи бейне портреті — шығарма ажары // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сер. — 2003. — № 7. — 3–5-б.
3. *Сыздық Р.* Сөз құдіреті. — Алматы: Санат, 1995. — 186-б.

М.К.Жунусова, С.А.Рахимберлина

Способы передачи описательных портретов героев в казахских рассказах

В статье рассмотрены способы передачи портретов героев в казахских рассказах. Определены функции начальных и последних предложений (абзацев) в структуре текста рассказа. Авторы статьи на основе анализа конкретных языковых примеров доказали основную функцию начальных и последних предложений, при этом определили разграничивающую (делимитативную, демаркативную) функцию начальных и последних предложений, или абзацев.

M.K.Zhunusova, S.A.Rakhymberlina

Transfer of descriptive portraits of heroes in the Kazakh stories

In article ways of transfer of portraits of heroes in the Kazakh stories are considered. Functions of initial offers (paragraphs) and the last offers (paragraphs) in structure of the text of the story are defined. The author of article on the analysis of concrete language examples proves the main function of initial offers and the last offers, thus defines limiter (delimitativny, demarkativny) function of initial and last offers or paragraphs.

References

- 1 Sarseke G. *NAN RK'S News, Language and literature series*, 1998, 3.
- 2 Tarakov A. *The Messenger TREASURY, Series philology*, 2003, 7, p. 3–5.
- 3 Syzdyk R. *Sil of the word*, Almaty: Sanat, 1995, p. 186.

ӘОЖ 82 - 1(574) «19»

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Қасым Аманжолов соғыстан кейінгі дәуірде қазақ поэзиясына жаңа леп енгізген ақын

Мақалада Қасым Аманжоловтың соғыстан кейінгі жылдары отандық поэзияға жаңа бағыт әкелген ақын екендігі айтылған. Ақынның соғыстан кейінгі жылдардағы шығармашылығына баға берілген. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда ол өзінің ірі эпикалық шығармаларын жасағаны туралы пайымдаған. Өткен ғасырдың ортасы кезеңіндегі отандық поэзияның «алтын қазынасы» екендігі көрсетілген. Ақын денсаулығына тұрмыстық алауыздықтар, дұшпандардың қудалауы қалай ықпал еткені суреттелген. Оның сан қырлы ақындық таланты көрсетіліп, ақынның аударма ісінің майталман шебері ретіндегі айрықша орны бағаланған. Өмірде сирек кездесетін осынау бірегей тұлғаның өмірі мен қызметін терең зерттеу қажеттігі негізделген.

Кілт сөздер: эпикалық шығармалар, әшкерелеу, толғау, жер, билік, күндестер, ауру, ақын, аудармашы, қағытпалары.

Kipicne

Соғыстан кейін Қ.Аманжолов он жыл өмір сүрді. Бірақ ақынның осы соңғы жылдардағы туындыларының сапасы айрықша бағаланады. Махаббатты, достықты, жаратылысты жырлаған, ұлы адамдарға көптеген өлеңдерін арнаған Аманжолов ел өміріндегі жаңалықтарға да үнемі үн қосып отырды. Әлеуметтік тақырыпты да мол жырлады. Өз көңіл-күйі арқылы қоғамдық көзқарастарды таныта білді. Ұнатпағанын аяусыз әшкерелеп, ұнататынын барынша мадақтауда ол өзінің ақындық, азаматтық арына еш көлеңке түсірген емес [1].

Әсіресе 1949–1950 жылдары Қасым өзінің лиро-эпикалық ірі шығармаларымен қазақ совет поэзиясының төрінен лайықты іргелі орын алды. Солардың ішінде «Дүние дұшпандарына», «Бактерия королі», «Дүние сыймас бомбаға», «Май майданы» сияқты туындылары бейбітшілікті жақтау, соғыс өртін тұтандырушыларды әшкерелеу ретінде жазылған.

Ақынның соғыстан кейінгі жылдарда жазған жырлары жайлы ой-толғау

Бірде Қасым: «Жаман өлеңдерім жақсы өлеңдерімді асырайды», — депті. Сонда жаман өлеңі қайсы? Кеңестік дәуірде тырнақ астынан кір іздеген, сөз баққан цензура болды. Ол биліктің саясатын қолпаштаған цензура еді. Сонымен, жаман өлең дегені — билікті жырлау. Жақсы дегені, әрине, ақынның «Қазақстан» деген керемет толғауы [2; 58, 59]:

*...Көкше, Баян, Қарқаралы, Алатау,
Тоны — алтын, түгі — торқа жер мынау!
Қарағанды — қара қазан қайнаған,
Дүние-байлық тұрған жайнап айналам,
Елдігіме етер шүбә қандай жау?!*

*Дүрсілдейді сонау Балқаш жағасы,
Баршы өзің, көңіл қойып тыңдашы!
Тұр ғой соғып туған дала жүрегі,
Кім қызықтап, мақтан етпес бұл жерді,
Бақытыңа қуан, қазақ баласы!*

*Кең далалы, кең пейілді қазақпыз,
Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз.
Ел намысын ешбір жауға бермейміз,
Өмірді алға бастырамыз, өрлейміз –
Сертің осы, азат жігіт, азат қыз!*

*Байтақ Отан — туып-өскен өз елім,
Өмірімдей өршіп аққан өзенім!
Артым жақсы, алдым қандай тамаша,
«Бөтен елдің падишасы болғанша,
Өз елімнің терсем артық тезегін!»*

*Қуанамын көрсем атты қазақты,
Ән шырқаған алыш тастап тымақты.
Қуанамын шапқанына құйғытып,
Қанаттанып, алыс жолды тез ұтып,
Отты көзбен тұрса шолып жан-жақты...*

*...Кемпір көрем көк өзендей күй төккен,
Шалды көрем жыр ұшырған көкіректен.
Қызымыз бар құралай көз, қара шаш,
Күлкісі — күн, сайрап кетсе — сандуғаш,
Жігітіміз барабар жас түлекпен.*

*Көк құрыштан құйылғандай бір елміз,
Әрі биік, әрі кеңбіз, тереңбіз.
Әніміз бар асқақ жалау сықылды,
Көтерілсе — тік көтерер жұртымды,
Біз дүниеге мәңгілікке келгенбіз.*

*Елу жаста елім бар деп айта алмай,
Кетпес естен күйінгенің, мұңлы Абай.
Елім бар деп айтатын бір туды күн,
Елім бар деп шырқатамын мен бүгін,
Еркелеймін кең даламда баладай.*

*Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!*

*Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл далаға жылап келіп уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!*

Қасыммен замандас ақындардың қайсысы дәл осылай тепсініп еді? «Құл емеспіз, еркін жанбыз, азатпыз!» Кейінгі буында да ешкім дәл бұлай айта алған жоқ (тәуелсіздік таңы атқанға дейін).

Ұлы Отан соғысынан кейінгі дәуірде Қ.Аманжолов бір ғана «Сақыпжамал» атты туындысы [3; 220, 221] арқылы ұлттық поэзияға махабаттың — ғашықтық жырының ғажап үлгісін ұсынды:

*Сақыпжамал! Бір өзіңде
Екі әйелдің аты бар;
Күн боп көзің күлгеніңде,
Қабағыңнан ай туар.*

*Сол кез саған қарай берем
Көрмегендей мен бұрын,
Жанның сырын жатқан терең
Оқи берем жасырын.*

*Сақыпжамал! Атың қандай!
«Сәпен» дейміз қысқартып.
Жар бола гөр айтылғандай;
Сенен қайсы қыз артық?!*

*Махаббаттан талай жастың
Жүректері күйлі,
Мүмкін жөндеп сүйе алмасын,
Өзің үйрет сүйоді.*

*«Сенен артық жан табам» деп
Ойлайтын жан мен емес.
Қате бассам, кетсем желдеп,
Өзің сотта, өзің кеш.*

Бұл өлеңінде ақын асыл жарының жарқын жүзіне ай мен күнді қатар сыйғызады. Өйткені поэзия — оның әлемі болса, Сақыпжамал — оның музасы еді.

Қасымның соғыстан кейінгі жылдарда жазған жырларын әңгіме еткенде оның «Дариға, сол қыз» атты толғауын [2; 72,73] аттап өтуге де, айналып өтуге де болмайды:

I
*Өңімде ме еді,
түсімде ме еді,
Көріп ем гой бір
армандай қызды...
Бір нәзік сәуле
күлімдеп еді,
Сұрапыл соғыс
соқты да бұзды.
Сапырды дауыл,
тебіренді теңіз,
Тулады толқын,
шайқалды шың-құз...
Қып-қызыл өрттің
ішінде жүрміз,
Қайда екен, қайда,
Дариға, сол қыз?!*

II
*Оқ тиді келіп,
қайратым кеміп,
Барамын сөніп,
келмейді өлгім!
Тұрғандай сол қыз
жаныма келіп,*

*Талпына берді
қайран жас көңілім!
Барамын сөніп,
барамын сөніп,
Жұтар ма мені
мына сұм соғыс?
Арманым бар ма
өлсем бір көріп,
Қайда екен, қайда,
Дариға, сол қыз?*

III

*«Келмейді өлгім,
келмейді өлгім!
Қайратым қайда,
келші осындайда», —
Дедім де тұрдым,
жүгіре бердім,
Қолымда найза
шағылып айға.
Жеңдік қой жауды,
арман не, құрбым!
Күркіреп күндей
өтті зой соғыс.
Келемін қайтып,
өлеңімді айтып...
Қайда екен, қайда,
Дариға, сол қыз!*

Ақынның осы шығармасында соғыстың алапат суреттері де, адам қажырының күші де, өмірге деген шексіз сезім де тапқырлықпен бейнеленген. Бұл өлең — астаң-кестеңі шығып, қан сасыған дүниенің ішінде жазылған махаббат гимні.

Қасым өлеңдеріне ән-романстарын жазған, «Жиырма сегіз панфиловшылар» операсына ақынның жырларын қолданған Ғазиза Жұбанованың Қ.Аманжолов шығармашылығына берген тамаша бағасы келесідей: «1955 жылы «Әдебиет және искусство» деген журналды оқысам, Қасымның соңғы жазған өлеңдері бар екен. Соның ішінде «Ақсәуле» деген өлеңі маған бірден әсер етті. Біздер, композиторлар, кейде бір өлең ұнаса, оқып жатқанда ішімізден музыка шығып жатады. Осы өлеңді оқығанымда бірден әні, мелодиясы жүрегімнен шықты» [2; 75]:

*Бір күй бар домбырада тартылмаған,
Бір сыр бар көңілімде айтылмаған,
Сен үшін келдім сақтап, сүйген сәуле!
Көзіңнен айналайын жалтылдаған.*

*Ақ сәуле, аспанда аймен таласасың,
Төгіліп иығыңа қара шашың.
Жалт беріп құралай көз қарағанда,
Жанымның жайлауына жарасасың.*

*Ақ сәуле, арнадым мен арманымды,
Бұлбұлдай аялаған таңда гүлді.
Көркіне еңбегі сай келіп тұрған
Арман не көргеніңде жан жарыңды!*

Композитор Ғ.Жұбанова өз ойын былай түйіндейді: «Қасым өлеңдерін тек композиторлар емес, кішкентай баладан бастап білуі керек. Адам өзі жаным сұлу болсын десе, әдемі болсын десе, Отанды сүйем десе, жарын сүйем десе, әр адамның алдында Қасым Аманжоловтың өлеңдері тұруы керек. Біздің үйде Қасымның кітаптары біраз: үш томдығы да бар, бір томдығы да бар, екі томдығы да бар. Орысшасы да бар, қазақшасы да бар. Мен үйде балаларыма: «Қасым Аманжоловтың өлеңдерін білмесеңдер, оқымасаңдар, сендер тек поэзия ғана емес, музыканы да білмейсіңдер, музыканы естімейсіңдер», — деп айтамын. Қасымның өлеңдерінің ішінде музыка ойнап тұрады. Кәдімгі қазақтың әуені. Әр сөзінде, әр өлеңінде. Сондықтан Қасымның өлеңі десек, музыка естіледі, ал музыка десек, Қасым Аманжоловтың өлеңін айтуға болады» [4].

Иә, Қасым — біздің ұлтымыздың туы, тәуелсіздігіміздің жыршысы. Оны қазақ атаулы түгел білуге, оқуға тиіс. Мысалы, әркімнің патриоттық сезімін қозғайтын «Туған жер» өлеңін [2; 65] оқып көрелік:

*Шықшы тауға, қарашы кең
далаға!
Мәз боласың, ұқсайсың жас
балаға.
О шеті мен бұ шетіне жүгірсең
Шаршайсың ба, құмарың бір
қана ма?*

*О дариға! Алтын бесік —
туған жер,
Қадіріңді келсем білмей,
кеше гөр.
Жата алмас ем топырағыңда
тебіренбей,
Қасым болмай, тасың болсам
мен егер.
Неткен байтақ, неткен ұлы,
жер едің,
Қандай күйге жүрегімді бөледің.
Сенде тудым, сенде өстім,
сенде өлсем,
Арманым жоқ бұл дүниеде дер
едім.
Мен де өзіңдей байтақ едім,
кең едім,
Қызығыңды көріп еркін келемін.
Сен де аямай бердің маған
барыңды,
Мен де аямай бәрін саған
беремін.
Болдым ғашық, туған дала,
мен саған.
Алыс жүрсем, арманым сен
аңсаған.
Жақын жүрсем, мен төрінде
жаннаттың
Алтын діңгек — өзім туған
босағам.*

Осы толғауды бүгінгі ұрпақ оқыса, жаттап өссе, туған жер қасиетін Қасымша сезінсе, патриоттық тәрбиенің ең үлкені сол болар еді [5].

Кезінде Қасымның жұбайы Сақыпжамал былай деген екен: «Қасым екеуіміз соғыс аяқталған соң, 1946 жылдың қаңтарында қосылдық. Алғашқы мекеніміз қаланың солтүстік-шығыс жағындағы Городская көшесі, 69-үй еді. Қасымның ағасы Ахметжан да осы үйде тұратын. Осы үйдің бізге кішкентай бір бөлмесі тиді. Бөлмеде бар болғаны — бір темір пеш және екеуіміздің төсегіміз ғана. Тіпті ас ішетін, жазу жазатын үстел қоюға орын жоқ. Кішкентай қара чемоданның үстіне қағаз жайып, ас ішетінбіз. Сол чемодан Қасымның жазу үстелі де болды. Сол кездегі барлық шығармаларын Қасым сол қара чемоданды тізесіне қойып отырып жазды...» [6].

Әбден жаны қиналған, баспананың зары өткен Қасым өзінің «Баспана» атты әйгілі өлеңін [2; 74, 75] 1946 жылы жазады:

*Баспана деп бастайын бұл жырымды,
Отырғанда жамылып жылы күнді.
«Қылышын сүйреп» қатал қыс қысса келіп,
Өлең менің тыңдамас бұйрығымды.*

*Он жыл бопты, жүгірдім астанада,
Шақырса да бармадым басқа қалаға.
Адамшы елес сықылды үміт қуып,
Он жыл бойы болдым зар баспанаға.*

*Қалай салған ағашты не кірпішті,
Баспана бір үй еді төрт бұрышты.
Алғашқыда, өртенгір, жерде еді,
Енді бүгін қиял боп аспанға ұшты.*

*Күзге салған қыранның ұясындай,
Ұшақтағы софының хұжрасындай
Елестейді баспана, — Алматының
Кең қойнына бір Қасым қойды сыймай.*

*Он жыл босқа жүгірдім, болмай жолым,
Баспалдағын тоздырдым квартбюроның.
Бір ордерға бір бастық қол қойғанша
Үлгеріппін мен жазып өлең томын.*

*Талай үйдің телміртті терезесі,
Алматыны шарлады ерте-кеші.
Алғызбады баспана — қиын қамал,
Көңілімде қалды тек көлеңкесі.*

*Ақын болдым, жырлады астанам деп,
Бос жүгіріп жүрмедім, босқа нан жеп.
Солдат болдым, сағындым, келдім қайтып,
Тағы біраз сенделдім баспана іздеп.*

*Жер сұрадым, ақыры, күрке салар,
Жер де жоқ боп шыққан соң, не шара бар?!
Жер сұрасам, сілтейді зират жаққа,
Өлген жоқпын, қақым жоқ олай барар.*

*Қойдым енді, сірә, мен үй алмаспын,
Үйім жоқ деп ешкімнен ұялмаспын.
Өгей ұлдай қойныңа сыймасам да,
Кете алмаспын, астанам, қия алмаспын.*

*Аспан мен жер бәрі де үйім менің,
Сенің көркің, астанам, сүйінгенім.
Кең көшеңде еркіндеп жүрсем басып,
Не қиындық болса да иілмедім, —*

дейді қайсар ақын.

Өкінішке орай, Қасым өмір сүрген кезеңде сүйген елінің құрметіне лайықты бөлене алмағаны анық. Тағдыры оны аса қуанта қоймады. Тарихы өлеңге айналған «Баспанаға» да ие бола алмады. Өзі сүйген астанасынан, әр талын өлеңге қосқан Алматысынан ақынға сүйіспеншілік байқала қоймады.

Өмірінің соңғы жылдарында коммунистік билік оның жазғандарын тергеп маза бермеді. Жарты әлемді табанға сап, бөксесіне басып отырған Кеңестік үкімет өзіне бағынбаған шәйірге «қан шығармай өлтіру» әдісін пайдаланды. Қаңғытты. Ақынның алқымын қысты. Күндестер бұрыш-бұрышта күбірлеп, бақастар бақадай шулады.

«Қасым деген — қалғыған жанартау ғой, жанартау ғой жанды да кетті өртеніп», — деді Мұқағали аға рухына тағзым қылып. Қасым шынымен де дәл осылай өртеніп кетіп еді. Тәрк етті барлығын... «Өзім туралы» деген өлеңін алты жыл жазды [7].

Ұзақ аурудан әлсіреген ақын екіжақты қиыншылықпен алысты. Күйзеліс күйінді де:

*Мен не жаздым, сонша
соңыма түскендей,
Мен не жаздым, мұнша
қорлық кешкендей.
Мен не жаздым, жапырақтай қуарып,
Күлге айналып қоламтада өшкендей!*

*Мен не жаздым, өмірден қол үзгендей,
Мен не жаздым, панасыз боп кезгендей,
Мен не жаздым, аласталып тұрмыстан
Адамшылық дәрежеден безгендей!*

*Мен не жаздым, бойым
жазып жүрместей,
Мен не жаздым, қызықты өмір сүрместей,
Мен не жаздым, жұрт көргенді бір көріп
Жұрт білгенді мен де бірге білместей!*

*Мен не жаздым, шығармастай үнімді,
Әлде маған қырқ дей ме екен тілімді,
Әлде менің жүрегіме су құйып —
Өшірмек пе оттай жанған көңілімді, —*

деп өкініш білдіреді.

Шынында, байғұс ақын соншалықты не жазып қалды? Оның айтқаны халқының мұңы, жоқтағаны халқының жоғы емес пе еді? Бар айыбы, бейберекеті қашқан жалпақ жұртты жарасылымдылыққа, жақынын да жау көріп жағаласып жататын үдеріскен қауымды үйлесімге, сондай-ақ әділдік пен адалдыққа шақырғаны ма? Неге бұлай? Оның бір-ақ жауабы бар. Өйткені ол — үлкен әріппен жазылатын Талант! Ал талант еш уақытта, еш жерде кешірілмейді. Сондықтан да оны, жас болсын, жасамыс болсын, бәрібір, әйтеуір көрге тықпай тынбайды [8].

Кеңестік билік дауылпаз ақынға өлім мен өмірдің арасында төсек тартып жатқан кезде де тыным бермеді. Бірақ ол тартысып жүріп шыдады, жағаласып жүріп төзді. Өліммен күресте зор қайрат, тегеурінді табандылық танытты. «О, тағдыр, мені сауықтыр!» атты соңғы туындыларының бірінде [2; 117]:

*О, тағдыр, мені сауықтыр!
Айтатын жыр, ойым бар.*

*Көңілім соған ауып тұр,
Алда бір қызық тойым бар.
Бір өзім емес, көп үшін
Көкірегім толы күйім бар.
Сау болып соны шертейін,
Ауыра берсем — қиындар.
Өлең мен күйден жаралған
Мен де бір адам ғажайып.
Құтқаршы, ауру, жараңнан,
Жазылып бір жыр жазайық.
Көңілдің күйін төгейік,
Арманда кеттік демейік,
Бәрін де беріп ел-жұртқа,
Қарыздар болмай өлейік! —*

деген Қасым өмір-бесіктің әлдиінде жатып өлім күйіне бой алдырмай 44 жасында өмірден өтті. Бүгінгі мөлшермен есептегенде, өзек өртердей тым ерте өтті. Өйткені берері өте мол болатын.

Қасымның поэмалары — оның эпиктігінің дәлелі

Қасым Аманжолов тек қана лирик емес, сонымен қоса эпик ақын. «Дүние қандай жап-жарық», «Сақыпжамал», «Күйім тасып барады, күйім тасып», «Жаным сәулем, еркешім, қызыл гүлім» атты өлеңдері Қасымның лириктігін танытса, «Ақын өлімі туралы аңыз», «Боран», «Біздің дастан», «Жамбыл тойында» атты поэмалары — оның эпиктігінің дәлелі.

Қасымның соғыс тақырыбына жазған еңбектері ішінде аса биік бағаланатын шығарма — «Абдолла» («Ақын өлімі туралы аңыз») поэмасы [2; 119–124].

*Майдан етіп дүние төрін,
Темір гүрзі қақтап отқа,
Жекпе-жек кеп өмір, өлім,
Соққыласып жатқан жоқ па?
Арқалап сол майдан жүгін,
Қырғын соғыс ортасында
Жүрді ұлан, кекті зілін
Қоса түйіп қорғасынға.
Ырғып бұлттан түсер жайдай,
Өзі оқ боп атылғандай,
Ерегіске жанып тігіп,
Күтті жауын тас бекініп.
Өмір гүлін жанышып, таптап,
Шаптан сүйреп махаббаты,
Жерімізде жындай қаптап,
Найзаға іліп ар-ұятты, —
Келе жатты сұм жендеттер,
Жиіркеніп, жиырылды жер.
Жауға тамшы татырмастай
Буырқанып тасты өзендер.
Ашулы жел аңы даусы
Тұндырғандай жау құлағын.
Сол аймақтың әрбір тасы
Күйретердей жау қамалын... —*

деп барған сайын үдей, өрши, шапшыған фонтандай боп басталатын дастан өзі бір-ақ уыс қалпымен сені уысынан шығармай, зымыратып ала жөнеледі. Бас миың, бойда қаның шымырлап, тұла бойың ысып-күйіп, дедектеген күйіңмен майданға сен де барып кіресің, Абдолламен қосыла ышқынып, қаһарға мінесің:

*Қасиет күші Ұлы Отанның,
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек!
Бар арманым асқар тауым,
Көтеріл, ел намыс туы! —
Деп ер ұлан бақты жауын,
Болып серік жан ашуы.*

Поэманың шырқау биігі — Абдолланың жау қолына түскеннен гөрі, жанып жатқан отқа түскенін суреттейтін тұсы:

*Қайсар батыр от киінген
Күш-қайратын тіске жиып,
Жаңағы ақшыл ер жүзінен
Жалын тілі тұрды сүйіп.
Шұғыла шалған кешкі бұлттай
Толқын шапта оттар ойнап,
Өрт топанын кешіп, таптай,
Жалғыз өзі тұрды бойлап.
Тұрды ұқсап, тұрды кейде
От ұстаған Прометейге...*

Ғ.Қайырбеков «Дауылды жыр төгіп өткен ақын» атты мақаласында [9] Қасымның осы поэмасы жайлы мынадай пікір білдірген: «Бастан-аяқ жатқа айтып шықпасаң, жарыса сипаттап жеткізу қиын дастан бұл. Осы күнге орыстың үлкен ақыны Николай Тихонов: «Бұл шығарма — қазақ поэзиясының інжу-маржаны!» — деп, Қасымның көзі тірісінде айтқан. Ғабит Мүсірепов: «Майданнан ескен жаңа леп», — деп соғыс жылында «Социалистік Қазақстанда» жазған. Өз пікірім — қазақ хрестоматиясынан мәңгі тастамайтын шығарма осы дер едім».

Сонымен, Ұлы Отан соғысы жылдары Қасым жазған «Ақын өлімі туралы аңыз» поэзиясы — Қ.Аманжолов шығармашылығының биік шыңы, қазақ поэзиясындағы осы кезеңдегі елеулі құбылыстың бірі. Майданда қаза тапқан қазақ ақынының ерлік өліміне арналған бұл шығарма — ақынның жарқын тұлғасын отты сезіммен бейнелеген шын мәніндегі сәтті поэтикалық туынды. Өмірдің мәнін, ез тірліктен ерлік өлімнің қасиеттілігін көркем бейне арқылы бейнеленген бұл поэма — нағыз оптимистік трагедия. Сондықтан да «Ақын өлімі туралы аңыз» одақтық поэзияның таңдаулы үлгілерінің қатарынан орын алды. Бұл поэмасынан кейін де Аманжолов Кеңес адамдарының өршіл мінезін танытарлық, олардың жан сұлулығын, эстетикалық талғамының өскендігін байқатарлық көптеген лирикалық өлеңдер жазды. Мұның қай-қайсысында болсын ол өз ойын өзінше, ерекше айта алды.

Қасым Аманжолов білікті аудармашы ақын ретінде

Қасым ақын сусындаған тағы бір мектеп — ол Батыс пен Шығыстың классикалық поэзиясы еді. Қасым оларды оқып қана қоймай, дүние әдебиетін, орыс классикасын көп аударған адам.

Ақынның алғашқы аудармаларының бірі — Низамидің «Ләйлі-Мәжнүнінен» тараулар, Байрон өлеңдері. Әсіресе Байронның жан дүниесі Қасымға соншалықты жақын әсер етті. Ол ағылшын ақынының «Романс» атты өлеңін [2; 36] қазақ тіліне сәтті тәржімалады:

*Сұлулығын асырам деп
Кім таласар сенімен?
Теңіздегі күй естілед
Сенің нәзік үніңнен.*

*Алыстағы океанда
Естілгендей, күй тұманда,
Толқын сүйіп ескен желдей,
Тәтті ұйқыда өтер тербей.*

*Түн ортасы болғанда, ай
Суға сүңгіп шомылар,
Ұйқыдағы жас баладай
Теңіз жайлап дем алар.*

*Сонда жанды қиял кернеп,
Сұлу сымбат демді тербеп,
Жанға тиіп сенен әсер,
Көңілдегі толқын өсер.*

Соғысқа дейінгі Қ.Аманжолов шығармашылығында бұл аудармалардың ерекше орны бар. Осылардан бастап, Қасымның алғашқы соғыс өлеңдерінде тіл кескіні мүлде өзгеріп сала берген.

Тарас Шевченконың «Өтеді күндер» өлеңін [2; 4] қазақ тіліне аударуы Қасымның шығармашылық өнерінің өсу жолын анықтай түскен. Кез келген өлең сүйгіш өркен:

*Өтеді күндер, өтеді түндер,
Өтеді жазым зымырап.
Соғады дауыл, солады гүлдер,
Сарғаяды жапырақ.*

*Ой ұйқыда, жүрегім жым-жырт,
Сөнеді көздің жанары.
Бәрі ұйқыда жатыр ғой мүлгіп,
Тірліктің жоқ еш хабары.*

*Осынау жарық дүниеде
Бармын ба мен — білмеймін.
Қаңғалақтап жүрмін бе әлде,
Жыламаймын, күлмеймін.*

*Сыбағам қайда, сыбағам?
Жоқ па, сірә, ешқандай?!
Жақсылық менен аясаң,
Жамандық бер, а Құдай!*

*Берме ұйқы кезбе жанға,
Жүрегі бос қатпасын,
Ұқсап сұрсыз қу томарға
Бұл дүниеде жатпасын.*

*Берші өмір, бер махаббат,
Жүрекпен сүйсін адамды
Ол болмаса, етіп талақ,
Өртесін мына жалғанды.*

*Қандай қиын қаза тапсаң
Тар қапаста, зынданда.
Еркіндікте ұйықтап қалсаң,
Қиынырақ одан да.*

*Ұйықтап өтсең өміріңде,
Ұйқың ешбір қанбаса,
Тірлігің не, өлгенің не.
Ешбір ізің қалмаса, —*

деп сайрап ала жөнелері анық. Қасым аударған өлеңдерді өз шығармаларынан бөліп ала алмайсыз.

Қазақ әдебиетінде аударма жанрының дамуына зор үлес қосқан Қасым Пушкиннің «Полтава», Лермонтовтың «Маскарад», Твардовскийдің «Василий Теркин» поэмаларын, Маяковскийдің он шақты өлеңдерін қазақ тілінде өзіндік нәр-нақышымен сөйлетті. Түпнұсқаның идеялық сапасы мен көркемдік қасиетін ана тілде шебер сақтай алуы осы саладағы жақсы үлгілердің бірі болып келеді. Бұл жерде Қ.Аманжолов өзінің ақындық дарынының екінші бір қырын таныта алды.

Қасым ақындығымен қатар үлкен сазгер де болған. Оның әндері, өзі шығарған «Дариға, сол қыз», «Туған жер», т.б. шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған [10].

Қ.Аманжолов қазақ поэзиясына он буынды өлең түрін енгізіп, оны әбден тұрақтандырды. Ол қазақ поэзиясына Ұлы Отан соғысы және одан да кейінгі дәуірде жаңа мәдениет дарытқан жаңашыл ақындардың бірі болды. Қасым поэзиясының осы қасиетін жақсы сезінген жас ақындардың біразы өздерін оның шәкірттері деп санады.

Қасым ақынның қағытпалары

Қасым Аманжоловтың қағытпалары ел ішінде аңыз болып тарап кеткен. Оған мына жолдар куә.

Елуінші жылдардың басы болу керек, бірде Ғабдол Сланов, Қасым Аманжолов және тағы бірнеше адам жаздың әсем бір күнінде қала сыртына, Талғарды бетке алып, серуенге шығады. Сонда Ғабдол:

— Шын ақын екенінді білейін, мына Талғар шыңы туралы табан астында суырып салып, бір шумақ өлеңді шығаршы, — депті.

Сонда Қасым қолма-қол:

*Биіксің, Талғар, тамаша!
Тұрсың көкпен таласа,
Әттең ғана бауырыңда
Адамдар бар аласа, —*

деген екен [3; 309].

Ғабдол Сланов жаңа бөрік, жаңа пальто киіп келіп, Қасымға «байғазы бер» депті.

— Байғазыға бір ауыз өлең берейін, — депті ақын.

— Берсең бер, — депті жазушы.

Сонда ақын:

*Жігіттің көрдік, «жүйрік, шабанын да»,
Япыр-ай, бір шаба алмай қаламын ба?
Үстімнен қойды-ау түспей қара тоным,
Көк бөрік, көк жағаның заманында, —*

дегенде [3; 293], Ғабдол өте риза болып, Қасымды арқаға қағыпты.

Соғыстан кейін, 1948 жылдары Қасым Алматыдан үй ала алмай, көп қиындық көріпті. Қаланың кейбір басшылары ақынға ыңғай бермей, құрғақ сөзбен шығарып салыпты. Сонда ақын Қалалық атқару комитетінің төрағасы Айбасовтың кабинетінен шығып бара жатып:

*Берсең бер, бермесең қой, баспанаңды,
Сонда да тастамасын астанамды;
Өлеңнің отын жағып жылытармын
Өзімді, әйелімді, жас баламды, —*

деп [3; 242] жүре беріпті.

Бірінші Мамыр мерекесіне шыққан бір топ жазушылар жолдағы бір үлкен бастықтың үйін көріп, бәрі қызыға қарап, «осындай үйіміз болса...» десе керек.

Сонда Қасым ақын:

*Бір нән бастық жолдастың үйіне біз
Қараймыз да сыртынан сүйінеміз...
Қашан түсіп қалғаниша хатшы болмай,
Қайдан ақын болдық деп күйінеміз, —*

деген [11] екен.

Тағы бірде:

*«Маскарадтың» шығарып масқарасын,
Алматыда жортып жүр ерке Қасым.
Мазасын ап Қаратай Құрманычтың,
Жыр етіп жүр өзінің баспанасын, —*

деп [2; 68–69] өзіне-өзі достық әзіл жазып, жанын жұбатады.

Жазушылар одағының билльярд залында, араларында Жазушылар одағының сол кездегі төрағасы Сәбит Мұқанов бар, бір топ қаламгер билльярд ойнайды екен. Сонда Сәбең ұтса да, ұтылса да билльярд таяғын қолынан тастамайтын көрінеді.

Қаншама уақыт кезек күтіп тұрған жастар Сәбең батып ештеңе айта алмай, тосылған кезде қайтпас қайсар Қасым ақын:

*Айналып жүріп көтені,
Билльярд мұның не теңі, —*

дегенде, қасында тұрған ақын Леонид Кривошеков: «Қаске, переведи на русский» депті.

Сонда Қаскен:

*Страдая болезнью геморрой,
Зачем надо было ему
билльярдный бой, —*

деп қоя беріпті [12].

Өкпесін дерт тессе де, езілмеген қайсар ақын балағына жармасып, ит пен биттей өршеленген ергежейлілерге:

*Жазғанымды жамандап
Сен төккенмен жыныңды...
Мен жатқам жоқ алаңдап,
Қайтем сенің сыныңды.*

*Ауырсам да қажыман,
Құйған қайрат-жігермен,
Соның үшін жазылам,
Қайта аунап түлермін, —*

деп болашағынан еш күдер үзбеген [3; 309].

Бұған қоса Сарыарқаның сабазы:

*Аты шулы шығып тұр
Қасым деген бір ақын!
Киіп-жарып, басып жүр,
Болды-ау мынау қыратын!*

*Шығып тұр ғой бұ күнде
Қасым деген бір ақын,
Осы болар түбінде
Енелеріңді ұратын, —*

деуінен («Экспромт» [3; 120]) танбай кеткен.

Қанатты тіркестері осылай мақал-мәтелге айналып ауыздан түспеуі тек шын ақындардың, ұлы ақындардың ғана құдіреті болса керек.

Түйін

Армансыз адам болмайды. Ақын дүниеден озар алдында өзінің шәкірті әрі досы Сырбай Мәуленовке мынандай үш мақсатымды жүзеге асырмадым деп армандапты: «Біріншіден, Абайдай ой мұхитының алыбы дәрежесіне көтеріле алмадым, екіншіден, осы заманның батырлары туралы Александр Пушкиннің «Евгений Онегин» шығармасы өресінде өлеңмен роман жазайын деп едім, ол мақсатыма жете алмадым, үшіншіден, Парижде ғажайып романист, сұңғыла суреткер Виктор Гюгоның мыңдаған халық өз балконына шыққанын тағатсыз күндіз де, түнде де күтіп тұрады екен, мен де сондай мерейге ие болсам деп едім, оған жетуді тәңірім менің маңдайыма жазбапты» [13].

Бірақ, біздің ойымызша, Қасым арманы қазіргі уақытта толық орындалды деуге болады. Оның екінші өмірі өлең өрнегінде, ән әлемінде жалғасып келеді. Әсіресе Қ.Аманжоловтың ақындық мұрат-мақсатын, суреткерлік миссиясын анық таңбалаған, көркем бейнелеген туынды, әлбетте, оның «Өзім туралы» атты толғауы [2; 96–98]. Бұл Қасым — тағдырды бейнелеген көлемді де күрделі лирикалық баян Абайдың «Өлсем орным қара жер», Мағжанның «Жан сөзі» сияқты классикалық туындыларымен мазмұндас, бәлкім, деңгейлес дүние. Мұнда өмірге ақын болып келген адамның барша күдігі мен үміті, мынау жарық дүниеге айтар назы мен мұңы, өзегінен шыққан өлең-өнерге деген махаббаты мен құштарлығы соншалықты терең, соншалықты әсерлі айтылған. Сондықтан біз сөз түйінін ақынның осы ғажайып шығармасымен түйгенді мақұл көрдік:

*Өзге емес, өзім айтам өз жайымды,
Жүрегім жалын атқан сөз дайында.
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...*

*Аманжол Рахымжанның Қасымымын,
Мен қалған бір атаның ғасырымын.
Біреуге жұртта қалған жасығымын,
Біреуге аспандағы асылымын.*

*Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде.
Қай жерде үзіледі қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде?*

*Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сұрлеу-соқпақ?
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап?*

*Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.
Арпалыс алақұйын заманалар
Арбасып тұрып алды, мен не етемін?!*

*Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.*

*Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жыр сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап...*

*Ежелден еркебұлан Қасым едім,
Бұлқына тасып едім, басып едім.
Жүзім — жаз, көңілім — көктем, кең пейілді,
Жақсының жүрегіне ғашық едім.*

*Сөзім — жыр, лебізім — күй, ерке едім,
Өз жерім, өз елімде еркеледім.
Өмірдің алтын сарай аспанына
Қиялым қақты қанат ерте менің.*

*Кең жайдым құлашымды дүниеге,
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де
Әйтеуір, әрі-сәрі болғаным жоқ,
Ұқтым мен көңілімнің күйі неде...*

*Аяған жүрегім жоқ жолдасымнан,
Сый көрді небір сараң мол Қасымнан.
Жолдастың жүзін қайта алдым жинап,
Айрылсам ала көңіл он досымнан.*

*Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын,
Бақытын ойламаймын құр басымның.
Тымырсық түнек болсаң — дұшпаныңмын,
Ақ көңіл адал болсаң — сырласыңмын.*

*Боламын ақын Қасым әлі де мен
Өлеңін бөбегіндей әлдилеген.
Қанатын қағып жылдам келер жылдар,
Бәрін де қарсы аламын ән-күйменен.*

*Бір күні от өмірім қалса өшіп,
Қайран ел туған жерден кетпес көшіп.
Торқадай жамылып ап топырағын,
Жатармын өз жерімде бір төмпешік.*

*Дарига, о дарига, шіркін дәурен,
Басымнан таярмысың бір күн, дәурен?!
Жалт беріп жоғалар ма нажағайдай
Жүзінде шалқып тұрған күлкім, дәурен.*

*Тоқтамас өмірімнің сағатындай
Жүрегім енді қанша соғар тынбай?
Тыныш ма ақтық рет бір талпынып
Мерт болған балапанның қанатындай?*

*Түсірген ой сәулесін шар тарапқа,
Ақылдың алтын оты сөнген шақта,
Бұл күнде саңқылдаған сұңқар үнім,
Кетерсің судай сіңіп табиғатқа.*

*Сондықтан ап кел бері домбырамды,
Кеудеме күй қанатты қондыр әнді.
Берейін өмірімнен өлең жасап,
Шашайын оңды-солды сол мұрамды.*

*Дүниеге келер әлі талай Қасым,
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.
Өртке тиген дауылдай өлеңімді
Қасымның өзі емес деп кім айтасың?!*

Сөз соңында айтарымыз, Қасым ақынның қайсар, өршіл жырлары поэзия әлемінің қайталанбас асыл мұрасына айналды. Дауылпаз ақынның өлеңдеріндегі жиі ұшырасатын *дауыл, жел, жаһан, жүрек, қыран, намыс, нұр, от, өрт, сұлу, таң*, тағы басқа сөздер адам жанын рухтандырады. Қиялына қиял қосады. Жүрегіңді жаниды, отаншылдық сезіміңді оятады. Сөз жоқ, қазақ поэзиясының саңлағының бірде алмас қылыштай, бірде сылдырап аққан бұлақтай өткір де жан сезіміңді тербер сыршыл өлеңдері жыр өнерінің керегесін кеңітіп, шаңырағын биіктеткен жауһарлар. Сондықтан да ұлы тұлғаның дүниелері жайлы айтылар әңгіме қашанда ұшан-теңіз.

Өмірінің ең соңғы күндерінде, төсек тартып хал үстінде жатқанда жазған «Нұрлы дүние» атты өлеңінде [2; 118,119] ақын былай толқиды:

*Нұрлы дүние, шіркін дәурен,
Ойлаймын зой сені ылғи.
Көкейімнен кетпей сәулең,
Көкірегімде толқиды күй.*

*Қатты сырқат үстінде де
Бір сені ойлап қиналамын.
Өңім тұрсын, түсімде де
Сені қайтіп қия аламын.*

*Тірліктегі тыпыршыған
Бір күңіңе не жетеді!
Аулақ, ауру ыңырысқан,
Өмір күйі тербетеді!*

*Нұрлы дүние — думанды елім,
Жарқылдайсың жас айбынмен.
Бір сен үшін туған едім,
Бір сен үшін жасаймын мен!*

Нұрлы дүниені қия алмай, достарымен және жақындарымен жылай-жылай қоштасқан, артында таусылмас арманы қалған аяулы ақынымыз Қасым Аманжолов әрқайсымыздың жүрегімізде мәңгі-бақи сақталатын қасиетті есім болмақ. Оның өлмейтін өлеңінің құдіреті уақытпен бірге қайта түлеп, мазмұны жарқырай түсуде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік басылым / Құраст.: Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. — 196-б.
- 2 Аманжолов Қ. Дауыл. Өлеңдер. — Алматы: Жазушы, 2001. — 128-б.
- 3 Аманжолов Қ. Нұрлы дүние: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1991. — 392 б.
- 4 Қасым — жыр, Қасым — ән // Егемен Қазақстан. — 2011. — 7 қырк. — 4-б.
- 5 Қирабаев С. Мен қалған бір атаның ғасырымын // Орталық Қазақстан. — 2011. — 8 қырк. — 3-б.
- 6 Кәріпбеков А. Баспана... және Қасым ақын // Жас Алаш. — 2011. — № 36. — 11 мамыр. — 5-б.
- 7 Жаңқашұлы Ж. Жанартау ғой, жанды да кетті өртеніп // Орталық Қазақстан. — 2011. — 29 қазан. — 8-б.

- 8 Медетбек Т. Мен не жаздым мұнша қорлық кешкендей // Орталық Қазақстан. — 2011. — 7 мамыр. — 5-б.
- 9 Қайырбеков Г. Дауылды жыр төгіп өткен ақын // Қазақ. — 2007. — 1 маус. — № 22 (327). — 6-7-б.
- 10 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 1-т. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 1998. — 335,336-б.
- 11 Аманжолов Қ. Біздің дастан. (Таңдамалы өлеңдері мен поэмаларының бір томдығы). — Алматы: Жазушы, 1965. — 240-б.
- 12 Нысанов Т. Сарыарқаның сабазы // Орталық Қазақстан. — 2011. — 17 наур. — 2-б.
- 13 Тобаяқов Б. Өлең отыменен жылытқан ақын // Егемен Қазақстан. — 2011. — 23 там. — 5-б.

Р.С.Каренов

Вклад Касыма Аманжолова как поэта в отечественную поэзию послевоенных лет

В статье дана оценка творчеству К.Аманжолова в послевоенные годы. Отмечено, что в первые послевоенные годы им были созданы крупные эпические произведения, которые вошли «в золотой фонд» отечественной поэзии середины прошлого столетия. Описано, как повлияли на здоровье поэта бытовые неурядицы и преследования его недругов. Отмечена многогранность его поэтического дарования и отдается должное поэту как непревзойденному мастеру переводческого дела. Обосновывается необходимость дальнейшего углубленного изучения жизни и деятельности этой незаурядной личности.

R.S.Karenov

Slanting Amanzholov as the poet who has brought a new stream in domestic poetry in post-war years

The assessment is given to creativity of the poet in post-war years. It is emphasized that in the first post-war years it created large epic works. It is noted that they were included «into gold fund» domestic poetry of the middle of last century. It is described how affected health of the poet household disorders and prosecutions of its illnesses. Versatility of his poetic talent is marked out and paid tribute to the poet as to the unsurpassed master of translational business. Need of further profound studying of life and activity of this uncommon personality locates.

References

- 1 *Historic figures. Historical and informative editions / Originators: B.Togysbayev, A.Suzhikova*, Almaty: «Almatykitap» LLP 2006, p. 196.
- 2 Amanzholov K. *Hurricane. Verses*, Almaty: Zhazushi, 2001, 128 p.
- 3 Amanzholov K. *Light world: The chosen verses and poems*, Almaty: Zhazushi, 1991, 392 p.
- 4 *Slanting — poetry, Kasym — the song*, Egemen Kazakhstan, September, 7, 2011, p. 4.
- 5 Kirabayev S. *I as descendant of an eyelid*, Ortalyk Kazakhstan, 2011, September, 8, p. 3.
- 6 Karipbekov A. *Housing... and poet Kasym*, Zhas Alash, 2011, May, 11, 36, p. 5.
- 7 Zhankashuly Zh. *The titan who has burned down completely*, Ortalyk Kazakhstan, 2011, October, 29, p. 8.
- 8 Medetbek T. *What did I make to worry how many tortures?* Ortalyk Kazakhstan, 2011, May, 7, p. 5.
- 9 Kayyrbekov G. *The poet, having created unforgettable verses*, Kazakh, 2007, June, 1, 22 (327), p. 6-7.
- 10 *Kazakhstan: National encyclopedia, 1 / Editor-in-chief A.Nysanbayev*, Almaty: Main edition of the Kazakh encyclopedia, 1998, p. 335, 336.
- 11 Amanzholov K. *Ours dastan (An one-volume edition of the chosen verses and poems)*, Almaty: Zhazushi, 1965, 240 p.
- 12 Nysanov T. *The extraordinary personality from Saryarka*, Ortalyk Kazakhstan, 2011, March, 17, p. 2.
- 13 Tobayakov B. *The poet who has warmed us by the verses*, Egemen Kazakhstan, 2011, August, 23, p. 5.

М.І.Әбдуов, М.Қ.Жүнісова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: abduov_m@mail.ru)*

Жидебай батыр және XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар шапқыншылығы

Мақалада XVIII ғасырдағы қазақ-жоңғар шапқыншылығында аты шыққан Жидебай батырдың ерлігі туралы айтылады. Өзінің туған өлкесі, яғни Іленің бір сағасы Жиделі бойын, жаудан тазартқан Жидебай бейнесі сомдалған жырлар талданады. Авторлар тарихи мәліметтер мен жазба мұрағат деректеріне, шежірелік деректерге сүйене отырып, Жидебай батырдың өмір сүрген кезеңін, қайтыс болған уақытын, сол кезеңдерде болған азаттық қозғалыстар мен шайқастарды, Жидебай батырдың шапқыншылық замандағы жүргізген азаттық соғысын, басқа да тарихи оқиғаларды сипаттады.

Кілт сөздер: тарихи деректер, шайқас, соғыс, қазақ-жоңғар шапқыншылығы, Кенесары қозғалысы, Жидебай батыр.

Қазақ халқы атаның аманатын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді ауыздан ауызға көшіру арқылы жүзеге асырған. Нақыл сөздер, шешендік түйіндер, ақындық толғамдар, сыншылдық бағамдар, әсерлі аңыздар және тағы басқалары соның айғағы. Уақыт елегінен өте келе осылардың барлығы дерлік әуелгі иелерін жоғалтып, көпке тән ортақ мұраға айналады. Сондай қанатты сөздердің бірі:

*Сарыарқадай жер қайда,
Жидебайдай ер қайда? —*

деп айтылып жүрген ырғақты жолдар. Біраз жерлерде жарияланғанда мұны Қаздауысты Қазыбек би айтқан деген пікірлер қолданылып жүр. Біз осы туралы өз ойымызды ортаға салып көрелік.

Біріншіден, аталмыш нақылдың мазмұнына назар аударайық. Жарыса айтылып тұрған жолдардың екеуінде де сағыныш сазы, аңсау бар. Яғни, Арқадан ауып, өзге жерден қоныс алған адамның бойындағы туған жерге деген ыстық ықыластың табы жатыр. Сол тәрізді жаумен шайқастан қажыған, қалжыраған адамның арманы, яғни, Жидебай тәрізді батыр болса ғой деген көңіл ізденісі көрініс беріп тұр. Бір сөзбен айтқанда, бұл қанатты сөз Жидекең өмірден өткеннен кейін туған тәрізді.

Екіншіден, тарихи деректерде, еңбектерде Қаздауысты Қазыбекті 1767 жылы қайтыс болған деп беріліп жүр. Бұл мәлімет ұзақ зерттеулердің нәтижесінде алынған дәлелі болмақ. Олай болса, би Баба дүниеден өткен кезде Жидекең елуден жаңа асқан жігіт ағасы болып шығады. Ал, батырдың нағыз деген шағында сағынышқа толы туынды туғызу қисынға келмейді.

Үшіншіден, бұл жолдар шешендік толғаудың соңғы түйіні сияқты. Ал, алдындағысы ауыздан ауызға көшу барысында ұмыт болған болса керек. Яғни, Сарыарқаның тамаша табиғатын, жайылымын Жидебай батырдың ерлігімен сабақтастыра айтылған пернелі сөз болғанға саяды. Яғни, кезінде жыраулар мұрасының үлгісінде туған, көлемді толғау ма, болмаса жыр ма шығарылған тәрізді. Өкініштісі, біздің заманымызға сақталып жетпеген.

Төртіншіден, тілі мен тұлғасы осы тектес туындылар XIX ғасырдың алғашқы жартысында халық ақындарының шығармаларында кездеседі. Атап айтқанда, Арқаның тыныс-тіршілігі мен табиғатын аңсау, оған деген сағыныш сезімін ақындарға тән әсерлі жолдармен жария ету Дулат Бабатайұлының «Сарыарқа» өлеңінде бар:

*О, Сарыарқа, Сарыарқа,
Самалы салқын жон едің.
Сырдан ауыл келгенде
Жапырылмай шалғынның
Балауса балдыр балғынның,
Тимеген ірге соны едің.
Жылқының тобы бусаған,
Ыңыранып қой жусаған.
Шөбіңді сенің тапқан мал,
Құлын малы сусаған.*

*Масаты кілем жайғандай
Қоныстың шұрай жері едің!*

Тағы бір мәселе «қайда?» сөзі іздеу немесе іздену мағынасын аңдататын сұрақ. Олай болса, мұндай жол аяқтамалары XIX ғасыр ақындарында жиі кезігеді. Мәселен, жұртқа танымал Махамбеттің «Ұлы арман» өлеңіндегі:

*Желп-желп еткен ала ту,
Жиырып алар күн қайда?
Орама мылтық тарс ұрып
Жауға аттанар күн қайда? —*

деген жолдар біздің пікірімізді айғақтай түседі. Сонымен, аталған жолдардың авторы кім?

Жидебай батырды XIX ғасырдың басында (1813 ж.) қайтыс болған деп беріліп жүр. Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, жоғарыдағы пікірімізді сабақтастырар болсақ, аталмыш жыр жолдары XIX ғасырдың алғашқы жартысында туған болып шығады. Ал, бұл кезеңде Сарықаны сағынардай ел есінде қаларлық қандай тарихи оқиға болып еді? Бірден-бір назарға алынатын ауқымды жағдай — Кенесары қозғалысы. Көкшетау өңірінде өмірге келіп, кең даланың керемет қасиетінен сусындап өскен жас төре өзін азат елдің азаматы ретінде көрсетуге соңғы сәтіне дейін жан аямай күресті. Сұлтанның соңғы шайқасы Кекілік тауында қырғыздармен болған айқас еді. Белгілі тарихшы Ермұхан Бекмахановтың: «Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы» деп аталатын монографиясында мынадай деректер берілген: «Кенесарының қырғыздармен соңғы шайқасы Тоқмақ ауылының шығыс жағында, Бішкек қаласына жақын Кекілік тауларында болды. Кенесары әскерлері Шу өзенінен бір шақырым жердегі Майтөбе деген жазықтау жерде орналасты. Қырғыздар бұрыннан Майтөбені «қанды жер» деген екен [1].

Майтөбеге солтүстік-шығыс жағынан Кекілік тауы жалғасып жатады, жергілікті халық оны «Қасиетті төбе» деп атайды. Осы төбенің батысында Шу өзеніне дейін созылған Қарақоныс жазығы жатыр. Осы алқап екіге бөлінеді: бірі «Алмалы сай» еді. Кенесары штабы Майтөбеде орналасқан болатын. Әзірге дейін бұл жерлерде уақытша бекіністердің, Кенесары жақтастары қазған бекініс орындары сақталған.

Кенесарының қырғыздармен шайқасының тағдыры қырғыздар жеңісімен аяқталатыны алдын ала белгілі еді. Біріншіден, патша отрядтарының басшылары манаптармен әскери қимыл жоспарын кеңесіп отырды. Генерал-майор Вишневскийге баяндамасында есаул Нюхалов былай деп жазды: «Мен белгілі билерге — бұғы руының биі Боранбай Бекмұратовқа, сарыбағыш биі Ормон Ниязбековке, солты руының биі Жанқараш Ескожинге хат жолдап, Кенесарыны ортақ жау ретінде жоюға шақырдым».

Екіншіден, қазақ сұлтаны Рүстем және Сыпатай би Кенесары қозғалысына тонаудан қорқып қосылған адамдар еді. Шайқас болардың алдындағы түнде олар Кенесары қатарынан қашып кетті. Ол туралы Мәтібек Бекқожаев былай дейді: «Сыпатай мен Рүстем төре түнде өз әскерлерін бөліп алып, Шу өзенінің арғы жағына өтіп, «Мықан суына» жеткен соң өткел іздеп, таң атқанша жүрді. Осы кезде оларды қырғыз әскері байқап қалып, шабуыл жасады. Артта жау, алда өткел бермес батпақ су, міне, осындай жағдайда қазақтар қырылып, бір бөлігі қолға түсті» [2].

Бұл мәселені Естай Мырзахметов «Сардаланың сардары» зерттеуінде қуаттай түседі. «Ұрыста тұрыс жоқ» деген, ақтық айқас 1847 жылдың көктемінде Кекілік тауында өтеді. Бұл қырғызбен ежелден ауылы аралас, қойы қоралас, қатар көшіп-қонған, қыз алысып, қыз беріскен Ұлы жүз жігіттері үшін ауыр сын болып еді. Олар қырғызға қарсы қару көтеруді жөн көрмейді де, ертең шешуші ұрыс болады деген күннің түнінде Дулат руының батыры Сыпатай мен Рүстем би 12 мың жігітті ертіп түн қараңғылығын жамылып, Кенесарыны тастап кетіп қалған емес пе? Өзінің шын берілген 4 мыңдай ғана жігітімен жау қоршауында қалғанын Кенесары таңертең бірақ көріп санын соғады». Келтірілген үзінділерден екі мәселені анық аңғарамыз. Біріншісі, шайқастың таулы өлкеде өткендігі. Саны жағынан басым түсетін қарсыластарының жасақтарын шегіне соғысып, немесе, із тастап кейін шегініп, бүйірден қайтадан түйіп, әлсіретіп барып жеңетін тактиканы қолдана алмаған сұлтанның сағымды Сарыарқаның жазық даласын сағынышпен еске алуы әбден мүмкін мәселе. Екіншіден, сенім артып жүрген батырларының бір бөлігі ескертусіз тастап кеткенде, Жидебайдың ерен ерліктерін естіп өскен (мүмкін көрген де шығар, өйткені сұлтан 1802 жылы туған, айтылып жүрген мәліметтер бойынша, Жидебай батыр қайтыс болғанда Кенесары 11 жаста болып шығады) ол қолбасылардың Жидебай тәрізді болмағандығына назаланып, батыр жайлы ой толғауы да әбден мүмкін. Ал, Жидебай Абылайханның арнаулы батырларының бірі болғандықтан, ерлігі туралы бала

кезінде сұлтанның естімеуі мүмкін емес еді. Сонымен, пікірімізді жинақтай келе, біздің айтар тұжырымымыз:

Сарыарқадай жер қайда?

Жидебайдай ер қайда? —

деген пернелі де термелі нақылды Кенесары Қасымұлы айтқан демекпіз. Олай болса, кейбір ауызекі әңгімелерде не себепті Қаздауысты Қазбек би айтты деп алынып жүр? Бұл тұрғыдан келгенде ел аузында сақталып жеткен осы жолдарға үндес әрі мәндес, батырдың ерлігін дәріптеуге негізделген тағы да бір нақыл бар. Ол:

Замана өтпес болсайшы-ай!

Жидекем өлмес болсайшы-ай!

XVIII ғасырдың орта шенінде болған қазақ-жоңғар шайқастарында ерлігімен ерекше көзге түскен Жидебай батыр туралы би Бабаның мұндай қанатты жолдарды өмірге әкелуі ақылға сиымды, көңілге қонымды. Келтірілген екі нақылдың стилі, тілі, сөздік қолданысы әр түрлі. Бір адам айтқан деуге қисыны келмейді, сабақтастырып тұрған, біріншіден, бір адамға арналғандығы, екіншіден, мазмұнымен мәндес болғаны. Сондықтан соңғы сөзді Қаздауысты Қазбек би айтқан десек, қателеспейміз.

Жидебай батыр туралы әңгіме қозғағанда біз үш түрлі бағытта ой қорытуымыз керек тәрізді. Алғашқысы — өмір жолы туралы, екіншісі — батырлығы, ерлігі жайлы пікір мәліметтер, үшіншісі — шешендігі, тапқырлығы туралы деректер, болжамдар, тұжырымдар.

Ұлттық рухани мұраның жанашыры М.Ж.Көпеевтің «Қазақ шежіресі» кітабында мынадай мәліметтер келтірілген: «Қожаназар ел жұртына аман-есен келді, қатын алды, бір ұл туды. Атын Жидебай қойды. Жидебай құрттай бала күнінде тапқан шешесі өліп қалып, Қожаназар бір тоқал алды» [3]. Әрине, бұл ел аузынан жеткен аңыздың желісінде жазылған мәселе. Десек те, екі түрлі жайтқа қанық боламыз. Біріншісі, Жидебайдың әкесінің Қожаназар екеніне, шежірелік деректерде де осылай айтылады. Бірақ бір әңгімеде бірінші әйелінен туған десе, келесі бір жерлерде екінші әйелінен туғызады. Екіншісі, жастай анасынан жетім қалуы және бір анадан жалғыз болғандығы. Бұл екеуі де маңызды деректер. Біз жоғарыда Қожаназардың жоңғарлар қолынан босап келген уақытын 1712 жыл деп пайымдаған едік. Осы байламды басшылыққа алсақ, Жидебай 1713 жылы туған болып шығады. Батырдың ескі мазарына қойған көктаста Жидебайды XVII ғасырда өмір сүрген деп көрсеткен еді. Осыған орай, нақты кезеңді айқындау мақсатында зерделеу жұмысын жүргізіп 1986 жылы «Білім және еңбектің» № 9 санында «Жидебай батыр» деген атпен мақала жариялаған едік. Біздің тілімізге тиек болған мәселе Жидебайдың Абылай ханға батыр болғандығы. Ал, Абылай хан 1711–1781 жылдар аралығында өмір сүргендігі тарихи мәліметтер мен жазба мұрағат деректері арқылы толық дәлелденген. Олай болса, Жидебай батыр да XVIII ғасырдың адамы. 5 жасында анасынан, 7 жасында әкесінен айырылған Жидебайдың жаугершілік замандағы балалық шағы жеңіл болған жоқ.

«Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» кітабында 1723 жылғы оқиғаға байланысты мынадай мәлімет берілген: «1723 жылы көктемде жоңғарлар Ұлы және Орта жүздің жеріне басып кіреді. Қаратаудан асып Талас өзеніне дейін жетеді. Қазақта бұл уақытта шабуыл бола қояды деп ойламаған, жайлауға көшуге дайындалып жатқан кезі еді. Елді жаппай қырып, үйін, малын тонап, айдап әкетіп жатты, тірі қалғандар туған жерін тастап қашуға немесе жоңғар билігіне көнуге мәжбүр болды. 1724–1725 жылдары жоңғарлар Ташкент пен Түркістанды басып алды. 1723–1727 жылдар тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен белгілі. Бұл жалпы қазақ халқының басына түскен қасіретті кезең болды. Қазақтар 1 млн 100 мың адамынан айырылды, демографиялық апатқа ұшырады. Демограф М.Тәтімовтың есебі бойынша, қазақ хандығы құрылған кезде (1465 ж.) қазақ халқының саны 1 млн 100 мың, 1723 жылы 3 млн 330 мың, ал 1725 жылы 2 млн 222 мың болды». Бұл үзіндідегі екі пікір көңілге қонымды болса, келесі екі пікір күдік келтіреді. Қонымдысы жоңғарлардың 1723 жылы көктемде шабуылға шығуы. А.Сейдімбектің айтуы бойынша, жұт болған жылдан азып-тозып шыққан жұртқа есін жиғызбай дұшпандардың басып кіруі қисынға дөп келіп тұр. Екіншісі, қазақ халқының 3 млн жобасында болуы. Көп те емес, аз да емес көрсетілген шамада шығуы мүмкін жайт. Күдік келтіретіні — қазақтардың бейғам отыруы. Өйткені бұған дейін де ғасырдан астам уақыт созылып келген, ата жауына айналған жоңғарлардан кезекті соққыны күтуі және шамасы жеткенше дайындалып отыруы табиғи қажеттілік. Онда қазақ халқы неліктен жеңіліске ұшырады? Бұл тұста, біздің ойымызша, екі түрлі себеп бар. Біріншісі, алдындағы айтылған — жұт болса, екіншісі, жаудың жойқын күшпен сақадай сай дайындалып келуі. Екінші күдік — 1723–1727 жылдардың арасын «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның» аясына енгізіп жіберуі. Өйткені

1726 жылы елдің игі жақсылары Ордабасы деген жерде бас қосса, ол жағдай қалықтың еңсесін көтерілгендігін көрсетеді. Ал, «Ақтабан шұбырынды» босқынға ұшыраған кезең болып саналатындығы тарихтан белгілі. Ш.Уәлиханов оны 1723 жыл деп атайды. Яғни, біздің ойымызша, зобалаң жылдар шамамен бір, әрі кетсе бір жарым жылға созылған болуы мүмкін. Сондықтан, аталған кезеңге 1723–1724 жылдарды жатқызған жөн сияқты. Тағы бір айта кететін мәселе, 1 млн жуық адамды жоғалтса, орташа есеппен алғанда, жиырма пайызы қария және егде, ал қырық пайызы жиырма мен елудің, қалған қырық пайызы жиырма жасқа дейінгі бала, бозбалалар болуы да мүмкін. Сонда 400 мың адам ересектер болса, олардан 200 мыңға жуық жауынгерлердің шығуы табиғи құбылыс. Олай болса, қазақ жеріне шабуыл жасаған жоңғар әскерлері де 100 мыңнан кем болмаған.

Жидебай бұл кездері 10–11 жастағы есі кіріп, етегін жинаған бала еді. Неше түрлі сұмдықтарды, аяусыз азаптарды көзімен көрді, апа-қарындастарынан, аға-бауырларынан, дос-жораларынан айырылды, олардың өлімі көз алдында өтті. Осындай жәйттер оның патриоттық сезімін оятты, шыңдады, дұшпанға деген өшпенділігін арттырды, жүрегінен кешірілмес кекті орнықтырды. Міне, осындай адам өмірінде сирек кезігетін үш түрлі құбылыс оны халық батыры етіп дайындап шығарды.

Таяуда танымал ғалым М.Жолдасбековтың «Жидебай батырдың 300 жылдығы атаусыз қалуға тиіс емес» («Егемен Қазақстан», 4 сәуір 2013 жыл) деген мақаласы жарыққа шықты. Онда: «Жидебай батыр Аңырақай шайқасына, Қаншенгел, Ақсүйек соғысына қатысып, ерлік көрсеткен. Баян тауын, Ертіс маңын, Нұра бойын, Қарқаралы, Ұлытау, Ақмола, Балқашты азат еткенде мыңбасы, Тарбағатай, Аягөз, Талдықорған, Құлжа, Алатау, Талғарды азат еткенде әскербасы болған. Талғар қаласы маңындағы Жидебай асуы, Абай қыстауындағы Жидебай қорығы осы батырдың атымен аталған» деп жазылған. Ғалым батырдың шапқыншылық замандағы жүргізген азаттық соғысының картасын жасап берген. Ел аузында сақталған аңыздар да осы пікірді қуаттайды.

«Жидебай батыр» жырының Е.Құлсариев жырлаған нұсқасында батырдың 15 жасында жауға аттанғандығы айтылады: «Қанша көтерсе де өгейлік артып, он бес жасқа жеткен соң, қашып, Абылайдың қолы аттанып кеткен екен, әкесінің көкбесті атына мініп, соның артынан қашып жөнеледі». Егер ауыз әдебиетінде дәстүрге айналып, жиі қолданылатын сарындарды алсақ, адам жаратылысына орай (9 ай) 9 жас, немесе, мүшел санына орай 13 жас көп көрініс береді. Ал, жырдағы он бес жастың ешқандай сарынға қатысы жоқ. Олай болса, осы негізді басшылыққа ала отырып, жас мөлшерін шындыққа жанасымды, ақиқатқа біршама жақын деп пайымдауға болады. Яғни, 1713 жылға 15 жасты қоссақ, 1728 жыл шығады. Тарихшылардың пайымдауынша, Аңырақай шайқасы не 1729 жылдың, не 1730 жылдың көктемінде өткен. Бұл кездері Жидебай 16,17-лердегі бозбала болып шығады. Аңырақайға байланысты екі жылды қатар ұсыну себебіміз мынада. М.Тынышбаев өзінің «Великие бедствия» деген зерттеуінде: «Таким образом, можно считать установленным, что первые победные наступления казаков относятся к 1726 году или немного позже (1727 год) и что Анракайское побоище и смерть Болате произошли не позднее весны 1730 года, так как в июле того же года посольство Абулхайра было уже в Уфе» деп жазса [4; 90], «История Казахстана: белые пятна» деген ғылыми мақалалар жинағында жарияланған В.А.Моисеевтің еңбегінде: «В 1729 году в 120 км к югу от озера Балхаш произошла последняя в этой войне битва. Ойраты опять потерпели поражение» деп жоңғарлардың ойсырай жеңілгендігі жайында мәлімет береді. Ал осы деректі «Қазақстан тарихы» деген кітапта да қуаттайды: «1729 жылы көктемде Балқаш көлінің маңында қазақ пен қалмақтың арасында тағы бір қатты қырғын соғыс жүрді.

Бөгенбай, Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Жәнібек, Бөкенбай, Малайсары сияқты атақты батырлар бастаған қазақ қолдары мен жасақтары қалмақ әскерлеріне екінші рет күйрете соққы берді. Майдан даласында мыңдаған әскерлер қаза тапты. Көбі қырылып, жаралы болып, жаны шықпай жатқан жау әскерінің аңыраған дауысы бірнеше күн даланы басына көтерді. Бұл жер кейін Аңырақай деп аталып кетті. Сөйтіп Аңырақайда аяусыз соққыға душар болған Шуно Дабос басқарған қалмақ әскерлері Іле өзенінің бойымен шығысқа қарай қашуға мәжбүр болды». Аңырақай шайқасы туралы жазылған дерек мәліметтер хабарлама тұрғысында қысқа түрде берілгенімен, соғыстың өзі қазақ халқы үшін осал болған жоқ.

Аңырақай шайқасы қазақтың Абылай бастаған бір лек жас батырларын досқа да, дұшпанға да паш етті. Солардың санатындағы Жарылғап, Наурызбай, Райымбек, Олжабай, Сеңкібай тәрізді тұлғалардың есімі мен ерлігі аңызға айналып, ел ішіне таралды. «Елтұтқа» жинағында: «Байғозы батыр өз кезінде Болат, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Абылай сияқты хандардың алдын көрді. Төле, Қазбек, Едіге, Бұқар сияқты би-жыраулардың ұлағатты сөзін естиді. Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Жанатай сияқты батырлардан тәлім алды. Керней Жарылғап, Әлтеке Жидебай, Шанышқылы

Бердіқожа, Шапырашты Наурызбай сияқты батырлармен төс тигізген дос болды», — деп жазған. Дұшпандардың жеңілуіне себеп болған да, жоңғарлардың бетін қайтарған да осылар еді. Ал, жасы қырықты алқымдаған Бөгенбай, Қабанбайлар болса, жекпе-жекте де, жаппай шабуылда да жастарға жолын беріп, олардың танылуына жағдай жасады. Көпшілігінде ақыл-кеңес, айла-тәсіл үйретуге ерекше назар аударды. Өйткені батырлардың келесі легін дайындап шығару солардың мойнындағы міндет еді. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, ел аузында сақталып жеткен аңыздардың баяндауына қарағанда Аңырақай өлкесіндегі соғыс екі аптаға созылыпты.

Әрине, сол соғыстағы елеулі оқиға Абылайдың Шарышты жекпе-жекте мерт етуі. Бірақ бұл шайқас басталған күні болған оқиға емес, бірнеше күннен кейінгі өткен жағдай. Осы шайқаста Жидебай екі түрлі бағытта танылған және атағы бірден сарбаздардың арасына жайылып кеткен. Алғашқысы туралы, нақтырақ айтқанда, көйлегін ту етіп көтерген айла тәсілін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Ал, екіншісі, жоңғардың Серен деген батырымен жекпе-жекке шығып жеңіске жетуі. Бұл оқиға «Жидебай батыр» жырында да берілген. Бірақ онда жау жағының батыры Сезен деп алынған. Шамасы араб жазуынан аударып басқанда жаңсақтық кеткен тәрізді. Өйткені «р» мен «з» әріптерінің жазылуы ұқсас. Нақты айтар болсақ, «з» әріпінің айырмашылығы шекесіне қойылатын нүктесінде ғана, егер нүкте болмаса «р» деп оқылады. Ал, Серен есімі жоңғарларда бар. Оған олардың ханы Қалдан Сереннің өзі-ақ дәлел бола алады. Бірақ жырдағы Серенді жоңғардың ханы деп айтуға болмас, өйткені дерек жоқ. Десек те, Серен деген есімді кез-келген адамға қоя бермеген. Сондықтан жырдағы батырды жаудың ірі қолбасшысы деп айтуға қақымыз бар. Ел аузындағы аңызда, жырдағы сюжет те соған мегзейді. Тағы да бір айта кететін мәселе жырда ауыз әдебиетіне тән құбылыс тұтастану бар. Яғни, бірнеше оқиғаны жинақтап, бір оқиғаға айналдырып жіберу. Мысалы:

*Сен шүршіттің Сезені,
Таласымыз Алатаудың кезеңі.
Сен қазақты үш шаптың
Сонда да қазаққа қалды,
Сарыарқаның өзені.*

Бұдан әрі қарай жекпе-жекте Сезен қаза табады:

*Жидебай батыр тап бергенде,
Көк сүңгіні сермегенде,
Айбалтамен қатты қағып сындырып,
Сезен батырды өлтіріп.*

Жидебай мен Сереннің (Сезеннің) жекпе-жегі шайқастың соңғы күндерінде болған. Оған дейін Жидебай талай рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жетіп отырған. Ал, Серенді өлтіруі батырға үлкен бедел-абырой әкелгендігі анық. Бірақ бұл жекпе-жек Аңырақай өлкесінде өткен. Ал, жоғарыдағы Алатаудың кезеңіне таласуы, қазақты үш рет шаптың деуі бізге Жидебайдың жоңғар ханы Қалдан Серенмен де жауаптасқандығынан мәлімет береді. Бірақ бұл екі жыл өткен соң 1731 жылы Іле Алатауының биік кезеңіндегі болған оқиға. Ол уақытта Жидебай Ақсүйек, Қаншеңгел, Күрті өлкесіндегі шайқастарда талай тамаша ерліктерімен танылып, «жеңілуді білмейтін Жидебай» аталып, мыңбасы дәрежесіне жеткен он сегіз, он тоғыздардағы жігіт еді. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда, Жидебай мен кезеңдегі кездесуге Қалдан Сереннің өзі келеді. Ханды келтірген екі түрлі себеп болды. Біріншісі, Жидебайдың есімі жоңғарлар арасына да тез тарады. Жас та болса, бас бола білген қазақ батырын қалмақтың ханы өз көзімен көргісі келді. Екіншісі, тыңшылар арқылы танымалы тұлғалардың шыққан тегін, маңайын біліп отырған жоңғарлар Жидебайды Достың немересі, Қожаназардың баласы екендігінен хабардар болған. Хан «қалмаққа таң атырып, күн шығармаған» қазақ батырының ұрпағын көргісі келсе керек. Кезең үстіндегі кездесуде Қалдан Серен: «Сенің атаң да, әкең де біздің қолдан өлген. Атаңның басын шапқанда қаны ие бермей жан-жаққа шашырапты. Сонда біздің атамыз мына қазақ батырының соңында ұрпақ қалып, бізге күн көрсетпейтін ер болып шығады екен, байқауда болыңдар депті. Сол батыр сен шығарсың деп келдім. Мен жоңғардың ханымын, сен қазақтың мыңбасы батырысың. Мен сенімен жекпе-жекке шықпаймын, өйткені дәрежем жоғары, хандығыма сын. Бірақ біздің әскер сенің әскеріңнен үш есе көп. Үкімді хан ретінде мен айтамын. Саған жекпе-жекке үш батырымды шығарамын. Сен жалғыз үш батырыммен айқасың, егер жеңсең, біз осы өңірді тастап жеңілдік деп кейін шегінеміз, ал жеңілсең, біріншіден, басың кетеді. Екіншіден, қолың жеңілдік деп кейін қайтады», — депті. Сонда Жидебай: «Менің атам найзагер болған, атамның кегі деп бір батырыңды найзамен шаншып өлтіремін, әкем Қожаназар

айбалтамен жауға шапқан, екінші батырынды әкемнің кегі деп айбалтамен шауып өлтіремін, өзім қазақы қайқы қылышпен шабуылдаймын, бауырларымның кегі деп үшінші батырыңның басын қылышпен аламын, бірақ шығаратын батырларың кем дегенде мыңбасы болсын», — депті. Сөйтіп, кезеңнің үстінде жоңғардың үш бірдей мыңбасы батырын дәл өзі айтқандай етіп жер жастандырыпты. Қалдан Серен де уәдесінде тұрып әскерлерімен кейін қайтады. Шегінер алдында елшісін жіберіп, кезеңнің атын Жидебай асуы деп атаңдар деп аманат қалдырыпты. Мұндай жайтты қалмақтар тарапынан бірнеше жағдайлардан аңғаруға болады. Солардың бірі Қазыбекке Қонтажының Қаздауысты деген айқындауышты қосып беруін. Яғни, түрлі ұсыныстарды аманат ету сол замандарда дәстүр болғанға ұқсайды. Сонда «Жидебай батыр» жырында Аңырақай мен Алатаудағы шайқас тұтастанып кеткендігін көруге болады. Ал кейбір аңыздарда Аңырақай шайқасында Жидебаймен жекпе-жекке шыққан Қалдан Сереннің ағасы дегенді де айтады. Жидебайдың Іле Алатауындағы асуы туралы мәліметтер географиялық деректерде берілген.

Енді сәл шегініс жасап Жидебайдың Аңырақай шайқасына келуі туралы мәселені топшылап көрейік.

«Ақтабан шұбырынды» кезінде босып кеткен жұрт Сырдариядан өтіп барып аялдағандығын жоғарыда айтқан едік. Мұнан туындайтын ой Жидебай да бала кезінде Сыр бойында болған. Сондай-ақ Абылай хан да жастық шағын сол өңірде өткізген. Оған Бұқар жыраудың толғауы дәлел:

*Ал, тілімді алмасаң,
Ай, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.*

Абылайдың балалық шағының Түркістанда өткендігін Тәттіқара ақын да өз толғауында айтып өткен.

*Кеше тоқыраулы судың бойында,
Тоқал терек түбінен,
Ніл дарияның басынан,
Құмкент шаһарының қасынан,
Перінің қызы Перизаттан туған
Қарамерген атасы,
Сөзімнің жоқ қатасы.
Кеше бұл тұрымтайдай ұл еді-ау,
Түркістанда тұр еді-ау,
Әбілмәмбет ағаң,
Қызметші жүрген ұл еді-ау,
Үйсін Төле билердің,
Түйесін баққан теріс аяқ құл еді-ау.*

Ақын-жыраулардың шығармасындағы айтылған Түркістан қаласы Сырдарияға жақын, барлығы бір өңірде орналасқан. Олай болса, елдің араласып жатқан жаугершіліктен кейінгі заманында Абылай мен Жидебайдың бірімен-бірінің кездесуі әбден мүмкін. «Жидебай батыр» жыры да осыны куаттайды. Ел ішінде жүрген хабаршылардан қолдың қай жерде жасақталып жатқандығынан көпшілік хабардар болып отырды. Жан-жақтан ағылып келіп жатқан өзге де топтар сияқты Абылай да өзінің қатарластарымен сол қосынға қосылған болатын. Мұндай міндет жас Жидебайдың да иығына түсті. Қалың қолға қосыламыз деп шешім қабылдаған Майқы атаның ұрпақтары Қабанбайдан бата алды деп және кешегі Дос батырдың кіндігінен тараған ұрпағысың деп басшы болып баруды жаса та болса Жидебайға ұсынды. Ал жырда Жидебай жалғыз өзі аттанады:

*Осы қолдың ішінде,
Батырлар бар өңшең ер,
Ұланды би үлгілі
Ақылы бар кемеңгер.
Садақшылар бір бөлек,
Толып жатқан ерендер.
Мен де іздеп келемін,
Өлі-тірі аруақ
Қолдап мені жебеңдер.*

Жыр — көркем туынды. Сондықтан оны шығарушы басты кейіпкерді даралап, ерекшелеп көрсету үшін түрлі тәсілдерді қолданары анық. Және мұндай сипат, халық ауыз әдебиетінде кең орын алған. Олай болса, жырдарғы Жидебай бейнесі осындай дәстүрлі тәсілді бойына сіңірген кейіпкер.

Сонымен, ақиқатында Жидебай Аңырақай өлкесінде жатқан жасаққа кем дегенде жүз қаралы жігіттерімен келіп қосылған. Осы тұста айта кететін тағы бір мәселе бар. Үлкен қосынға келіп қосылған сарбаздарды жүздікке, мыңдыққа бөліп жүйелеуде ішінара бәсекеде кездесті. Әркім танымалы батырлардың мыңдығына барғысы келді. Осындайда Жидебай өзіне бата берген Қабанбаймен кездесіп оны жігіттерімен Қабанбай батыр Бөгенбай қосынына жіберді, сөйтіп, өзімен еріп келген жігіттеріне Жидебайды жүзбасы етіп тағайындайды. Бірнеше айға созылған осы жасақталуда жас Жидебай көптеген замандастарымен танысады, түрлі жаттығулар барысында ептілігімен де, мықтылығымен де көзге түседі. Бұрыннан білісіп қалған Абылайлармен бірге жүреді. Біздің ойымызша, Жидебай батырдың қазақтың болашақ ханымен қарым-қатынасы осылай басталған болса керек.

Аңырақай соғысында қатты соққы алып жанталаса шегінген жауды түре қуу мақсатына жеткен қазақ әскерлері үш бағытта жол тартады. Олар — Ақсүйек, Қаншеңгел, Күрті. Ақсүйектен аттанған қосынды Бөгенбай батыр басқарады. Осы қолдың арасында болған Жидебай бұл жолы тағы бір қырынан танылады. Түнімен дамылдаған қол таң ата аттанайын десе, жер бетін қалың тұман басып жүру мүмкіндігі болмай қалады. Тұманның ашылуын күтейік деген ұсыныстар түседі. Осыны естіген Жидебай Бөгенбай батырға келіп:

– Батыр аға! Бізге уақыт қымбат, «Қашқан жауға қатын ер» деген, есін жиғызбаған дұрыс, — дейді.

– Не айтарың бар? — депті Бөгенбай.

– Сіз қол бастауға дайын болсаңыз, мен жол бастауға дайынмын. Егер қабыл алсаңыз, жатқан жаудың үстінен түсіремін, — депті Жидебай.

Сөйтіп, батырдың келісімін алып, жолбасшы болған Жидебай бесін мезгілі кезінде тынығып жатқан жаудың дәл үстіне алып келеді. Қаперсіз жатқан жоңғарларды тас-талқан етіп, екі күннің ішінде бір бөлігін қолға түсіріп, қалғандарын бет-бетімен бастырып жібереді. Осындай тапқырлығына риза болған Бөгенбай Жидебайды мыңбасы етіп тағайындайды.

Сонымен, Жидебай өзінің мыңдығымен туған өлкесін, яғни, Іленің бір сағасы Жиделі бойын жаудан тазартуға аттанады. Үш күннің ішінде сардаланы толық сүзіп өтіп, келесі күні Қаншеңгелдегі орныққан қалмақтарға бүйірден тимек болып, Іле мен Жиделі өзендерінің түйіскен тұсында бір түн дамылдайды. Кешкілік жүзбасылар жиналған кезде Жидекеңнің жанында жүрген тәжірибелі көпті көрген жасы елулерді алқымдаған Түйебалуан деген кісі көпшілікке әңгіме үстінде сөз тастайды:

– «Көп тілесе, көл болар, көп жиналса қол болар» демекші мынау Жиделі өзенін жиде өсімдігі мол болғаннан кейін кезінде солай атап кеткен еді, атын алса заты қалар, Жидебай жаста болса бас батыр, осы өзеннің төменгі ағысын Жидебай өзені деп атасақ, жөн болар, осыған қалай қарайсындар? — дегенде, көпшілік қауым қолдай кетіпті. Сонымен, өзеннің бір жақ жартысы Жидебай өзені атанады. Бұл туралы «Жерімнің аты — елімнің хаты» деген энциклопедиялық анықтамалықта: «Жидебай — өзен. Жиделі өзенінің төменгі ағысы Кербұлақ ауданында. Кісі есімінен қойылған атау», — деп жазған.

Сөйтіп, Сыр бойынан Аңырақайдағы шайқасқа келген Жидебай 1729–1732 жылдар аралығында Аңырақай-Ақсүйек-Жиделі-Қаншеңгел-Күрте-Іле Алатауына дейін жүріп өтіп, аласапыран соғыстарда алдыңғы саптан көрініп, кемел батыр дегейіне көтеріледі.

XVIII ғасырдың 30-жылдарының ортасына дейін қазақ халқы Сарыарқаны толық әрі тұрақты түрде мекендеп отырмаған. Қысқы кезеңде, нақтырақ айтқанда, суық айларда жылы жақта болып, тек жазда жайлауға шыққан уақыттарда ғана Арқа өңіріне табан тіреген. Бұл туралы біраз тарихи зерттеу еңбектерінде айтылып жүр. Мәселен, тарихшы-ғалымдар Ж.Артықбаев пен М.Жакин былай дейді: «XVIII ғасырдың 40–50-жылдары қазақ-қалмақ, қазақ-қытай арасындағы жаугершілік «Сырдың бойын жаратпай, Сарыарқаны қыстаймыз» деп келген Орта жүз қазағы үшін жайлы болған жоқ» [5]. Яғни, Орта жүз халқының Арқаға 40-жылдардың соңына қарай қоныстанғандығын сездіріп тұр. Енді Арқаға келу себебіне ой жүгіртіп көрейік. Б.Жұмабаева «Қазақстан тарихы» еңбегінде: «Қазақтың үш жүзінің басын қосып біртұтас тәуелсіз мемлекеттігін қалыптастыруға тиісті Үлкен Орданың басына хан болуға үш хан таласады. Бірінші үміткер Болат ханның інісі, Орта жүздің ханы Сәмеке болды, екінші үміткер Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, үшіншісі Болаттың ұлы Әбілмәмбет болатын. Аға хан болып көпшілік билер қолдамаса да, Болаттың ұлы Әбілмәмбет сайланды. Тарихшылардың

долбарлауы бойынша, мұндай таңдау жасалғанына наразы болған Әбілқайыр майдан шегінен әскерін алып, еліне кері бұрылды. Хандықтың өзіне тимегеніне риза болмаған Сәмеке де Әбілқайырдан кейін әскерін алып, Шудың бойымен Бетпақдалаға қарай бет түзеді» деп жазды. Сөйтіп, Бетпақдала арқылы Сарыарқаға өтті дегенді мегзейді. Осы мәселе М.Тынышбаевтың еңбегінде де жазылған: «После Анракайской победы Болат хан умер и на его место надлежало выбрать старшего хана. Претендентов было три: первый хан младший Орды Абулхаир, командовавший всеми казахскими силами и выдвинувшийся своими блестящими победами, но он происходил из младшей линии, из которой ни разу не выбирался старший хан всех трех Орд; второй брат Болат Шаймухаммед (Сәмеке), считавший, что по обычаю тюрко-монголов, наследником должен быть выбран старший в царствовавшей фамилии, т.е. он; третий сын Болат — молодой Абулмамбет — после Болат ханом трех Орд назвался именно он. Выбор, по-видимому, не абсолютного большинства пал на Абулмамбета. Такой обиды не мог стретпеть старик Абулхаир, человек крайню честолубивый, с таким выбором не мог согласиться и Сәмеке, родной дядя Абулмамбета, вслед за уходом с фронта Абулхаира Сәмеке со своими приверженцами так же оставил фронт» [4; 120]. Әрине, тарихи еңбектердегі үндестікте жазылған мұндай деректерді жоққа шығаруға болмайды. Бірақ Орта жүздің Арқаға қоныс аударуға басты себеп осы болды деп үзілді-кесілді тұжырым жасау да, біздің ойымызша, қисынға келмейді. Ғалым Ж.Артықбаев: «Қаракесектің Сарыарқаға қысқы қонысқа келіп орныққан уақыты 1728-жылдар шамасы, оның өзінде де, біресе Ертіс асып, біресе Ордың қара ағашына қарай барып, біресе Сырдың суынан Жиделі-Байсыңға қарай қайтып өтіп бейнет кешіп жүрген кезі», — деп жазады. Яғни XVIII ғасырдың 20-жылдарының соңына қарай Арқаға назар аударып, малға жайлы, жанға қоныс боларлық күйін айқындау үшін барлау жасай бастағанын аңғару қиын емес. Бірақ дәл осы кезеңде Арқаға жоңғарлардың да көзі түскен еді.

1729 жылғы Аңырақайда басталған азаттық соғысы үш жылдың аралығында жоңғарларды Құлжаға дейін шегінуге мәжбүр етті. Жер жағынан қысымға түскенімен, олардың күші әлі мығым болатын. Қалдан Серен 15 мың қолмен Аягөздің тұсынан Арқаға 1731 жылы жаз айында келіп кіреді. Қазақтар толық жайлап үлгермеген өлкені осыншама әскермен игеріп алу, иемдену мүмкін деп есептеген болатын.

Балқаш көлінің арғы бетіндегі екі жылдан астам уақытқа созылған соғыс қазақтың келесі буыннан тұратын жас батырларын өмірге әкелді. Қабанбай, Бөгенбай, Есет, Жәнібек, Қангелді тәрізді аға буын батырлар Олжабай, Жидебай, Сеңкібай, Райымбек, Наурызбай сияқты жас қырандардың ерлігіне тәнті болды, оларға қандай жағдайда болмасын сенім артуға болатындығына көз жеткізді. Жас батырлар Абылайдың төңірегіне топтасты. Өйткені оның төреден шыққандығы анықталып, сұлтан дәрежесіне көтерілді. Әрі батырлығымен, әрі алғырлығымен көзге де түсті.

Болат хан қайтыс болған соң тақ таласының туындағандығы ақиқат. Үш жүздің игі жақсылары жыл ішінде бірнеше рет бас қосып бір шешімге келе алмай тарқасып жүрді. Әрі соғыс та толассыз жүріп жатты. Соңғы түйінде Орта жүз бен Кіші жүз хандарының ұсынған тоқтамына наразылық білдіріп, атбасын бұрғандары да рас. Бірақ барша халық олардың соңынан ере кетті деп кесіп айтуға болмайды. Себебі елдің басын біріктірген, жасақ жинаған хандардың әулеті емес, халық батырлары еді. Олардың бел ортасында Қабанбай, Бөгенбай, Есет, Қангелділер жүрген болатын. Жауға тойтарыс бергенімен, негізгі күштің соңында жатқанын түсінген батырлар жұбын жазған жоқ. Дегенмен, хандардың наразылығы бірлікке әсерін тигізбеді деуге болмайды. Бірақ ол Орта жүздің Арқаға келуіне негізгі себеп болған жоқ.

Абылайдың төңірегіне топтасқан жас батырлар қосындарымен Арқаны қорғауға аттанды. Өйткені көптен бері көз тігіп келген жоңғарлар Іле мен Алатау аймағындағы шайқастарда беті қайтқаннан кейін толық игеріле қоймаған Арқаны жеделдетіп алу жоспарын тезірек іске асыруға кіріскен еді. Сонымен, қазақ үшін ендігі шайқас Сарыарқаны жоңғарлардан қорғап қалу үшін ұйымдастырылды. Олардың басшысы болып жас та болса бас болуға сай келген Абылай сұлтан тағайындалды. Орта жүздің Арқаға қоныс аударуына себеп болған негізгі мәселелердің бірі осы оқиға еді. Міндет жоңғарлардан ғана қорғап қалу емес, Арқаны түпкілікті мекендеп, толық ие болып қалу мәселесі тұрды. Өлкені жоңғарлардан толық тазартып, қауіпсіз жағдайға жеткізгенше мекендей тұрамыз деп Қаздауысты Қазбектің 4 мың үйлі шаңырақпен Орынбор маңына баруы да осы кез. Орта жүздің ханы ресми түрде Сәмеке болғанымен, Абылайдың ел ішіндегі беделі артып, үстемдігі ұлғая түсті. Сонымен, 1731 жылдың жазында Арқаға бет түзеген қазақ қосыны Бектауатаның маңына 2 мыңдай Жидебай қолынан әскер қалдырып, ал Қарқаралы маңына 3 мыңдай сарбазды жіберіп, 10 мың қолмен Абылай бастаған батырлар Баянауыл өлкесіне келеді. Орныққаннан кейін Жидебай 100

қаралы әскермен барлауға шығып, жоңғарлардың негізгі күшінің Баянауылдың шығысындағы 90 шақырымдай жерді Түндік өзенінің бергі бетінде шеп құрып жатқандығын жеткізеді. Жау әскерінің қазақ қолынан екі еседей көп екендігі байқалады. Абылай батырлармен кеңес құрады. Сол кездегі Жидебайдың Абылайға айтқан кесімді сөзі ел ішінде күні бүгінге дейін сақталып қалған.

– Түйінді сөзді барлауға барып, жауды көзімен көріп қайтқан Жидебай айтсын, — дегенде:

*Жасқанишақ болсақ,
Жаушыл болып неміз бар,
Қорғанишақ болсақ,
Қолшыл болып неміз бар,
Мен білетін жау екі түрлі болады:
Алғашқысы –
Көрініп келетін қауіпсіз жау бар –
Жекпе-жекке шығасың,
Күшің асса, жығасың,
Ол да өзіңдей адам,
Неменесіне бұғасың.
Соңғысы –
Көрінбей келетін қауіпті жау бар –
Сенен де сақ,
Ұтып алар амалын тап,
Ақылдан түспе,
Ойланып істе,
Сақтанбасаң қамданып,
Кетеріне мен кепіл
Басыңда тұрған бақ!*

Бұл жау алғашқысына жатады, соңғысын кезіккенде көрерміз, — деп қолды бастап шайқасқа аттанады. Оң қанат пен сол қанатқа 3 мыңнан 6 мың қолды жасырып қойған қазақ батырлары 5 мыңдай әскермен ашық түрде қарсы шайқасқа шығады. Қазақ қолын азсынған жоңғарлар соғысты жекпе-жекпен бастайды да ол бес күнге созылады. Олжабай, Сеңкібайлар жекпе-жекте жан шақ келтірмейді. Бесінші күні Жидебай батыр шығып, күн шыққаннан батқанға дейін жаудың тоғыз батырын жер жастандырады. Келесі күні өздерін әлдеқайда көп деп есептеген жоңғарлар жаппай шабуылға шығады. Осы сәтте жасырын жатқан қосындар екі жақ бүйірден лап қойып оқыс соққы жасайды. Әскерлерінің жартысына жуығын соғыс даласына қалдырған жау қолы жеңіліске тап болып, бірден кері шегінеді. Сөйтіп, қашқан жауды Ертіс жағасына дейін қуады. Жоңғарлардың жеңіліс тапқан жері Қалмаққырған деп аталып кетеді. Осы жолы Балқаштың бергі жағында жатқан Жидебай қолының бір бөлігінің жоңғарлардан жеңілгендігі жайлы хабар жетіп, ол жаққа көмекке екі мың қолмен Сеңкібай батыр аттанады. Мұны естіген Жидекең: «Сеңкең қылышын қынынан суырды дегенше, жау жапырылып қырылды десейші», — деп сөз тастайды. Бұл әңгіме де ел аузында сақталып қалған. Айтса, айтқандай-ақ, Сеңкібай батыр жеңіспен оралыпты.

«Жидебай батыр» жырында мынадай жолдар бар:

*Сен Шүрішіттің Сезені,
Таласымыз Алатаудың кезеңі.
Сен қазақты үш шаптың,
Сонда да қазақта қалды
Сарыарқаның өзені.*

Үзіндідегі соңғы үш жол Орта жүздің Арқаға қоныстанғаннан кейінгі мерзімін мегзеп тұр. Яғни, жырдың айтуы бойынша, жоңғарлар Сарыарқаға үш рет шүйілген, бірақ бәрі нәтижесіз аяқталған. Біздің айтқанымыз соның алғашқысы. Екінші шабуыл 1734 жылы болған. Оған бірізді болып келген тарихи деректер дәлел. Бірақ Арқаға тағы да тісі батпайды, оның есесіне Оңтүстік өлкенің басым бөлігі жоңғарлардың қарамағына өтеді. Зерттеуші Б.Жұмабаева: «Қалмақтардың жойқын шабуылы өте-мөте Жетісу жеріне ауыр тиді. Өйткені Ұлы жүз қазақтарының қаһарлы жауға тойтарыс беруге күштері жетпеді» деп жазса, М.Тынышбаев та: «Старшая отступила к Ташкенту и подчинилась калмыкам» деп тұжырым жасайды [4; 88]. Жетісуды бағындырғанымен, Арқаны ала алмаған Қалдан Серен қатты қапаланып, жәрдем сұрағанда қару-жарақ бермедің, көмек көрсетпедің деп шамалы күш жинап алған соң екі жылдай Қытаймен жағаласады. Бірақ бұл оған соншалықты пайда әкелмейді:

«В это время Галдан Серен воевал с китайцами, с которыми в 1739 году вынужден был заключить мир, из-за чего он потерял почти половину своих владений» [4; 93] деп М.Тынышбаев айтқандай, біраз шығынға ұшырайды. 1731–1734 жылдардағы жоңғарлардың жойқын шабуылын тоқтатып, әскерлерін талқандаған Абылай мен оның төңірегіне топтасқан батырлардың ерлігі ел ішіне тез тарайды. Көпшілік Абылайға бет бұрып сенім арта бастайды. Тіпті оны хан ретінде мойындаушылар да көбейеді. Аға буын Қабанбай, Бөгенбайлармен қоса жас буын Олжабай, Жидебай, Сеңкібайлардың да есімі жарқырай түседі. Абылай да жіті қимылдап, әрекеті мен бейімделігіне қарай сарбаздарды шабуыл әскерлері, қорғаныс әскерлері, барлау әскерлері деп бірнеше топқа жүйелейді. Жидебай 5 мың қолдан тұратын барлаушы топтың басшысы болып тағайындалады. Әр рудың өкілі ретінде 90 батыр, арасында Жидебай да бар, жасы 60-ты алқымдаған Шақшақ Жәнібекті басшы етіп, кеңес құрып, бәтуаласып, Абылайды хан ретінде қабылдаймыз деп серттеседі. Бұл мәселе турасында Шәкәрім былай деген: «По его благословению был избран Абулмансур старшим ханом казахов. В память о поединке с Чарышем народ присвоил ему имя Абылай. Ханом всех казахов Абылай стал в 1735 году». Ресми түрде ақ кигізге салып көтермесе де, осы уақыттан бастап Абылай халықтың алдында хан ретінде таныла бастайды.

Қалданның үшінші шабуылы 1741 жылы жасалды, 1739 жылы Қытаймен бітімге келгеннен кейін екі жылға жуық мерзімге Арқа өңіріне жансыздарын жіберіп, ішкі тыныс-тіршіліктен мәліметтер жинайды. Әсіресе Абылайдың жайлауын, көшіп-қонып жүрген жерлерін, іс-әрекеттерін, сондай-ақ қазақ батырларының қимылдарын, әскерлерінің санын топшылып алған ол Орта жүз қазақтарының Абылайға бет бұрғанын аңғарады. «Басшысы жоқ ел жетім» деген халық нақылын нысанаға ұстанған Қалданның негізгі көздегені Абылайды қолға түсіру еді. «Аңдыған жау алмай қоймас» дегендей, сол жылы ханды тұтқынға алады. Бұл жайында академик С.Қасқабасов өзінің «Аңызға айналған ардағымыз» деген ғылыми мақаласында жан-жақты дәлелдеп айтқан (Егемен Қазақстан, 28.05.2013.). Осы жағдай жоңғар ханына Арқаға еркін кіруге үлкен жеңілдік туғызды. Нәтижесінде ол Орынбор жақтағы шекараға дейін барып қайтады. 30 мың әскерімен келген Қалдан қазақ даласында қатты қарсылықтарға кезіге қоймайды. Өйткені қазақтың би батырлары тұтқынға түскен Абылайға қатер келер деп ашық айқасқа шықпады. Бұл жағдай Абылайдың босаған 1743 жылға дейін созылды.

1745-жылдың, Қалдан Серен өлген жылы, Абылай әскерлерімен оңтүстік өлкені азат етуге аттанады. Ол туралы тарихшылар былай деп жазды: «Бұл соғыс екі айға созылды. Қазақ әскерлері Жаңақорғанды, Шымкентті жаудан тазартып, Түркістанға таяп барды. Бөгенбай басқарған әскерлер Созақ пен Сайранды босатты. Батыр Баян Талас өзеніне таяу барды. Жәнібек батырдың әскерлері қарақалпақ жерін босатып, қалмақтарды Сырдың жоғарғы сағасына шегіндірді. Амалы таусылған Цеван Доржи Абылайдан бітім сұрауға мәжбүр болды» [6]. Осы соғыста Жидебай батырдың аты аңызға айналды. Бесмыңдыққа қолбасы болған ол көпшілік жағдайда шайқасты бірінші болып бастауға қатысады да, тұрақты түрде жеңіске жетіп отырады. Созақ пен Сайрамды азат еткен кездегі ерліктері мен тапқырлықтары арқасында «Жолы болғыш Жидебай» атанады. Қос түлкісі туралы әңгімелер де осы кезде туындайды.

Жеңісті орнықтыру мақсатында екі жылдай Оңтүстікте болған Абылай Арқаға келген соң қайта күш жинап, 1750 жылы Аягөз бағытына аттанады. Бұл жоңғарлармен болған соңғы соғыс еді. Аягөз маңында болған шайқаста Бөгенбай батырдың қолдауымен үш күн қатарынан жекпе-жекке шыққан Жидебай батыр оннан астам жоңғар батырларын жер жастандырып, тағы да өзінің атын асқақтатады. (Ел аузында қалмақтың 21 батырын өлтірген деп айтылады. Бірақ бұл фольклорлық сарынға жататын болғандықтан, біз шамамен алғанды жөн көрдік).

Абылайдың ақ туының астына топтасқан, Қабанбай, Бөгенбай бастаған қазақтың сайыпқыран батырлары 1754 жылы толық және түпкілікті жеңіске жетіп, жоңғар мемлекетін тізе бүктіреді. Бұл үзік-үзік болса да қаншама ғасырларға созылған соғыстың соңғы түйіні болды.

Жоңғар қақпасының түбінде болған соңғы шайқаста мыңға тарта жоңғарлар топ-тобымен тұтқынға түседі. «Осы тұтқындағыларды не істейміз?» деген сұрақ туындағанда Жидебай батыр ханның алдында бас қосқан жиында мынадай ұсыныс тастайды: «Жау-шайқас даласында кісәпір, тұтқынға түссе мүсәпір, майданда оларды өлтірген сауап, тұтқында тәубесіне келтірген сауап, серт алып босатқан жөн!». Көпшілік осы тоқтамға келіп, олардан қазақпен соғыспаймыз деген серт алып, босатады. Бұл әңгімеден біздің байқайтынымыз, Жидебай батыр ғана емес, халықтың қайраткері саясаткер болғандығы. Ол кезең жоңғарлардың да тұйыққа тірелген кезі еді.

Енді Абылай хан жоңғар еліне көмек беруге кіріседі. Өйткені қытай тәрізді үлкен империялық мемлекетпен арада дәнекер болып, бөліп тұратын бір ел қажет еді. Ол туралы М.Тынышбаев былай деп жазды: «В 1755 году с помощью Абылая и китайского императора Амурсане удалось овладеть всем Калмыкским государством. В том же году произошло восстание Амурсаны. Он вероятно напал на китайское войско, истребил его и опустошил пограничную область — Хами. Кытайский император послал сильное войско с приказом уничтожить калмыкский народ: и действительно, китайцами было перебито до 1 миллиона душ джунгар без различия пола и возраста» [4; 138]. Бұл Жоңғар мемлекетінің күйреуі еді. Оны «Қазақстан тарихында»: «1755 жылы Қытай империясы жоңғар жеріне басып кірді. Нәтижесінде жоңғарлар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп кеткен болатын. Осыдан кейін көп кешікпей Жоңғар мемлекеті 1758 жылы біржолата құлады. Кезінде дүрілдеп тұрған жоңғар мемлекетінің орны жермен жексен болып, күлге айналды», — деп көрсетеді.

Жоңғар жойылғаннан кейін қазақ елі қытаймен шекаралас болды. Шәкәрімнің жазуы бойынша, 1757 жылы Абылай хан мен Әбілмәмбеттің Әбілфайыз деген баласы екі елдің арасына достық қарым-қатынас орнату үшін Пекиндегі қытай императорына келеді. Бұл дерекке сүйенер болсақ, Жоңғария 1756 жылы құлаған болып шығады. Қалай десек те, екі елдің бірден келісімге келе қоюы мүмкін емес еді. Өйткені қазаққа жайлау керек болса, қытайға жер керек еді. Жоңғар мемлекетінің қоныстарын иелену барысында қарулы қақтығыстар басталды. Қырғиқабақтың қай жылдары болғандығын тап баса айту мүмкін емес. Дегенмен, 1756–1764 жылдардың арасы деп топшылауға болады. М.Тынышбаев жазады: «После уничтожения Джунгарского царства казаки Средней и Старшей Орд двинулись на восток и заняли кочевьями огромное пространство до Алтайских гор и района г.Кульджи» [4; 196]. Бұл қытайларға ұнай қойған жоқ.

Соғыс бірден басталған жоқ, алдымен қокан-лоққы танытқан қақтығыстар болды. Қаншама жылдарға созылған шапқыншылық кезінде әрі шыныққан, әрі ширыққан қазақ әскерлері де осал емес еді.

III. Уәлихановтың айтуы бойынша, қытайлармен шайқаста туған толғау былай баяндалады.

Бір жылы Абылай жауға аттанады, бірақ жаумен бетпе-бет кездескенде жау қолының көптігін көріп, кейін шегінеді, жолда тамақтанып отырғанда Абылай қасындағы жырау серігі Тәттіқарадан:

— Осы жорығымызды қалай дер едің, — дейді, сонда ол:

*Кебеже қарын кең құрсақ,
Артық туған Абылай,
Көтере гөр бұл істі.
Көп қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты,
Жау жағада алғанда,
Ит етекпен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ.
Әншейін еңкейе бере жылысты.
Бәсентин Сырымбет
Оқ жібере ұрысты.
Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмессің.
Бұрылып жауды шанышқанда.*

Хан қамшысын таянып отыр екен, жырауды тыңдап болған мезгілде қамшысы түсіп кетіпті.

— Уа, Тәттіқара, — депті хан, — ел бетін көрер жерім қалмаған екен ғой. Жүр, ер бағы үшке дейін сынайды деген, қайта барайық, — деп аттаныпты. Бұл жолы істері оңға басып, жауды жеңіп қайтыпты делінеді.

Бұл мысалға қатысты екі мәселені айтуға болады. Алғашқысы толғау толық емес. Өйткені ол кездегі ақын-жыраулар өздерінің туындыларын суырыпсалып шығарып домбыраның, қобыздың сүйемелдеуімен орындаған. Жоғарыдағы жолдарды мақамға алып айтса, 40–45 секундтың ішінде аяқталып қалады. Ал, толғаушы ақын кем дегенде үш-төрт минуттық жыр айтуға тиісті. Яғни толық толғаудың көлемі 50–60 жолды құрауы керек. Және ой аяқталмай тұр. Біраз батырлардың еркін қимылдары тасада қалып қойған, түйін жоқ. Екінші мәселе, Абылай әр шабуылдан кейін әскербасыларымен, ақын-жырауларымен, билерімен бас қосып нәтижесін шығарып отырған.

Мына мысал соның бір дәлелі. Бірақ тағы да толық камтылмаған. Тарихи деректерге сүйене отырып топшыласақ, бұл қазақтың қытай әскерлерімен алғашқы кездесуі тәрізді, қашып келіп Абылайды паналаған Әмірсананы ұстап беруін талап еткен Қытай елшілігі мен әскерлерінің Ертістің бойына келгендігі тарихи еңбектерде айтылады. Бес мың әскерімен жүрген Абылайдың ашық соғысқа бармай, кейін шегінгені де бар. Бұл мәселеден хабар жеткен соң Олжабай, Жидебай, Сеңкібай бастаған әскери қосындар келіп жетеді де, мәслихат құрады. Ел аузындағы әңгімеге қарағанда Сырымбет батыр айтыпты:

– Жоңғарды жойдық, соғысуды қойдық деп бел шешіп жайғасуға бет бұрып едік, болмады, мына жауымыз іргелі екен, — депті. Әрине, қытай отыз-қырық мың қолмен келетін жоңғар емес, кем дегенде жүз мың қолмен келген болуы керек. Және ол кезде қытайларда отты қарулары да болған. Сырымбеттің сөзіне Жидебай батыр:

– Жауымыз іргелі болса белгілі болды, іргесіз жау емен ағашқа емінеді, іргелі жау күнде семіреді. Қашсақ — қор болғанымыз, соғыссақ — зор болғанымыз, көршің жаман болса, бас исең де, бекіспейді, көршің жақсы болса, шекіссең де кетіспейді. Алдымен күш санасып байқасып көрейік, ерегіске іліксек шайқасып көрейік, басқа түскен баспақшыл, жеңсек алармыз, жеңілсек тағы да бір амалын табармыз, — деп жауап беріпті.

Осылайша басталған қақтығыстар бірнеше жылға созылды. Қазақ қосындары саны жағынан аз болғанымен ұтымды тәсілдерді қолдана отырып, қытай әскерлерін тоқтатып қана қойған жоқ, ығыстыра бастайды. Бұл жайында «Қазақстан тарихының» үшінші томында XVIII–XIX ғасырлардан жеткен жазбаларды қолдана отырып, былай деп айтқан: «XVIII ғасырдың 60–70-жылдары қазақтардың, әсіресе Орта жүздің Керей және Найман құрылымдарының қытай шегаралық әскерлерімен қарулы қақтығыстарға түскен кезі болды. 1760 жылы император Цян-Лун әскери кеңестің ұлықтарымен қазақтардың Алтай мен Тарбағатай аумағына көшіп келуіне байланысты жағдайды талқылады, сондай-ақ «оларды тежеу оншама оңай емес» деп қынжылды». Бұл жерде екі мәселені аңғарамыз, біріншісі қытай мен қазақ арасындағы қақтығыстың басталғандығы туралы мәлімет, екіншісі қазақ әскерлерінің шыныққан, тәжірибелі болғандығының көрінісі. Бірақ іс мұнымен аяқталмаған. Тарих кітабында: «Бірнеше жыл бойы күрес жүргізілгеннен кейін ғана қазақтар Алтай мен Тарбағатайдың тамаша таулы жайылымдары мен алқаптарын біржола қаратып алды» деп жазды. Яғни, екі ел арасындағы қақтығыс бірнеше жылға созылған және батырлары бастаған қазақ әскерлері басымдылық танытып, аталған жерлерді өздеріне қаратқан. Осы жағдайды мойындай отырып, қытай императорының Абылайға жазған хаты да бар. Онда: «Сендер, қазақтар, біздің жерімізге бірнеше жыл ішінде біртіндеп көшіп алдыңдар. Сенің халқыңа бос жатқан жерлерде көшіп жүруге мүмкіндік туғызу үшін қазірдің өзінде бұйрық берілді», — деп баяндалған. Қытаймен арада болған соңғы шайқас туралы жақсы дерек Қазыбек Бек Тауасарұлының жазбасында берілген. Түсінікті болу үшін сол деректен үзінді келтіргенді жөн көрдік: «Осындай Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбайдың ту деген түкірігі жерге түспей, қылышынан қаны тамып, ғалапқа жетіп, көңілдері тасып отырғанда, Айдынсу бойынан тамызда қытайлар шабуыл жасады. Бір қызығы, қытай әскерлерінің көбі жаяу. Шамасы олар атты көп қаламаса керек. Олар қалмақтар сияқты жекпе-жекте сұрамайды. Әйтеуір атыс, шабыс. Алғашқы күні қытай әскербасы Фуде біздің жасақты қырып, әжептәуір жеңіске жетіп, бізден біраз адам өліп қалды. Оның басты себебі ат үстіндегі адамды ату оңай. Астындағы қимылдап тұрар ат емес, қара жер, табаны орнықты болған соң оларға ату оңай болды. Екі-үш күннен кейін қазақтар оның да есебін білді. Түрегеп жүргенін қылышпен шауып, жата қалғанын найзамен түйреді. Осы Талқы маңындағы соғыста Бөгенбай қолы ерекше көзге түсті. Бергі жағынан Қабанбай мен Наурызбай қолы жеткен соң олар қытай әскерін Үрімшіге дейін түре қуды. Жеңіліп бара жатқан қытайлар: «Біз сендерді қалмақ екен деп қалдық» дегенді айтып шегіне берді де, оның үстіне Қытаймен ұрысу оңайға түспейтінін білген Абылай қытай шахары Бежинмен келіссөз жүргізіп, күзге қарай ақыры қытайлар жоқ болды». Міне, осы шайқаста да ерлігімен ерекше көзге түскен Жидебай батыр болды. Қытай әскерлерін Үрімшіге дейін шегіндіргенде алдыңғы саптағы айбарлы батырлардың бірі Жидебай еді.

Үрімшіден 14 шақырым жердегі екі тауды жалғастырып жатқан кезеңді Жидебай асуы деп атайды. Көнекөз қариялардың айтуы бойынша, осы кезеңнің үстінде тұрып, Жидебай билік айтқан екен. Қытайлармен шайқаста жеңіске жеткен Абылай мақтанып, батырларын жинап, не істеу керектігі жөнінде кеңес құрыпты. Бір тобы соғысты жалғастыруды сұраса, енді бірі тоқтау сұрапты. Сонда Абылай түйін сөзді Жидебайға ұсынады. Батыр:

*Уа, ханым Абылай!
Сабыр, сабыр, сабыр-ай!
Шүкіршілік етпейсің,
Алланың берген бағын-ай!
Кешегі күні Ойратты,
Ойсырата жеңдің.
Бүгінгі күні Қытайды,
Ығыстырып Үрімге келдің,
Адымың алысқа екен,
Маңдайың шалқақ екен,
Күшіңе қарай мақтан!
Найзаң мұқыл екен,
Садағың тұқыл екен,
Қамаған жасуыңнан сақтан!
Әскерді текке үйірмей,
Жау-дұшпанға иілмей,
Шешіміңді айт!
Мұнда белгіңді тастап,
Мені тыңдасаң батырларыңды бастап,
Арқадағы еліңе қайт! —*

деген екен. Хан осыны мақұл көріп, құрбандыққа ақбозат шалып, ас беріп: «Мынау кезең Жидебай асуы деп аталсын, қытаймен қарым-қатынас осы асу арқылы жүзеге ассын» деп жарлық айтыпты.

Сонымен елге оралған Абылай Қытаймен бейбіт қарым-қатынас орнатуды басты мақсаттардың бірі етіп, қолға алады. «Қазақстан тарихында» мынадай мәлімет келтіреді: «Абылай ақсақалдардың алқа кеңесін шақырып, қытаймен соғысты соза беруге болмайтынын, халықтың азып-тозып кеткенін айтып, Цин әкімдерімен елшілік қатынас орнату мақсатында Пекинге адамдар жіберді». Бұл мәселе өзге де тарихи еңбектерде айтылады. «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» кітабында: «Қытай империясы талай шапқыншылық жасап, қазақ жерін жаулап алмақшы болды» деп жазуына қарағанда қытайлардың шабуылына тойтарыс беріліп отырған, сонымен қатар ішкеріліп кеткендігі де аңғарылады, сайып келгенде, қазақтарды жаулап алу мүмкіндігі жүзеге аспаған. Осы орайда қазақ қосындарына басшылық жасаған халық батырларының зор еңбек сіңіргендігі айқын әрі анық мәселе. Солардың бел ортасында Жидебай батырдың да болғандығы ақиқат. Ал тарихтың айтуы бойынша: «Қытай мемлекетін жеңудің оңай емес екендігін түсінген Абылай хан онымен бейбіт келісімге келіп, сауда-саттыққа жол ашып, Ресей империясына қарсы қолданған». Бұл әрекеттер Абылай ханның ақылдаса отырып жасаған ұтқыр саясатының негізінде жүзеге асқан еді. Алдында жоңғарды жеңген елдің рухы көтерілген еді, батырларының бірлігі артқан кезі еді.

Шәкәрімнің жазуы бойынша, қытай еліне барған елшілерді Абылайдың өзі бастаған. Ал өзге тарихи еңбектерде Абылайды барды деп айтпайды. Қалай десек те, қазақ елшілерінің Жидебай асуы арқылы өтіп Цин империясына елшілікке, бейбіт қарым-қатынас орнатуға барғандығы анық. Қытай мемлекетінің басшылары да елшілерді жылы қабылдаған. Өйткені Ресей мен екі араға дәнекер болатын бір ел оларға да қажет еді. Нәтижесінде елшілер Абылай ханға «уан» дәрежесімен 12 батырға «тархан» атағын алып оралады. Мұндағы «уан» сөзі, сондай-ақ орыс тіліндегі «ван», қазақтардағы «хан» бір негізден шыққан тәрізді. Ағылшын тіліндегі «уан» «бір» деген ұғымды білдіреді. Яғни, «уан» дәрежесі елдегі немесе мемлекеттегі бірінші адам деген ұғымды беретін сияқты. Осы елшілік туралы М.Баймұханов та өзінің «Абылай заманы» деген еңбегінде жан-жақты жазған. Енді Цин императорының жазған хатына назар аударайық: «Қазақияның ханы Абылайға! Күн патшасының елінің императоры сізге өзінің басқа елдің патшаларына көңілі түсе бермейтін мархабатты шапағатын тигізіп, өз қанатының астына алады. Жоңғар қақпасындағы жағдай Шың әскерлері мен сіздердің әскерлеріңіз арасындағы қақтығыстан Қытай жағынан он мыңнан астам адам өлген. Бірақ ескертпестен өздеріне жоңғармен соғысу оларға тапсырылғанымен, күн тұман болғандықтан, олар сіздің жеріңізге ойламай барып қалған, яғни, жоңғар әскерімен сіздің әскерді шатастырып алған. Келешекте бұл екі жаққа да үлкен сабақ болу керек. Сарай тарихын шежірелеткенде бұрындары да сіздің тайпалар мен осындай қақтығыстар бірнеше рет болған екен. Біздің айтайын дегеніміз, бүлініп, түзеуге келмейтін ештеңе жоқ. Сіздердің мемлекетті нығайту жөнінде атқарып жатқан жұмыстарыңыз бізді бір жағы күшті көрші жақсы деген ойға жетелеп,

куантады. Екінші, сіздердің қамал бұзатын және қорғайтын қарулар мен жүз зеңбіректі сатып алуға даяр екендеріңізді бізді бір жағы сүйсінткенімен, бір жағы шошытты. Өйткені ол зеңбіректердің өзімізге қарай оқталып атылмасына кім кепіл? Күн асты елінің сарайындағы ақылды адамдары бұл мәселемен айналысып жатыр. Егер реті келсе, оған да ие болып қаларсыздар. Жоғары айтқанымызбен бірге һәм айтарымыз, арамызда тіпті де ештеңе болмағандай сезінейік. Сонда біздің жауларымыз да бізге тиісе алмайды.

Қадірлі Абылай! Сізге «Ван» атағы берілген қағазды арнайы алтын жазумен кейінірек біздің елшілер апарады, ал сіздің мына төмендегі кісілерге — батырларға «Тархан» жоғары атағын беру туралы сіздің бізге мәлім қылған өтінішіңізді үлкен ыждаһатпен орындағанымызға қуанамыз.

1. Жәнібек Шақшақұлы.
2. Қабанбай (найман).
3. Бөгенбай (қанжығалы).
4. Сеңкібай (қаракесек).
5. Қараменде (қаракесек).
6. Жидебай (қаракесек).
7. Жарылғап (қаракесек).
8. Олжабай (қаржас).
9. Жасыбай (қаржас).
10. Райымбек (шапырашты).
11. Наурызбай (шапырашты).
12. Есет.

Бұдан басқа сауда-саттық екі ел арасындағы мәселелер жөнінде елшілер алмасып тұру жайы бұрынғыша». Тархан есімін алған батырлардың бел ортасында тағы да Жидебай батырдың есімінің тұрғандығын көреміз. Яғни, бұл әрі батыр даңқының асқақтығын, әрі Абылай төңірегіндегі белді батырлардың бірі болғандығын аңғартады. Абылай хан туралы зерттеуші-ғалым А.Левшин былай деп жазады: «Жауын сұсымен де, күшімен де сескендіре отыра ол өз қалауымен біресе Ресейдің, біресе Қытайдың бодандығын қабылдауға мәжбүр болғанымен, шын мәнінде ешкімге де бой ұсынбаған тәуелсіз басшы болды». Осындай дербестікке қол жеткізуге себепкер болған қазақ халқының өр тұлғалы азаматтары еді.

XVIII ғасырдың 70-жылдары қырғыз елі Түркістан өлкесіне шабуыл жасап, мал барымталап, ауылдарды талан-таражға салады. 70-жылдардың соңына қарай Абылай хан батырларымен аттанып, қырғыз әскерлерін жеңіп, қолбасшысы Садырбаланы тұтқынға алады. Түркістан, Сайрам, Созақ қалаларын босатады, келер жылы Ташкентті бағындырады. Осы шайқастарда да Жидебай батыр Абылай ханның қасында болды. Үлкен жеңістеріне жетуіне себепкер болды.

1771 жылы Абылай ресми түрде ақ киізде көтеріліп хан сайланғаннан кейін тұрақты түрде ел ішіне шолғыншылар жіберіп жай-күйді білім отырған. 1773 жылы Балқаш көлінің арғы бетіндегі (оңтүстік жағы) Қарақожа елінің наразы болып, салық төлеуден бас тартқандығынан хабар алған хан 500 қолмен Жидебайды жіберген. Әрине, өзі өмірге келген өлкенің аясында жатқан Балқаш көлінің әр ой шұңқырынан толық хабардар болған батыр көлдің жан білмейтін өткелінен әскерді келесі бетке алып шығып, Қарақожаны бағындырып қайтады. Қариялардың айтуы бойынша, бұл өткел қазіргі Шашубай мен Саяқ мекендерінің орта тұсында болса керек. Осы дерекке орай ел ішіне тараған аңыз да бар. Алғашқысы мынадай. Түнде өткелден өтіп бара жатқанда Жидекең кездігін түсіріп алады. Бірақ уақыт тығыздығынан қарайламайды, арғы жаққа өтіп, Қарақожаны бағындырып, қайтып келе жатқанда бір тұсқа келіп, тоқтайды да су ішіне найзасын қадап жіберіп: «Осы найзамның ұшы қадалған жерде кездігім жатыр, алып беріңдер!», — депті. Бір жігіті атқып түсіп, суға қолын малып қараса, найзаның ұшы кездіктің сабын түйреп тұр екен дейді. Бұл әңгіме көрегендіктің, шатаспай айтатын нақтылықтың белгісін танытып тұр. Яғни Жидебай батыр, қандай жағдайда болмасын дәл көрсетіп, тап басып айтатын адам болған. Екіншісі, жасы тоқсанға келген шағында қос жанарынан айырылып, зағип болады. Сонда батырдың өзі айтқан екен:

Жасымның жүзге жеткені

Алты Алаштың алғысы.

Қос жанардың кеткені

Қарақожаның қарғысы.

Бұл, әрине, аңыз. Бірақ аңыздың астарында белгілі бір деңгейде ақиқаттың да жатқандығы рас.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бекмаханов Е. Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы. — Алматы: Ғылым, 1993. — 55-б.
- 2 Бекқожаев М. Кенесары хан. — Алматы: Жазушы, 1999. — 12-б.
- 3 Көпеев М.Ж. Қазақ shezhire. — Алматы, 1993. — 54-б.
- 4 Тынышбаев М. Великие бедствия. — Алматы, 1971.
- 5 Артықбаев Ж., Жакин М. Шет өңірінің тарихы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 1994. — 96-б.
- 6 Жұмақасева Б. Қазақстан тарихы. — Алматы, 2010. — 87-б.

М.И.Абдуов, М.К.Жунусова

Жидебай батыр и казахско-джунгарское нашествие XVIII века

В статье раскрыт героизм Жидебай батыра, прославившегося во время казахско-джунгарского нашествия XVIII века. Проанализированы поэмы казахских акынов и жырау о Жидебай батыре. Авторы статьи, опираясь на исторические факты и архивные материалы, а также на материалы казахских шежире, пытались определить точную дату рождения и смерти батыра. Описана его жизнь и героические походы против врагов казахского народа, а также освободительные войны и другие исторические события того времени.

M.I.Abduov, M.K.Zhunusova

Zhidebai batyr and Kazakh-dzhungar invasion of the XVIII century

In article it is told about heroism of Zhidebai of the batyr who has become famous in Kazakh-dzhungar invasion of XVIII of an eyelid. Poems of the Kazakh akyns and zhyrau about Zhidebai the batyr are analyzed. Authors of article, leaning on historic facts and archival materials, and also on materials Kazakh shezhire try to define exact date of birth and death of the batyr. Describe his life and heroic campaigns against enemies of the Kazakh people, and also liberating wars and other historical events of that time.

References

- 1 Bekmakhanov E. *Liberation movement of the Kazakh people under leadership*, Almaty: Gylym, 1993, p. 55.
- 2 Bekkozhayev M. *Kenesary khan*, Almaty: Zhazushy, 1999, p. 12.
- 3 Kopeev M.Zh. *Kazakhsky shezhire*, Almaty, 1993, p. 54.
- 4 Tynyshbayev M. *Great disasters*, Almaty, 1971.
- 5 Artykbayev Zh., Zhakin M. *Shetsk region history*, Karaganda: Bolashak-Baspa, 1994, p. 96.
- 6 Zhumakayeva B. *History of Kazakhstan*, Almaty, 2010, p. 87.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Соғысқа дейін және Ұлы Отан соғысы кезеңі – Қасым ақынның анық бой көрсеткен шағы

Мақалада XX ғасырдың алғашқы жартысындағы көрнекті қазақ ақыны Қасым Аманжоловтың өмірі мен қызметі баяндалған. Қасымның өз оқушыларына талантты ақын ретінде таныла бастауы 1936–1939 жылдарға тұспа-тұс келгені көрсетілген. Ақынның Ұлы Отан соғысының алдындағы жылдардағы шығармашылығына, әсіресе оның Батыс Қазақстанның Орал қаласында тұрған кезіндегі туған шығармаларына баға берілген. Қасым Аманжоловтың поэзиялық көркем сөз өнерінің нағыз шебері ретінде өзін Ұлы Отан соғысы жылдары көрсете білгеніне айрықша көңіл бөлінген. 1939–1945 жылдар Қ.Аманжоловтың XX ғасырдағы қазақтың көрнекті ақындарының бірі ретінде мойындалған кезең болғандығы туралы қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: өлең, соғыс, ақындық, естеліктер, оқырман, ата тегі, майдангерлер.

Kipicne

Қасым Рахымжанұлы Аманжолов 1911 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезінде (қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы), Қызыл тауының бөктеріндегі Жақыбала қыстауында туған. Осы жайды:

*...Қыс, Қыстау ата мекен Қызылдағы,
Ерттеулі аттар толы қора маңы.
Томпаңдап үйге жалғыз келе жаттым,
Тойдырып күресіннің сырғанағы.*

*Жармасып босағаға үйге енгенде,
Түскендей болды жүрек ыршып жерге —
Сұп-сұлық жатты әкем алдыңызда,
Бүркеніп жайнамазын оң жақ төрде.*

*Көл-көсір жылау-сықтау үйдің іші,
Неткен күй күңіренген үлкен-кіші!
Құшақтап жыладыңыз сіз кеп мені,
Жалын боп өткен әке күйініші.*

*Жыламай, қарай бердім ынтамды сап,
Көзіме көріндіңіз әкеме ұқсап... —*

деп ақын «Ағайыма» өлеңінде [1; 50] айтқан.

Қасым ауыл молдасынан хат таныған. 1923 жылы Қасымды ағасы Ахметжан Семейдегі бастауыш мектеп-интернатқа түсіреді. Мектептен кейін Қасым Семей мал-дәрігерлік техникумында оқиды. Оны тәмамдағаннан соң Оралдағы педагогикалық институтқа түседі. 1930 жылы Алматыға барып, «Лениншіл жас» газетінің редакциясына қызметке тұрады. 1931 жылы Қасым Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түседі, бірақ аяқтай алмай, Оралға келіп, «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке тұрады. 1933 жылы міндетті әскер қатарына алынып, оны сол Орал қаласында өтейді.

1936 жылы Алматыға келіп, «Лениншіл жас» газетіне орналасады. Содан былай республика баспасөзінде қызмет істеп, ақындыққа біржола берілген дәурені басталады.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен ақын әскер қатарына шақырылған. Ұлы Отан соғысына аттанған Қасым әуелі Қиыр Шығысқа, содан Батыс майданына жіберіліп, 9-шы атқыштар

бригадасында аға сержант дәрежесінде соғысып, саяси жетекші подполковник Әлпиннің қолдауымен «Вперед, на Запад!» газетінде әскери тілшілік қызмет атқарған. «Подполковник Әлпинге» және «Мартбек» өлеңдері сол тұста жазылған. Бұл кезде Қасым Аманжолов орысша да өлеңдер жазған. Олары еш жерде жарық көрмеген. Тек 1963 жылы 9 мамырда «Казахстанская правда» газетінде «Приветствую тебя, Брянск» деген өлеңі ғана басылған [2].

Қ.Аманжолов майданнан 1946 жылы оралды. Әскерден қайтқан соң біраз жылдар «Әдебиет және өнер» журналының поэзия бөлімінің меңгерушісі болды. 1955 жылы 18 қаңтарға қараған түні, сағат бірдің кезінде Қасым мәңгіге көзін жұмды. 19 қаңтар күні Алматы жұртшылығы зор құрметпен Қасымды жерледі. Кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Кеңесінің нұсқауы бойынша Қасымның басына арнайы ескерткіш қойылды. Ескерткішке ақынның «Өзім туралы» өлеңінің:

*Өкінбеймін мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп.
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп, —*

деген шумағы тасқа ойылып жазылды.

Қалың оқырман Қасымды ақын ретінде 1936–1938 жылдары ғана тани бастайды. Алғашқы жеке өлеңдер жинағы «Өмір сыры» деген атпен 1938 жылы жарық көреді. Бұдан басқа өзінің көзі тірісінде «Гроза» (орыс тіліне ауд. Дм. Снегин) — 1946, «Дауыл» — 1948, «Балбөбек» — 1949, «Стихи» (орыс тілінде) — 1949, «Нұрлы дүние» — 1950, «Таңдамалы шығармалары» 1952 жылдары жарыққа басылып шығады.

Еліміздің оқырман қауымы Қ.Аманжоловтың төрт томдық шығармаларын оқу арқылы ақын болмысын кеңірек танып, ұғына түсті. 1977–1980 жылдары Алматыдан басылып шыққан төрт томдық еңбекті құрастырған қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбеков. Жинаққа ақынның өлеңдері, поэмалары, аудармалары, прозалық және драмалық шығармалары енді.

Қ.Аманжолов әңгіме, очерктер жазды, әдеби сынға да араласты. Драматургия саласында да қалам тартып көрді. Әдеби сында ол поэзияға деген биік талабын көрсетсе, драматургияға ақындық жігермен қатысты.

Қ.Аманжолов шығармалары қазақ, орыс және басқа да туысқан халықтар тілдеріне аударылды. Оның шығармашылығы әдебиет тарихынан берік орын алды.

Ол туралы замандастары естеліктер жазды. Ақындар оған өлеңдерін арнады. Қазақ әдебиеті тарихына, мектеп бағдарламаларына Аманжолов шығармашылығы арнайы тарау болып енді. Өйткені қазақ халқының атын кеңінен танытып жыр жазған Қасым ата-бабалар үмітін, намысын, даңқын асқақтатып, қастерлеудің жарқын үлгісін танытты. Ендеше, сол дауылпаз ақын тұлғасы мен рухына тағзым етіп, оның танымдық, тәрбиелік тағылымы мол шығармаларын жас жеткіншек зердесіне жеткізу — мына бізге парыз. Осы ойды профессор Қ.Құсайынұлы былай өрбітеді: «Жақында еліміздің мектеп оқулықтарымен түгелдей танысып шықтым. Сонда байқағаным, бүгінгі оқулықтарда Қасым Аманжоловтың өлеңдері қысқартылып, үзінділері берілген. Неге мектепте ақынның әдебиет пен тарих мәселелерін қамтыған шығармаларын кең көлемде оқытпасақ! Білім берудің жаңа бағдарламаларына осы өзгерістерді енгізуге тиіспіз. Яғни Қасым өлеңдерін мектеп оқулықтарына молынан қосып, мектеп оқушыларының кеңірек танысуына мүмкіндік жасауымыз керек. Тағы бір айтарым, Қасымның бүгінге дейін ақындық, азаматтық бейнесі толықтай ашылмай келді. Ақынның бай мұраларына тереңірек үніліп зерттеу жұмыстарын жүргізуді жалғастыру қажет» [3].

*Жас дәурен — жігер оты жанған жалын,
Көрмесем қызығыңды — армандамын.
Өмірге екі келер уақытым жоқ,
Сондықтан үлесімді мол қармадым.*

*Жас дәурен, қызығыңа тоя алмаспын,
Ән мен күй, өлең, сені қоя алмаспын.
Тірлікте тербелейін, тебіренейін,
Бір күні кетсем ұйықтап, ояңбаспын, —*

десе («Жас дәурен» өлеңі [1; 94, 95]), енді бірде:

*Жаман-жақсы болсам да ел ұлымын,
Елім деген ер болса — серігімін.
Туған елдің намысын, абыройын
Өрге тартар бір жүрдек көлігімін, —*

деп жырлаған ақын («Ілияс Омаровқа» атты туындысы [1; 86]) қаламгерлік парызын үлкен азаматтық жолымен атқарып өтті. Өз ойындағыларын ақ қағаз арқылы жалпақ жұртқа жариялаудан жасқанбаған, руханият, мәдениет, әдебиет әлемінің заңғар, тарихи тұлғасы екені күмәнсіз.

Ұлт ақыны:

*Қазақтың әні мен өлеңін,
Найзадай көтеріп келемін.
Шығыстың аласа аспанын,
Түндіктей түріп бір тастадым, —*

десе [1; 23], Қасым әдебиеттегі өз орнын, ақындық қадір-қасиетін кәміл біліп отырғаны. Мұндай пайғамбарлық тек ұлы ақындарға ғана тән.

Қасым ақынның ата-тегі жайлы деректер

Қ.Аманжолов туралы елдің білетіні тек оның шығармалары. Ал оның арғы тегі, туып өскен жері туралы ақпаратта аз жазылып, аз айтылады.

Көп деректерде Қасым Қызыл Көшен тауының етегінде туып-өскен деп жазылады. Негізінен Қазақстан бойынша колхоз шаруашылықтарына жерді картаға түсіріп, жекелеген шаруашылықтарға жердің көлемін белгілеп бөліп берген кезде сол Қызыл Көшен тауы, Ақтайлақ өзенінің бойы Қарадөң жайлауы толықтай Ақтоғай ауданы, Құсақ селолық округі «Береке» ауылына тиесілі болған. Шұбартау кеңшарының Қызыл Көшен тауы мен Ақтайлақ өзені бойында және Қарадөңде шопандар мал бағып, жазғы жайлауда отырған. Сол уақытта ауыл тұрғындары Қасым құдығы, немесе Рахымжан қорасы, деп Көшен тауын мезгейтін. Көшен тауының жанындағы Сарыобалы ауылының тұрғындары Қасым ақынмен аталас болып келеді. Яғни, Арғын ішінде Қаракесек руынан. Ата-тегі — Қара. Кешегі Сеңкібай бидің ұрпақтары болып саналады. Қасым Сеңкібай бидің інісі Ақжолдан тарайды. Яғни, Оразғұл бабаның бесінші баласы. Ақжол күйші болған деп те айтады. Жалпы, Ожаң (Оразғұл) ұрпағы ел арасында оқымыстыларымен ерекшеленеді. Төрт Социалистік Еңбек Ері, тоғыз ғылым докторы, жеті Мемлекет қайраткері және Қасым ақын шыққан әулет. Алаш көсемдерінің бірі Әлімхан Ермековтің өзі бір төбе.

Қасым Аманжоловтың ата-тегіне келетін болсақ, Оразғұл бабаның бесінші баласы Ақжолдан үш ұл туады: Алакөшек, Жетібай, Бостыбай (кестені қара.).

Ақжолдың бірінші баласы Алакөшектен — Аманжол, одан — Рахымжан (Қасым ақынның әкесі). Қасымның әкелері ауқатты адамдар болыпты. Тіпті, Рахымжан үйіндегі тайжүзгендегі қымызды пісуге жігіттер таласып тұратын еді деседі. Өйткені сол үшін бір күлдәрі көйлек сыйға алады екен.

Рахымжан жүйрік атты таңдап мініп, серілік те құрыпты. Жиын-топқа барғанда атын жібек белбеумен тұсап, қайта мінгенде сол жерге тастап кетеді екен.

Қасымның шешесі Айғанша қымызды жақсы ұстаған, маңайындағы ауылдастары сүйсініп ішкен екен. Қасымның әкесі Рахымжан сол уақыттағы салт-дәстүр бойынша үш әйел алған деседі. Қасым әкесінің тоқалы Айғаншадан туған екен. Рахымжан аң аулап жүріп тосыннан қайтыс болған. Бұл оқиға аласапыранға толы 1917 жылы болады.

Рахымжан қайтыс болғаннан кейін бар билікті қолына алған бәйбішесі Қасымның шешесі Айғаншаны қалың малға сатып жібереді. Қаршадай бала лажсыздан Семейдегі жетім балалар үйінде тәрбиеленеді.

Қасымның Оралдағы жылдары мен жырлары

Қ.Аманжолов Оралға 1931 жылы кеудесінен өлең оты ұшқын ата бастаған кезінде келеді.

Ақын Ақұштап Бақтыгереева «Орал жылдары мен жырлары» атты мақаласында [4] былай тебіренеді: «Кеудесі жалын жыр толы, пейілі кең жаркылдаған 20 жасар жас жігітті оралдықтар құшағына қысады. Ол бірден облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің редакциясына келіп, жұмысқа кіріседі. Осында Абдолла Жұмағалиев, Хамит Ерғалиев, Жәрдем Тілековтермен, кейін Жұмат Шанинмен танысып, Оралдың қазақ театрында әдеби жетекші болып қызметке орналасады. Музыка аспабының бәрінде ойнайтын жас ақын көңілді ортаның бас кейіпкеріне айналып шыға келеді.

Ақ қайың мен сұлу қарағай аралас орманы бар, жиегін Ақ Жайық пен Шаған көмкерген табиғаты сұлу өзі де Еуропа үлгісінде салынған Орал қаласы ақынның жалынды жас дәурені, алғашқы махаббаты, отты жырларының куәсі мен сырласына айналып, ол осы елге бауыр басады. Оралда өткерген 6 жыл ғұмыры Қасым ақынның ең бақытты кезеңі деп айтуға дәлеліміз мол.

Оралда Қасым алғаш рет Марфуға Кенжеғалиева деген аруға жолығады, оған 12 өлең арнаған. «Гүл жүзді, бұлбұл үнді» сұлу үй-күйі, тұрағы жоқ, жалғыз басты жігітке серт беруден сескенгенін, кейін оған өкінгенін еске алған екен дейді. «Айтшы, жаным», «Көптен бері өзімнен кетті ерік», «Сайра, сайра, сандуғашым», «Әлде», «Жаным, сәулем, еркешім, қызыл гүлім», «Қыраулы терезе», «Көре алмай қайттым үйіме» сияқты лирикалық сұлу өлеңдер сол қызға арналып, Оралда жазылып, газетте жарық көргені.

Қасым «1936 жылы «Кім кінәлі?» деген өлеңді [5; 37] жазып, қолыма өзі ұстатып кетті», — деп Марфуға замандастарына сырын айтыпты дейді:

*Кім кінәлі? Мен бе? Сен бе?
Таласпалық. Айтсын жұрт.
Егілмеші құр бекерге,
Мә, оралмал, жасыңды сұрт.*

* * *

*Бұл хикая болсын жария,
Жасырмайық жұрттан біз
Көздің жасын көл дария
Етіп біз де сыққанбыз.*


*Бірақ та мен жылағанда
Мазақ етіп күліп ең...
Ал мен күлмен.
Жыласаң да
Жас балаша түнімен.*

*Рас, жаным! Едім ғашық,
Жастық албырт күнімде.
Ол бір кездер кетті-ау қашық,
Түс сықылды бүгінде.*

*Онда менің көңілім көктем,
Жүзім бейне жаз еді.
Өсек, аяң, қауесеттен,
Зифа бойым таза еді.*

*Махаббаттың бұғалығы
Мойыныма түспеген,
Құландай ем.*

Жырлай-жырлай еш жауап алмаған алғашқы махаббатынан күдер үзген Қасымның осы Оралда ойда жоқта бір көңілді кеште отырған үйдің жап-жас шай құйған келіншегіне көзі түседі. Ол — ақынның болашақ жары Сақыпжамал еді.



Қасым Аманжоловтың ата-тегі (толық шежіреден үзінді)

1943 жылдың қысында Шығыстан Батысқа қан майданға әскер алып бара жатқан эшелон Оралдың вокзалына тоқтаған. Қасым ақын эшелон бастығынан бір сағат уақыт сұрайды, бірақ рұқсат ала алмаған. Қағаз бен қарындаш тауып, отырып өлең жазған. Сол өлеңін үшбұрыштап бүктеп Оралдағы өзі қызмет еткен редакцияға жолдап, теміржолшы орысқа жалынып беріп кете барады. Ол атақты «Орал» өлеңі [1; 23, 24]:

*Оралым, шықтың алдымнан,
Оралым менің, Оралым!
Қол созып қызыл вагоннан,
Үстіңнен өтіп барамын.*

*Оралым, сенің қойыңда
Ойнақтап өткен жылдарым.
Жарқылдап Жайық бойында
Достармен сайран құрғанмын.*

*Шағанның бойы көк шалғын,
Шалқамнан жатқам шаңқай түс.
Гүл болып менің құшағым,
Кеудеме қонған бұлбұл құс.*

*Өмірдің алтын кесесін
Тосқанмын айдың нұрына.
Кезгенмін Совет көшесін,
Кеудемді ашып құрбыма.*

*Сонау бір шетте сонау үй
Кетер ме, сірә, көңілден?
Алушы ед тартып мені ылғи
Махаббат, жастық лебімен.*

*Терезе алды — жас терек,
Тұр екен кімдер сүйеніп?
Жүр екен кімдер еркіндеп,
Жүрегін ұстап үйге еніп?..*

*Сағындым сені, Оралым,
Күндер жоқ бейбіт бұрынғы.
Келгенше қайтып оралып,
Алып қал осы жырымды, —*

деп ақын анасына бар сырын атқарған баладай толқиды. Табалдырығынан талай аттаған жылы үйді есіне алады. Оралмен өзінің туған жеріндей, өзінің туған анасындай қоштасады:

*Сіркіреп жаңбыр жауғанда
Байқарсың өзің анықтап:
Жаным бір жүзер ауаңда,
Ауаңда сенің қалықтап.*

*Қош болшы енді, Оралым,
Күле бер шалқып, сайранда!
Айтпақшы, қайда бораның?
Кетейін алып майданға!*

Бейбіт елдің майданға бара жатқан ақынының көңілінде мұң, көзінде жас бар. Бірақ ол жасық емес. Қайсар жан. Сондықтан да өз даласының боранын майданға ала кеткісі келеді.

Соғысқа дейінгі ақын шығармалары

Қасымның өмірі мен шығармашылығының басты-басты кезеңдері — балалық және жалынды жастық шақ; арайлы Алматыдағы ақындық қалыптасу кезеңдері мен Ұлы Отан соғысы; соғыстан кейінгі шабытты шығармашылық жылдары.

Ақынның соғысқа дейінгі кезеңдегі көркемдік сапасы аса биік туындылары қатарына «Ақын», «Бірінші Май», «Жолдас маршал», «Жалғыз жалау», «Дүниеге жар», «Орамал», «Мен табиғат бөбегі» тәрізді өлеңдері жатады.

Соғысқа дейінгі Қасым шығармаларында Абайдың әсері басым тәрізді. Тіпті, азын-аулақ сөз қылған махаббат жырларының өзінен Абайға тән терең іңкәрлік, шексіз құштарлық, оптимистік арман сезіледі. Бір түрлі, Абай лебі ескендей болады. Өйткені Қасым бала кезінен Абай жырларын естіп өсті. Есейе келе Абай өлеңдерімен, Абай рухымен тіптен жақын танысты. Әсіресе Абай мектебінен мол сусындағандығы ақынның «Сұлудың сымбаты» [5; 92] деген өлеңінен қылаң беріп қалады:

*Қара көз, қиылған қас, жазық маңдай,
Алма бет, ақша жүзі нұр тамғандай;
Қыр мұрын, оймақ ерін, меруерт тіс,
Бейне мақпал қызыл тіл шекер балдай;
Төгілер иығына қара шашы,
Жібектей жүз құлпырған дамыл алмай;
Күмбездей жарқыраған мойыны бар,
Тамағы күн шалмаған ақ торғындай.
Тік иық, сүмбіл білек, кербез кеуде,
Қос емшек ақ төсінде қос алмадай...
Мықыны тар, қиылған қыпша белі —
Бұралған бейне нәзік пружинадай,
Бөксесі дөп-дөңгелек қызықтырар.
Жұп-жұмыр кіршіксіз ақ саны қандай;
Бүлкілдеп балтыр еті, екі аяғы —
Түп-түзу мергендердің мылтығындай,
Еш мін жоқ, көз тойғысыз сырт тұлғасы,
Заказбен мрамордан құйылғандай.
Ақ көңіл, таза пейіл, уыз жүрек,
Сырты қандай болса, дәл іші сондай;
Кішіпейіл, білімді, ойы зерек,
Ибадатты боп келсін, арсызданбай;
Қара көзін төңкере қарағанда
Кірпігінен құлпырып нұр тамғандай,
Жымың қағып, еркелеп сызылғанда
Балдан тәтті қылығы — ес танғандай;
Жарқ-жұрқ етіп тұрғанда, жүргенінде
Көзге түсер таудағы ор құландай;
Нәзік даусы сыңқылдап күлгенінде
Аққу құсы айдынның ойнағандай;
Жүз бұралып, сызылып шыққан үні,
Қос сандуғаш бақшада сайрағандай.
Жібек желдей тәніңе тисе лебі,
Бойы балқып, ойыңды арбағандай.
Он жеті мен он сегіз шамасында
Көзді тартар кенеттен туған айдай;
Болар ма еді арманың бұл жалғанда,
Жарың болса өмірлік дәл осындай;
Болмаса егер, амал не, тудың, өлдің
Дәл осындай сұлуды ойлай-ойлай.*

Шығармашылығының бастапқы кезеңінде хакім Абай жырларынан тәлім алуы — табиғи заңдылық. Абайды оқымай, оны терең зерттеп танымай, ақындық жолға түсудің өзі әбестік болар еді.

Енді, Қасымның отызыншы жылдардың аяғында жазылған «Алдында мен махаббат әулиенің...» деген өлеңін [5; 40] оқып көрелік:

*Алдында мен махаббат әулиенің
Ұлы жанды ұсынып, бас иемін,
Аңыз болып қалғандай жұрт аузында
Дәл бір жігіт жар сүйсе, мен сүйемін,*

*Дәл бір жігіт жар сүйсе, мен сүйемін,
Жалыны ғой махаббат жан-жүйенің,
Махаббатсыз қан салқын, дене жансыз,
Махаббатсыз сәні жоқ дүниенің.*

*Түсінбейді-ау, кей адам махаббатты,
Оған, сірә, махаббат — гүл сияқты,
Үзіп алды, ол тақты, бұл да тақты,
Гүлі солды, тастады, болды ұятты.*

*Жоқ! Махаббат — гүл емес, жанның күйі,
Табиғаттың адамға тартқан сыйы,
Кеуде бейне күй сандық, білсең ойна,
Оның да бар До, Ре, Ми... Соль, Ля, Сиі.*

*Махаббат бар адамда, ақыл, ой бар,
Сергек ақыл жан сырын терең ойлар,
Ойсыз жанға кеудеңнен орын берсең,
Жүрегіңді алар да доп қып ойнар.*

*Ондайларға ежелден кеудем жабық,
Сырым жұмбақ, бір жанмын таңғаларлық,
Жүрегімнің түбінде не жатқанын,
Кімді сүйсем, сол ғана білер анық.*

*Кімді сүйем? Айтпаймын. Өзім білем,
Ол түсінер мені осы өлеңімнен;
Ол бір бейне махаббат періштесі,
Қанатымен сипар деп сенемін мен.*

Бұл өлеңді шекер сорғандай таңдай қағып, тамсанбай оқымау мүмкін емес. Махаббатты осыншалықты асқақтатқан, оның тылсым табиғаты мен тұңғыық болмысын танып білген, сәулесіне шомылып, нұрына шалқыған Қасым сияқты ақындар бұл дүниеде өте сирек болса керек.

Елінің перзенті, жалпақ жұртының жүйрігі Қасым «Нар тәуекел» өлеңінде [1; 16]:

*Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға,
Қайрат шіркін, алып шықса, қиын ба?!
Бұл сапарда сүрініп те қалармын,
Сонда, досым, мені айыпқа бұйырма!
Жығылам деп, жүре алмаймын жәй басып,
Жүгіремін киіп-жарып, айқасып.
Мүлги берсін, ілби берсін қорқақтар,
Іш пыстырып, жалт-жалт қарап байқасып.
Жығылсам да жүгірумен өтемін,
Аяңшылдың ақылын мен не етемін.
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,
Барар жерге бұрынырақ жетемін, —*

деп әдебиет әлеміне деген құлашын кең сермеді.

Белгілі ақын Ғафу Қайырбеков «Қасым Аманжолов — қазақтың ұлттық ақыны» атты мақаласында [6] былай деп ой өрбітеді: «Қасымның туған топырағы Қарқаралы Қасымды «Дауылпаз» деп атайды екен. Мұнысы да әдемі. Шынында, Қасым, өзі айтқандай, «Дауыл мен оттан жаралған» ақын еді. Қасымның қай өлеңін алсаңыз да, дауыл, «найзағайлы қара бұлт, от-жалын қаптап жүреді ғой».

Кезінде Қ.Аманжоловтың атағын аспандатып жіберген, кейін «ұлтшыл» атандырған осы «Дауыл» өлеңі еді [5; 142, 143]:

*Ышқына соққан дауылға
Құмартушы ем жасымда,
Нөсерлеп құйған жауында
Қызығушы ем жасынға,*

*Жүгіруші ем жарысып,
Сарыарқаның желімен,
Ойнаушы еді алысып,
Соққан дауыл менімен...*

*«Дауыл! Дауыл!» дегенге,
Шықтық үйден дүркіреп,
Аспан тұрды төбемде,
Аласұрып, күркіреп.*

*Дүние сол кез дүрілдеп,
Келе жатты бір дауыл.
Түндіктері желтілдеп,
Күтіп тұрды жарлы ауыл.
Шыр айналды шаңырақ,
Сықырлады сырғауыл,
Бұрқырады бар аймақ,
Соқты ышқына көк дауыл.*

*Көшті ауыл керуені,
Ілестім де мен кеттім.
Көк дауылдай кеуделі
Жігіт болдым, ер жеттім.*

*Мен дауылдың ұлымын,
Тұра алмаймын дауылсыз
Қарсы алға дайынмын,
Соқса да дауыл дамылсыз.*

Қасым — қара өлеңнің отымен қараңғы түнді жарық қылар найзағай тектес талант. «Күлемін де жылаймын...» деген жырында [5; 121, 122]:

*Күлемін де жылаймын,
Жылаймын да күлемін.
Неге ғана бұлаймын, —
Өзім ғана білемін.*

*Өкінбеймін өмірге
Босқа келген екем деп.
Өкінемін, бір күнде
Түк бітірмей кетем деп.*

*Мен сүйемін өмірді
Құшақтаймын жарымдай;
Бірде болам көңілді,
Бірде тұрман қайғырмай.*

*Білмеген жан өлерін
Қайтып сүйер өмірді,
Білмей қайғы келерін,
Қайтіп болар көңілді?*

*Дәл осыны түсінбес
Адамдар бар не шара!
Іші қуыс, сырты мес,
Тас бауырлы бишара... —*

дейді.

Қасымның бұл жыры жайында академик Зейнолла Қабдолов «Сөз өнері» атты еңбегінде былай дейді: «Не деген ғаламат контраст және осы арқылы ақын адам баласын қандай тұңғық психологизмге сүңгіте жүздіріп әкеткен! Күле бере жылау, жылай бере күлу — адамның көңіл-күйіндегі шекспирлік құштарлық пен өшпенділіктен ғана туатын мінез: бұл адамның жан дүниесіндегі нөсер мен дауыл, жаз бен қыс. Ақын мінезінде осындай күрделі құбылулар болмаса, оның қаламынан қызулы жыр да тумаған болар еді» [7].

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында Абайды — байшыл, Мағжанды — түрікшіл, Сәкенді жапон тыңшысы деген тұрпайы социалистік сынның нөсерінің арасынан сытылып шығып, сол қоғамның шыны мен сырын «кеудеден тау суындай ақтарып жазу» — Қасымның ғана қолынан келген ерлік. Сондықтан да сыр-сандыққа сыналап енгізген жүрек құпиясы — сол қаһарлы һәм үрейлі 1930 жылдардың бізге жеткен ақындық, азаматтық аманаты [8].

*...Сынса да, сыр сандықтың бітпес сыры,
Сынығын жасап алдым, жоқ еш міні;
Бұйымы сандығымның басымда мол,
Таусылмас шашсам-дағы күні-түні.*

*Сандықтың кілтін ашсам сыр тамады,
Жан сүйер, тәнің балқыр — нұр тамады,
Тамылжып, бойды серпіп, ойды желпіп,
Сорғалап, күй тамады, жыр тамады.*

*Сандығым — тән азығы, жан азығы,
Сандығым — қуат, жігер, қан азығы,
Сүйдірген өз заманын, өз қоғамын
Сандығым — сана-сезім, ар азығы.*

*Сандығым — жас жүрегім, тілім кілті,
Сұлулап сырдан құйған іші-сырты.
Сақталған көкірегімде сыр сандығым,
«Сенікі», «менікі» емес, көптің мүлкі!*

*Тән тозып, қан суалмақ, — расында!
Тән қалар қара жердің жырасында,
Сонда да сыр сандығым жерде қалмас,
Сақталар ұлы тарих мұрасында.*

*Сенемін! Сақталар деп сыр сандығым,
Білінер! Бұл өмірде болғандығым!*

*Сандықты сақталғандай ете алмасам,
Не керек босқа туған адамдығым! —*

деп шабыттанады ойшыл ақын «Қарай — қарай, көзімнің нұры бітпес...» деген толғауында [5; 44–47]. Бұл оның жүрекжарды сөзі. Өйткені, Қасым жыры — елінің қазынасы. Халқының жауһары.

Шынында, ақынның жырында бір ұлы қасиет болды. Ол тіліміздің ұланғайыр байлығының алтын қазығын сақтап қалды. Қазақ поэзиясының ұлықты да ұлағатты, киелі қара шаңырағын биіктетіп сөзстан әлемінің мерейін өсірді. «Атамекен» деген шығарамасында [1; 17]:

*Сүйем сені туған ел — атамекен,
Абзал анам сенсің ғой құшағың кең.
Жер мен көктің жаннаты бір өзінсің,
Сенен артық не табам, қайда кетем.*

*Іздеймін деп «Жерұйық», желдей желген
Асанқайғы емеспін, Қасыммын мен,
Қорқыт та емен елсізде, көр басында
Қобызымен сырласып күңіренген.*

*Ерке жанмын, өмірде өстім еркін,
«Еркелеме, ей, жігіт, еспе» дер кім?!
Өз елімде өзендей гүрілдеймін,
Тасып, шалқып өтемін, — осы сертім, —*

деп шырқады. Бұл тек арынды ақынға тән мінез. Ұлылардың сарқытындай жарасып тұр.

Жыр жүйрігі «Советтік менің өз елім» деген туындысында [1; 14, 15]:

*Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден.
Жетімдік тағдыр жетті ептеп,
Қабағы қату түксиген.
Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.
Әкем боп таптың сол кезде,
Советтік менің өз елім!..*

*Тауға да шықтым, жер бастым,
Аспанға ұштым — көк көрдім.
Өмірге құлаш кең аштым,
Бәрін де көзден өткердім.
Жарқылдап жаһан — кең сарай,
Аралап оймен кеземін.
Таппадым сенен артық жай,
Советтік менің өз елім!
Бұлбұлым сайра кеудемде,
Бұлбұлым — менің жүрегім.
Көңілдің күйі келгенде,
Ағыл да тегіл жыр едім.
Ағыттым ойдан ел үшін
Өлеңнің ерке өзенін.
Ақының болдым сен үшін,
Советтік менің өз елім! —*

деп саяси тақырыптың өзінде де шедевр туғызған. Сондықтан да Қасымның шеберлік мектебіне соқпаған қазақ ақыны жоқ. Өйткені Қ.Аманжолов уақыттың сынынан сынбай өткен сымбаты бөлек

сырлы әлемнің сәулетшісі болып қала беретін Алаштың ақиық ақындарының бірі. Ұлы Абай — қазақ жырының қасиетті Алатауы болса, сом тұлғалы асылымыз Қасым — қазыналы Қаратауы.

Бұл жерде ерекше айта кететін жайт, біз сирек туатын аса дарынды ұлдарымызды тірісінде түртпектеп, өлген соң данышпаным, арыстаным деп өксіміз. Өкінішке орай, қайран қазақ қанына сіңген қашанғы қызғаныштық, күншілдікпен Абаймен иықтасқан Қасымды, Мағжанды, Мұқағалиді кешеуілдеп танып, кеш бағаладық. Дегенмен, табиғи таланттың бағасын тарихтың өзі беріп отыратыны мәлім.

Мұхтар Әуезовтің қабірінің басында Ғабит Мүсірепов: «Ат тұяғын тай басар» деген ескі нақыл өнерге жүрмейді. Бұдан былай қақ ортамызда ойылып қалған Мұхтардың орнын ешкім ауыстыра алмайды. Мұхтар бізге орнын қалдырған жоқ...», — депті. Шын мәнінде, ірі таланттардың, дара таланттардың орнын ешкім де ауыстыра алмайды. Сондықтан да ірі таланттарымызды, дара таланттарымызды сақтай, қорғай, бағалай, қадірлей білуіміз керек.

Ақиық ақын сонау 1940 жылы «Дүниеге жар» деген шығармасында [5; 95–97]:

*Ей, тәкаппар дүние!
Маған да бір қарашы,
Танисың ба сен мені?
Мен қазақтың баласы!..*

*...Есе тиер, енші алар
Ел болсам деп ойлаушы ем.
Қазақтың деп айта алар
Мен болсам деп ойлаушы ем.*

*Тәкаппар дүние төріне
Емін-еркін шықсам-ау,
Айтқанымды тыңдатып,
Айтқандарын ұқсам-ау,
Деп ойлаушы ем, сол болды,
Армаңыма жеттім мен,
Үдере жорттым, жол болды,
Тау төңкердім екпінмен...*

*Тәкаппар ұлы дүние!
Қазақ деген — мен деймін.
Мылтығыңды ұсынба,
Қолыңды ұсын, кел деймін! —*

деп кемеңгер Абай аңсаған, бабалардан жалғасып, қанымен санасына жеткен азаттық, теңдік арманын жырмен жариялады. Содан бері Қасымның шиыршық атқан ойлары мен шымыр түйдек сөздері ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұлттың отаншылдығын тәрбиелеуге қалтқысыз еңбек етіп келе жатқаны ақиқат.

Ұлы Отан соғысы кезеңі — Аманжолов ақындығының бой көрсеткен шағы

Қасым Аманжолов Ұлы Отан соғысы кезінде қаныпезер жауға қарсы қаламымен де, қаруымен де күресті. Оның азаматтығы, ақындық қуаты ұрыс даласында шыңдалды. От ішінде, оқ астында жүріп, туған жерін жан-тәнімен қорғауды ең басты парызы санаған ол болашақты да ойлайды. Ақ парақпен бетпе-бет қалып, жан сезімін жыр жолдарына көшірер сәттерді сағынды. Белгілі қасымтанушы Тұрсынхан Әбдірахманова: «Ұлы Отан соғысын көркем әдебиетте бейнелеу, поэзияға өзек ету әдебиетте мазмұн жағынан да, түр жағынан да жаңалық болды. Қасым Аманжолов қазақ поэзиясында дәл осы тұрғыда үлкен төңкеріс тудырған, зор жаңалық әкелген ақын» [9], — деп жоғары бағалады.

Туған жеріне тұтқиылдан дұшпан басып кіргенде Қасым қайсыбіреудей:

*Қулығы жоқ мен бір солдат,
Шинелінен сыққан қанын,*

*Сызып жалау, қойып ноқат
Картасына Еуропаның
Отырғам жоқ кабинетте,
Қарындашпен қиратып жау... —*

деп («Қалмақанға» деген өлеңі [1; 48, 49]) кеңседе отырып қала алмады. 1941 жылы ол майданға аттанар алдында Қиыр Шығысқа жөнелтіліп:

*Қош бол, досым, жақыным!
Уақыт тығыз, сөз қысқа.
Кетіп бара жатырмын
Сұрапыл бір соғысқа.*

*Тепкісінде соғыстың
Дүние меңзеп жатқанда,
Ажал бейне фашист сұм
Қасқыр болып шапқанда, —*

*Қоян емес, адаммын,
Қайтіп бұғып жатармын!
«Жаны тәтті жаманның» —
Сыналар күні мақалдың.*

*Сыналар күні жігіттің,
Қош бол, досым, сөз қысқа!
Зіл боп ойым, мен кеттім
Сұрапыл бір соғысқа! —*

деп («Қоштасу» өлеңі [1; 17, 18]) тығыз уақытта дос-жаранмен еркін қоштасуына да мұршасы келмей, сол кеткеннен қанды қасап қырғынның ортасынан бірақ шықты.

Ақын отырған эшелон қазақ даласының үстімен өткенде, бір сәт өзі туып-өскен сайран тау, самал жайлау, сырнайлы өзен, сап-сары алтын нұры жүзген қасиетті Сарыарқа көңіл-күйін шалқытады. Осы сәтте шығарған «Сарыарқа» атты туындысында [1; 25]:

*Сарыарқа сап-сары алтын жүзген нұрға,
Қоналқы мекен болған сан ғасырға.
Сайран тау, самал жайлау, сырнайлы өзен
Лебімен алар тартып, шықсаң қырға.*

*Көтеріп ән мен жырдың күй қанаты,
Жүрегін ұшар құс боп аспанында.
Әлемнің саған ауып махаббаты,
Сарыарқа орнар сенің жас жаныңда.*

*Жұбанып сол Сарыарқа құшағында,
Есімде ойнағаным жас шағымда
Жетімдік жалбыр тонын жерге соғып,
Құмартып ауған бұлтқа, алыс шыңға.*

*Арқа ару, ашып нұрлы күн бетіңді,
Ойнатып, еркелетіп мен жетімді,
Аулаққа сұр бейіттен әкетуші ең,
Не дермін сенің сол бір құдіретіңді?*

*Сарыарқа, сағындырдың, атамекен,
Сардала анам едің құшағың кең.*

*Тұсыңнан тоқтай алмай барам өтіп,
Артта — сен, алда — майдан, қайтсем екен? —*

деп перзент жүрегін толқытады.

Соғыс жылдарында Қ.Аманжолов қазақ солдатының ерлік сыпатын танытар өлеңдерді көп жазды. Мысалы, «Елге хат» деген шығармасында [1; 37–40]:

*Менің бір бар еді ерке тентек ұлым,
Өлі ме, тірі ме екен сол құлыным?» —
Дейтіндей болдың зой сен, туған елім,
Жоғалдым зым-зия боп, шықпай үнім.*

*Арада өтті үш жыл ойран-топыр,
Теңіздей тебіренді қала мен қыр.
Шарықтап аспанында жүрген шығар,
Қанатын өрт шарпыған өлең мен жыр.*

*Көре алмай содан менің қаршығамды,
«Қан болып жатыр ма, — деп, — құшып шаңды».
Астынан алақанның алыс қарап,
Іздер ме ата қазақ ақ сақалды?!*

*Бармын мен бұл дүниеде, жүрмін тірі,
Жоқсың деп жала жабар құдың бірі.
Түссем де отқа, суға — тозар емес,
Солдаттың етігіндей жаным сірі, —*

деп соғыстағы қазақ майдангерлерінің қиыншылық пен азапқа төзімді бейнесін отқа да, суға да, батпаққа салса да, мыңқ етпейтін солдаттың кирза етігі түрінде көрді.

Соғыс даласында оқ пен оттың арасында жалын кешіп жүрген ақын «Сырласым» атты өлеңінде [1; 47]:

*Хат жоқ елден: достан да, жақыннан да,
Шынымен-ақ шіркіндер ұмытқан ба?
Жапа-жалғыз тұңғиық ойға батып,
Ұқсаймын су түбінде отырғанға.
Жалғыз сенсің сырласым, осы өлең,
Ақын жыры, туысы, досы — өлең.
Мейлі мені ұмытсын дүние жүзі,
Жырлап тудым анадан, жырлап өлем! —*

деп толғанады. Мол мұңдану үстінде отырып, жан сырласы — өлеңі екенін ескертеді.

Қазақтың кең даласын, Сарыарқаның сары жайлауын, Ертістей сұлу өзенін, Оралы мен Жайығын, ақбасты Алатауын жалынды махаббат, сарқылмас сағынышпен жырлаған Қасым соғыстың ойдағыдай аяқталып, фашистердің күйреуіне Кеңес адамының ерлігі мен гуманизмнің жеңісі ретінде қарады. Әлем сахнасында еркін басқан Кеңес солдатының қатарына ол өз жерлестерін қосты. Днепр толқынында «ажалды астына басып, басқа тепкілеген» Мартбек, әскери адам бойындағы жылы сезім үлгісін танытатын подполковник Әлпин, Берлиннің тар көшесінде фашистерді жөнге салып жүрген Жылқайдар бейнелері — лирикалық поэзиядағы тың образдар. Фашистер «азиат», «тағы халық» атаған қазақтардың бүгін олардың ордасын талқандауға қатысуын Қасым мақтан тұтты [10].

Сондықтан да алапат өрттің ортасынан аман шыққан ақын жүрек «Алматы» атты өлеңінде [1; 56, 57]:

*Жақсы екен зой Алматым,
Алтын үйім — Астанам.
Осы екен зой жаннаттың
Атам қазақ аңсаған.*

*Келдім сені сағынып,
Алтын ұям — Алматым.
Кең көшеңде басар нық
Мен бір ақын солдатың.*

*От пен темір сайысқан
Келдім майдан төрінен.
Жер құшам деп көр құшқан
Жауды жеңіп келдім мен... —*

деп шаттана жырлады.

Түйін

Қорыта айтсақ, отызыншы жылдардың аяқ шені (1939–1941) мен Ұлы Отан соғысы кезеңі — Қ.Аманжолов ақындығының анық бой көрсеткен шағы. Оның бұл кездегі өлеңдері ойы айқын, өрнегі нақышты болып келеді. Көңіл-күйінің әр алуан сезім-толқыныстарын бірде публицистік леппен, бірде сыршылдықпен жырлайды. Тез түйсік алып, тез тұтанатын сезіміне ойының батылдығы, поэзиясының үнділігі, бейнелеулерінің тапқырлығы, тілінің байлығы қосылғанда, Аманжолов ақындығының тегеурінді қуаты анық сезіледі.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аманжолов Қ. Дауыл. Өлеңдер. — Алматы: Жазушы, 2001. — 128 б.
- 2 Аманжолова Д. Ақын даңқы // Орталық Қазақстан. — 2011. — 3 наур. — 6-б.
- 3 Құсайынұлы Қ. Әлемдік деңгейде насихатталса... // Ана тілі. — 2011. — № 36 (1084). — 8–14 қырк. — 9-б.
- 4 Бақтыгереева А. Орал жылдары мен жырлары // Қазақ әдебиеті. — 2011. — № 35 (3251). — 2 қырк. — 6-б.
- 5 Аманжолов Қ. Нұрлы дүние: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Жазушы, 1991. — 392 б.
- 6 Қайырбеков Ғ. Қасым Аманжолов — қазақтың ұлттық ақыны // Ана тілі. — 2011. — № 15 (1060). — 14–20 сәуір. — 6–7-б.
- 7 Ериш М. Қазақ поэзиясындағы Қасым — мінез // Жас Алаш. — 2011. — № 71. — 6 қырк. — 5-б.
- 8 Сматеев С. Серінің сертке тартқан семсері еді // Жас Алаш. — 2011. — № 68. — 25 тамыз. — 5-б.
- 9 Құтжанұлы Ә. Дауылпаз ақын өлеңдеріндегі дауыл бейнесі // Орталық Қазақстан. — 2011. — 22 қазан. — 6-б.
- 10 Қирабаев С. Баяғы Қасым — бір Қасым // Қазақ әдебиеті. — 2011. — № 19 (3235). — 13 мамыр. — 12-б.

Р.С.Каренов

Довоенные годы и годы войны — период становления Касыма Аманжолова как мастера поэтического слова

В статье описана жизнь и деятельность видного казахского поэта первой половины XX столетия Касыма Аманжолова. Отмечено, что знакомство Касыма как талантливого поэта со своими читателями состоялось в 1936–1938 годы. Дана оценка творчеству поэта в предвоенные годы, особенно в период проживания в Западном Казахстане в городе Уральске. Талант Касыма Аманжолова как истинного мастера поэтического слова проявился в годы Великой Отечественной войны. Сделан вывод о том, что именно 1939–1945 годы можно считать тем периодом, когда произошло признание К.Аманжолова как одного из выдающихся казахских поэтов XX столетия.

R.S.Karenov

Pre-war years and years of war — the period of formation of Kasym Amanzholova as masters of the poetic word

In article life and activity of the prominent Kazakh poet of the XX century first a half Kasym Amanzholov are described. It is noted that Kasym's acquaintance as talented poet to the readers took place in 1936–1938. The assessment is given to creativity of the poet in premilitary years, especially during residence in the Western Kazakhstan in the city of Uralsk. It is emphasized that as the true master of the poetic word Kasym Amanzholov showed to himself in days of the Great Patriotic War. The conclusion about what can be considered 1939–1945 as that period when there was K.Amanzholov's recognition as one of outstanding Kazakh poets of the twentieth century is drawn.

References

- 1 Amanzholov K. *Hurricane. Verses*, Almaty: Zhazushy, 2001, 128 p.
- 2 Amanzholova D. *Ortalyk Kazakhstan*, 2011, March, 3, p. 6.
- 3 Kusainuly K. *Ana tili*, 2011, 36, (1084), September, 8–14.
- 4 Baktygereeva A. *Kazakh adebieti*, 2011, 35 (3251), September, 2, p. 6.
- 5 Amanzholov K. *Light world: The chosen verses and poems*, Almaty: Zhazushy, 1991, 392 p.
- 6 Kayyrbekov G. *Ana tili*, 2011, 15 (1060), April, 14–20, p. 6–7.
- 7 Ershu M. *Zhas alash*, 2011, 71, September, 6, p. 5.
- 8 Smatayev S. *Zhas alash*, 2011, 68, August, 25, p. 5.
- 9 Kutzhanuly A. *Ortalyk Kazakhstan*, 2011, October, 22, p. 6.
- 10 Kirabayev S. *The Kazakh adebieti*, 2011, 19 (3235), May, 13, p. 12.

UDC 82.0

Nicolae Stanciu

*Faculty of Philology, Bucharest, Romania
(E-mail: nickstanciu@yahoo.com)*

Dragons in Slavic and Romanian cultures

Due to its geographical position, Romanian ethnic territory is at the confluence of various languages, cultures and civilizations and Romanian culture shares many features with the Slavic cultures because of linguistic and cultural contact and the similar historical conditions under which they flourished. The issue of Slavic influence on Romanian culture has appealed to many researchers that have sought to explain the mystery of how a Romance culture survived in territory surrounded by Slavs. Similar customs, and folk representations circulated in both directions — from common Romanian to the Slavic languages and cultures and vice versa. Some motifs concerning the demons should demonstrate a broad area of common or similar representations in both types of cultures. This work will thus offer a new approach to the study of the Romanian-Slavic and Romanian-Balkan relationship and we hope a synthetic and unified vision of their common elements, and it will try to give some new ideas about an unresolved, debated, and contentious topic.

Key words: dragons, Slavic, Romanian, similarities, mythology, common cultural inheritance.

CULTURAL CONTEXT AND GOALS

Romanian culture in Balkan context

In response to new challenges and problems that have emerged in language teacher training and also considering the shift in the focus of teacher training in 1992 the BDF Department of English Language and Literature revised its curriculum introduced previously. We do not intend to elaborate on the contents of the complete curriculum, the paper describes the course on non-verbal communication only and presents an analysis of the outcome of our investigation. We attached great importance to bring our curriculum, particularly its non-verbal components in line with the contemporary trend that started to make its influence felt from the 1980s on and which can be characterised by a considerable approximation and eventual overlap between linguistics, information and communication sciences. A shift in the conception of what culture means coincided with the former process. Cultural pluralism has become the buzzword replacing the notion of the «melting pot» and placing the idea of cultures living side by side, retaining their national identities by preserving their unique traditions in pivotal position. (cf. Valverde, 1993)

Designing, developing and implementing our programme required us to maintain a balanced interdisciplinary approach, keeping in mind that it had to be apt for classroom application. During this procedure we considered both domestic and international experience available at the time. Having launched the programme we were soon faced with the enormous complexity of the task to instruct an interdisciplinary subject area parallel with teaching language skills or delivering lectures on the theoretical background. Enthusiastic and committed as we were, we knew it would have been a fallacy to assume the possibility of acculturation in the classroom, leading eventually to acquiring social and cultural norms and rules, with other words to the students' integration into the target society. However, neither the given classroom environment, nor the time allocated for the course or the whole programme was adequate or suitable for this purpose. All data and evidence from the survey seemed to suggest the same bottom line, namely that all we can achieve is to make our students comprehend the complexity of the multichannelled process of communication and enable them to anticipate what an interaction with native or non-native speakers of the language, whose minds are furnished with culturally bound means of non-verbal communication, might bring. Under the given circumstances it did not prove feasible to teach our students how to (re) produce cultural differences in terms of kinesic behaviour, proxemics, etc. although we can help them develop the capacity to recognise and decode non-verbal elements of cross-cultural communication.

We are well aware how limited our facilities are and also that we are not in a position to ensure training in an English-speaking country for each student. Nevertheless, we are in a position to considerably contribute to and advocate the establishment and development of skills and competences necessary to a successful interaction as our linguistic courses substantially facilitate the establishment of syntactically, semantically and paralinguistically correct verbal competences.

With the English language becoming the lingua franca of the world the question naturally rises whether or not the communicative competence of native speakers is sufficient to ensure smooth interaction with non-native speakers of the language. The answer is at present a definite no, because few native speakers have realised thus far that effective cross-cultural communication requires also their readiness to learn. We must certainly agree that non-native speakers of the language have to be prepared how to communicate effectively in English both with native and other non-native speakers. It seems reasonable and warranted to assume that it is equally important to be able to communicate effectively with native and non-native speakers alike who have English as their L2.

Our examination stipulates as its starting point that alongside with establishing communicative competence, teaching and learning non-verbal communication is an integral part of cultural studies. Thus our students will be culturally enriched, their horizon is broadened, acquire skills and relish experience which in turn will indirectly enable them to achieve high standards in their future teaching career and demonstrate effective interpersonal skills, too. Our programme does not expect the students to give up their cultural identity but facilitates a conscious knowledge and interpretation of a system of non-verbal communicative elements different from their own, although decoding is not always possible due to the lack of necessary background knowledge.

Given the current didactic practices, communication studies are not in the forefront of many language teacher training programmes and as part of these studies the subject area of non-verbal communication is rarely on offer as a course in its own rights.

These days foreign language teaching focuses on the development of verbal communication skills, either pushing non-verbal dimensions into the background or ignoring them altogether. Our main concern was to find out whether or not the non-verbal communication system of the target language can be internalised or what we can do to raise our students' awareness of the major and often decisive role elements of non-verbal communicative competence play in effective interaction serving as cornerstones of communication.

Considering that our students are to be non-native teachers of English, it is not difficult to see that employing non-verbal communicative elements as well will boost the efficiency of their future classroom management. Also given the fact that 80 % of all forms of communication accounts for non-verbal communication in any language there is no way that a responsible ELT teacher trainer can ignore such a substantial part of L2 acquisition.

Research conducted in educational context is different from a standard research and its subject material in that its participants function both as the sources and targets of the examination.

Although we had a wide variety of choices when selecting the decisive factors for our survey from the available theories and making advantage of our own situation, this proved a demanding and challenging task. When formulating our hypothesis we turned to our experience gained from looking into the acquisition of the native language and separately considered the acquisition/learning of L2 in a classroom environment.

Only students having spent a considerable period of time in an English-speaking country demonstrated adequate and productive non-verbal communicative competence while the majority of students hardly showed signs of even receptive communicative competence. Students with sufficient and effective communicative competence are in an absolute minority as opposed to students, definitely more in number, with the ability to recognise only elements of non-verbal communicative competence, which receptive ability varies in terms of socio-linguistic and strategic competence as well.

The outcome of our survey reinforced us in our belief that from a practical point of view it is definitely worth making the effort to carry on with the investigations while acknowledging that there is room for further research.

As Buda (1998) very aptly puts it, communication is an endless and inconsumable resource for research providing starting points for future projects. All research hitherto seems to boil down the same conclusion, namely that non-verbal communication is impossible to acquire without having lived in a target language country for a considerable period of time since it is so much enriched by (cross-) cultural aspects that the outcome is always highly variable and requires first hand experience of the target language community.

References

- 1 Bachman L.F., Savignon S.J. The Evaluation of Communicative Language Proficiency: A Critique of the ACTFL Oral Interview. *The Modern Language Journal*, 70, 1986, 4, p. 380–390.
- 2 Canale M. From communicative competence to communicative language pedagogy. In Richards J. and Schmidt R. (eds.) *Language and Communication*, London: Longman, 1983, p. 2–27.
- 3 Canale M., Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. *Applied Linguistics*, 1, 1980, p. 1–47.
- 4 Celce-Murcia M. *Teaching English as a Second or Foreign Language*, Budapest: Akadémiai Kiadó, 1991.
- 5 Celce-Murcia M., Dörnyei Z., Thurrell S. A pedagogical framework for communicative competence: content specifications and guidelines for communicative language teaching. *Issues in Applied Linguistics*, 6(2), 1995, p. 5–35.
- 6 Chomsky N. Explanatory models in linguistics. In Nagel E., Suppes P., Tarsky A. (eds.), *Logic Methodology and Philosophy of Science*, p. 529–550, Stanford C.A. Stanford University Press, 1962.
- 7 Chomsky N. *Aspects of the Theory of Syntax*, Cambridge: M.I.T. Press, 1965.
- 8 Chomsky N. The General Properties of Language. In Millikan C.H. - Darley F.L. (eds.) *Brain Mechanism Underlying Speech and Language*, New York: Grune and Stratton, 1967, p. 73–88.
- 9 Chomsky N. The formal nature of language. In Lenneberg, *Biological Foundations of Language*, New York: John Wiley and Sons Inc., 1967, p. 397–442.
- 10 Chomsky N. *Language and Mind*, New York: Harcourt, 1972.
- 11 Chomsky N. A nyelv formális természete. In Szépe Gy. (szerk.), *A nyelvtudomány ma*, Budapest: Gondolat, 1973, p. 211–283.
- 12 Chomsky N. Újabb adalékok a velüszületett eszmék elméletéhez. In Pap Mária (szerk.), *A nyelv keletkezése*, Budapest: Kossuth, 1974.

- 13 Chomsky N. On the biological basis of language capacities. In Rieber R.W. (ed.) *The Neuropsychology of Language*, New York: Plenum Press, 1976, p. 429–447.
- 14 Chomsky N. *Rules and Representations*, Oxford: Blackwell, 1980.
- 15 Chomsky N. Human language and other semiotic systems. In: Sebeok T.A., Sebeok U.J. (eds.), *Speaking of Apes*, New York: Plenum, Press, 1980, p. 427–447.
- 16 Chomsky N. *Knowledge of Language. Its origins, knowledge and use*, New York: Praeger, 1986.
- 17 Chomsky N. *Language and problems of knowledge*, Cambridge: M.I.T. Press, 1988.
- 18 Cook V. *Second Language Learning and Language Teaching*, London: Edward Arnold Publishers, 1989.
- 19 Di Pietro R.J. *Strategic Interactions*, Cambridge: Cambridge University Press, 1987.
- 20 Goulding A. *Student skills for the new European LIS market*. In Proceedings. Copenhagen, 1995, p. 51–60.
- 21 Hymes D. Kommunikatív kompetencia. In Horányi Ö. (szerk.) *Kommunikáció*, 1971, p. 33–356, Budapest: Közgazdasági és Jogi Könyvkiadó, 1978.
- 22 Hymes D. On communicative competence In: Pride J.B., Holmes J. (eds): *Sociolinguistics*, Harmondsworth, Penguin, 1972, p. 269–293.
- 23 Hymes D. Toward linguistic competence *AILA Review*, 3, 1985, p. 9–23.
- 24 Munby J. *Communicative Syllabus Design*, Cambridge. Cambridge University Press, 1997.
- 25 Nunan D. *Designing Tasks for the Communicative Classroom*, Cambridge: Cambridge University Press, 1989.
- 26 Richard-amato P.A. *Making It Happen*, New York: Longman Publishers, Ltd., 1988.
- 27 Russo G.M. *Expanding Communication: Teaching Modern Languages at the College Level*, New York: Harcourt Brace Jovanovich, Inc., 1983.
- 28 Sciacovelli A. Amber Road — Silk Road: Culture Connections, In: Sebahattin Tüzemen – Ali Caglar Güllüce (ed.), *Proceedings of ESRUC: 2nd Eurasian Silk Road Universities Convention. «Building Bridges in Higher Education: Seeking for an Eurasian Model and Developing ESRUC Consortium»*, Atatürk University, Erzurum 2011, p. 98–105.
- 29 Stevick E.W. *Success with Foreign Languages*, New York: Prentice Hall, 1989.
- 30 Szépe Gy. (szerk.) *A nyelvtudomány ma*, Budapest, Gondolat, 1973.
- 31 Szépe Gy. Megjegyzések a kommunikációról. *Modern Nyelvoktatás*, 1979, p. 269–283.
- 32 Valverde L. A new guiding school philosophy of student acculturation. *In Education and Urban Society*, 25 3, 1993, p. 246–53.
- 33 Wright T. *Roles of Teachers and Learners*, Oxford: Oxford University Press, 1987.

Каталин Молнар

**Коммуникативтік құзыреттілік түсінігіне жаңа көзқарас.
Ағылшын тілін шетел тілі ретінде оқыту барысында бейвербалды
коммуникация құралдарын үйрету және меңгерту**

Мақалада венгр аудиториясында ағылшын тілін оқыту барысында қолданылатын бейвербалды (тілдік емес) қарым-қатынас құралдарының рөлі қарастырылды. Венгр және ағылшын мәдениетіндегі бейвербалдық элементтердің (компоненттердің) типологиялық сипатына ерекше көңіл бөлінді. Лингводидактика бойынша студенттерге шетел тілін үйрету кезінде мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері басқаша қарастырылды. Сондықтан қазіргі уақытта шетел тілін оқыту кезінде бейвербалды (тілдік емес) қарым-қатынас мәселелерін қайтадан қарастыру қажеттілігі туындады.

Каталин Молнар

**Новый подход к трактовке коммуникативной компетенции.
Преподавание и овладение non-вербальной коммуникацией
в процессе изучения английского языка как иностранного**

В статье автором исследована роль невербальных коммуникативных компонентов при изучении венграми английского языка, особое внимание уделено типологическим свойствам невербальных компонентов в венгерской и англоязычной культуре. Вопросы межкультурной коммуникации при обучении студентов иностранному языку по-разному осмысливаются в лингводидактике. На сегодняшний день назрела необходимость осмысления проблемы невербальной коммуникации при изучении иностранного языка.

Г.Ш.Мизанбаева, М.Қ.Жүнісова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: zhunusovamk@mail.ru)*

Қазақ тілін жаңаша оқыту технологиялары

Мақалада қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың қоғам дамуына әсері мен білім берудегі маңызы, орны қарастырылды. Авторлар Қазақстан білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технологиялардың талаптарына сай жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда қолданылуы қажет деп қорытындылады.

Кілт сөздер: білім беру, жаңа технологиялар, ақпараттық технологиялар, қазақ тілі, электрондық материалдар.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық-педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді. Бүгінгі таңда қозғалып жатқан ең өзекті мәселелердің бірі білім беру жүйесінде жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Қазіргі білім беру саласында өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу мүмкін емес. Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің білім жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Сондықтан педагогика ғылымының алдында электрондық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылды. Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр. Дәстүрлі әдістемелік жүйеде оқу үрдісіндегі бөліктер бірдей және бір уақытта қатысады. Ал классикалық оқу үрдісінде әдістемелік тәсілге байланысты оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формалары, әдістері мен оқыту құралдары қолданылуы мүмкін. Электрондық оқытудың әдістемелік оқыту моделінде оқыту құралдарының орын алуы өзгерді. Олар оқыту құрылымы мен мазмұнын, әдістерін және оқытудың формаларын анықтайды. Енді бүгінгі күнде электронды оқыту шеңберінде жиі қолданылатын оқыту әдістемелері мен формаларына тоқтала кетейік. Электрондық оқытудың әдістеріне топтық әдіс және жеке дара оқыту әдісі жатады. Бұларды кеңінен тараған оқыту формаларына жатқызуға болады [1].

«Педагогикалық технология ұғымы бүгінгі күні оқыту аясына тұрақты еніп болды. «Педагогикалық технология» деген ұғымының эволюциясы туралы мынаны айтуға болады. Алғашқы кезең XX ғасырдың 40–50-жылдарын қамтиды. Мұнда «білім беру технологиясы» термині, негізінен, оқыту барысында қолданылатын көру-есту құралдарын білдіреді. Екінші кезең — XX ғасырдың 50–60-жылдары десе болады. Бұл кезеңдегі білім беру технологиясы дегеніміз программалап оқытуды танытатын еді. Үшінші кезең — XX ғасырдың 70-жылдарын қамтиды. Мұнда бұл термин алдын ала айқын белгіленген мақсаттарға жету үшін ұйымдастырылған жобалық оқу процесін білдіретін болады. Төртінші кезең — XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап, осы кездегі білім беру технология дегеніміз оқыту үдерісінде компьютер мен ақпараттық құралдарды пайдалану барысын танытады. Педагогикалық технология деп оқыту процесінің өзін жүйе ретінде құру мен басқару,

диагностикалық мақсаттар қойып, соған тиімділікпен жету жолдарын ғылыми негізде ұйымдастыру барысында танылады. Біздің ұсынатын бағытымыз осы соңғы айтылғанымен тығыз байланысты. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түпнегізі оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты білім оқыту мақсатына лайықтап ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Бұл жерде білім берудің екі жақтылық болмысы да ғылыми негіздер арқылы танылып, жүйеленуі тиіс. Оның бір жағы берілетін білім мазмұнының теориялық деңгейде оқу мақсатына лайық жүйеленуі болса, екінші жағы соны оқыту үдерісін жүйелеп тану болмақ.

Электрондық оқыту құралдарына оқытуды ұйымдастыру және жүргізу үшін арналған бағдарламалық өнімдерді жатқызамыз. Электрондық оқыту жағдайында әр түрлі оқыту формалары мен әдістерін, мазмұнын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін оқыту құралдарын салыстыру және оларды бағалаудың негізгі бағыттарын ескеру қажет. Яғни, жасау және қолдану технологиясы, ұсынылатын аспаптар жиынтығы, ұсынылатын қызметтің іске асырылу деңгейі.

Нақты бағдарламалық өнімді жасау мен қолдану технологиясы жеке дара және топтық оқыту сияқты әр түрлі әдістерді қолдана отырып, оқытуды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар — электрондық оқулықтар. Жаңа технологиямен оқыту жүйесі — сабақта барлық білім алушының белсенді қатысуымен ұйымдастырылатын оқу үдерісінің бірі. Бұл ретте оқытушы мен тіл үйренушінің коммуникативтік қатынасқа негізделген қарым-қатынасының өзгермей сақталуы талап етіледі. Қазақ тілін оқытуда жаңаша оқыту технологиясын қолдану арқылы қоршаған ортада болып жататын әр түрлі жағдаяттар тарапынан алғаннан соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Жалпы, жаңаша технологияның түрлері өте көп. Мұның үстіне компьютерлік-ақпараттық технологиямен жасалатын жұмыс жүйелерін алатын болсақ, бұл технологияның сапалы білім беруде, танымдық қызығушылығын арттыруда алатын үлкен орны байқалады.

Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мемлекеттік қызметкерлерді оқыту курстарында оқыту жүйесі, жекелеген сабақ, бір қарағанда, күнделікті өтіп жататын жағдай сияқты. Бірақ тұтас оқыту жүйесі сияқты, бір сабақты өткізу барысында танымдық үдерістің небір күрделі түрлері өтіліп, адамның рухани әлемі қалыптасып жатады. Сонысымен де оқу үдерісінің танымдық үдеріс ретіндегі сыртқа қарапайым, ал ішкі мазмұны адам қалыптастыратын мүмкіншілігі айқындала түседі. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен еркін сөйлеу тілін дамытуды маңызды орын алады.

Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен жақсы сөйлеу тілін дамытуда қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Әрбір берілген ұғым мен оның мазмұнын құрайтын білімдік ақпарат — оқушының ой-санасын өзгертуші, дамытушы құрал. Бірақ танымдық негіздері туралы бөлімде айтқанымыздай, оқушылардың даму барысында көп сүйеніп, талдаулар жасай беруге, білім мазмұнын жөнсіз көбейтуге немесе күрделендіруге болмайды. Тіл үйренушінің даму ерекшелігін оның жас ерекшелігімен байланыстыра қарау қағидаты басты назарда болуға тиісті.

Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту — тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Тіл үйренушінің саналылықпен білім алу ұстанымы толыққанды жүзеге асуында келесі ұстаныммен табиғи байланысты болуы үлкен рөл атқарады.

Қазақ тілінің жазу және сөйлеу заңдылықтарын іс-тәжірибе жүзінде танып-білу тіл үйренушілердің қазақша ойлау қабілетін қалыптастырады және біртіндеп дамуына ұласады. Оның өзі тіл үйренушінің ауызша және жазбаша тілі даму үдерісіне жалғасып, қазақ тілін үйреніп жүрген жеке адам жана сатыдағы дүниетанымдық аппаратын қалыптастыруға қызмет етеді.

Оқытушының басшылығымен меңгерілген танымдық әдістермен тоқтап қалмай, оларды қолдау мен тағы басқа түрлерін іздеуі теориялық ойлауы мен сөйлеу тетіктерінің біртұтастықта дамыған тіл үйренушінің моделі болып табылады. Сондықтан бұл ұстаным қазақ тілін оқыту үдерісінде басшылыққа алынады.

Қазақ тілін оқытуда талдау әдісін оқушыға дұрыс үйрету арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөз құрамын, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін т.б. өз бетімен анықтай білу дағдылары қалыптастырылады. Тіл үйренуде байқалатын түрлі заңдылықтар мен құбылыстарға бақылау жасату

барысында жеке талдау жасатудың мәні зор. Талдау әдісін орынды, белгілі бір тәртіппен қолдана білу дағдылары қалыптасуы барысында, тіл үйренушінің теориялық ойлау дағдылары дамуы да жүзеге асады.

Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің мемлекеттік тілді жақсы меңгеруін ұйымдастыру қазақ тіліндегі жекелеген тіл бірліктерінің бірлесе келіп, жинақталған ұғым жасауына жетекші қызмет атқарады. Қазақ тіл бірліктерінің болмысы туралы жаңа аспектідегі білім мазмұнын алу тетіктері мен ұстанымдарын анықтау таным теориясын негіз ете отырып, жасалатын арнайы әдістеменің кешенді проблемаларын зерттеуге алып келеді. Тіл үйренушінің қазақша еркін де сауатты сөйлеуі мен жаза білу дағдыларын қалыптастыруды олардың ғылыми білім алуымен үйлесімді ұйымдастыруда таным теориясының ілімдері үлкен тірек болады. Қазақ тілі сабақтарының әдістемелік сценарийлерін әзірлеуде оқытудың технологиялық жабдықталуы да үлкен орын алатыны белгілі. Бұл ретте компьютерді қолданудың да маңыздылығы айқын. Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыруда, білімін тексеруде, білімін бағалауда сабақтың компьютерлік жабдықталуы үлкен орын алады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мектептерді компьютерлендіру туралы бағдарламасы қазақ тілін оқытуды сапаландыруға, оқушылардың ойлау дәрежесін өсіруге заман жетістіктерін дұрыс пайдалана білуге бастайды. Сондықтан қазақ тілін оқытуда бұл бағыт та мүмкіндігінше қолданылғаны дұрыс. Қазақ тілін оқытудың технологиялық жабдықталуы мен техникалық құралдарды қолдану турасында екі бағыт бар: «техникалық құралдар — жанды оқу процесінен артық емес» деген болса, екіншісі — «техникалық құралдар — қазіргі кезеңдегі оқу процесінің басты жетекшісі» деп келеді. Екі бағыттың бірін ұстау — біржақтылыққа алып кететіні белгілі. Оқу-танымдық қызметті белсендіруге, оқушының теориялық ойлау дәрежесін дамытуда техникалық құралдардың беретін көмегі мен мүмкіншіліктерін пайдалану бар да, оларға тым әуестеніп кетпей, орындылық пен қолдану тәртіптілігін сақтай білу бар. Сонымен, қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздерін талдай келе, мынадай қорытындыға келдік. Жалпы, тілді оқыту теориясы адамның тілді меңгеруінің жалпы немесе жекелеген заңдылықтарын білдіреді. Осы ретте қазақ тілін оқыту теориясы, дидактикалық негіздері қазақ тілін оқыта отырып, қазақша сөйлеу мен сауатты жазу әдістерінің, оқыту мазмұны мен мақсат-міндеттерінің, уәжінің оқыту заңдылықтары жүйесіне шоғырлануын бейнелейді. Бағдарламалық өнімнің деңгейі оны қолдану кезіндегі нақты жұмыс істеу қабілеті мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен анықталады [2]. Бағдарламалық өнімнің жұмысы оның жылдамдығымен, сенімділігімен, интерфейсінің ыңғайлығымен сипатталады. Мәселен, бағдарламалық өнімнің деңгейін тек қана оны қолданған кезде анықтауға болады. Алайда электрондық оқыту құралдарын бағалап тандауды естен шығармау қажет. Электрондық оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электрондық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық сілтемелер беріледі. Электрондық оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады. Шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді, дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі, гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді, қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды т.с.с. (мультимедиа технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді), әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді, белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады. Электрондық оқытудың жаңа мүмкіндіктері арқылы қосымша білімдермен қаруланған қызметкерлер маңызды бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Виртуалдық ұйымдардың жаңа үлгілері оқытудың қажеттігін арттыруда, оқытудың дәстүрлі бағдарламаларын қашықтықтан оқыту бағдарламалары барған сайын ығыстырып келеді және өз білімін басқарудың дамып келе жатқан жүйелі жинақталған тәжірибеден пайда табуға көмектеседі. Электрондық оқулық жас буынның жаңа әдебиеті болып есептелетіні даусыз. Сондай-ақ ол компьютер технологиясының мүмкіндіктері мен кәсіби оқулықтардың дәрежесін біріктіреді. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты — оқу үрдісін және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Қазіргі уақытта электрондық

оқулықтың құрылысы сапалы және жаңа деңгейде болуы тиіс. Электронды оқулықтың ең қажет элементі аудиохабарлар болып табылады. Инновациялық білім беру құралдары, аудио-, видеоқұралдары компьютер, интерактивтік тақта, Интернет, компьютер мультимедиялық құралдар, электрондық оқулықтары мен оқу әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық веб-сайт және т.б. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген веб-қосымшалар, интерактивтік бағдарламалық өнімдер, қозғалмалы нысандар құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық бағдарламалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда.

Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп тандап алуды, нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету керек. Жаңа технологиялар дәуірі жағдайында студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің жаңа парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады.

Қазақ тілін оқыту кезеңдерінің тіл үйрету деңгейлерімен байланысы анықталып, жеделдете деңгейлік оқытудың соңғы нәтижесі қатысымдық құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында аралық, қорытынды сынақтарды және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімді тәсілдері айқындалады. Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп тандап алуды, болатын нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету тиіс. Жаңа технологиялар дәуірі студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады [3].

Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба, тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалдық қорыту үрдісі ұтымды болады. Бұлар практикум компьютерлер көмегімен жүзеге асырылады. Ал білімді бағалау тестік жүйе бойынша, ал толықтырушы материалдар интерактивтік компьютерлер типте жүзеге асады.

Біздің ұсынатын бағытымыз осы соңғы айтылғанымен тығыз байланысты. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түпнегізі оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты оқыту мақсатына лайықтап ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Бұл жерде білім берудің екі жақтылық болмысы да ғылыми негіздер арқылы танылып, жүйеленуі тиіс. Оның бір жағы берілетін білім мазмұнының теориялық деңгейде оқу мақсатына лайық жүйеленуі болса, екінші жағы соны оқыту үдерісін жүйелеп тану болмақ.

Мемлекеттік тіл — аса маңызды да өзекті мәселе, тіл — халықтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ол — ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу — өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс.

Ел тәуелсіздігін тіл тәуелсіздігімен астастыра қарап, туған тілдің тұғырын биіктету қамы қолға алынғалы да біраз уақыт болып қалды. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң» сияқты стратегиялық маңызы бар құжаттардың дүниеге келуі осы бағытта жасалған оң қадамдар. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да, бұл мәселені айналып өткен емес. Өнер алды — қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту — Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде», — деп тұжырымдайды. Ал қазақ халқының тіл келешегі — мектеп оқушыларында. Көптеген ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді,

мерзімді баспасөз ақпараттарын талдап-зерттей келе, бүгінгі күнгі оқушылардың сөз саптауы көңіл аударарлық көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деген қорытынды жасауға болады. Олар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен, диалектілермен сөйлегенді сән көреді. Бұл мәселе туралы көптеп айтылып та, жазылып та жатыр.

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі — оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы мәселелерді назардан тыс қалдырмай, кәсіби-бағдар бере отырып оқыту — тіл үйренушінің мектепте алған білімін тереңдетіп, өзі таңдаған мамандыққа сай лексиканы меңгеруіне, өз көзқарасын танытуға, бейнелі, астарлы қазақ тілінің байлығын меңгеруіне жол ашады. Тіл үйренушінің ой-пікірін белгілі бір тақырып бойынша жүйелі түрде өз мамандығына негіздеуге жұмыстар жүргізледі. Осы арада жоғарыда айтып өткен жаңа технологияның түрлері кеңінен қолданылады, яғни оқытушының шеберлігі аса қажет етіледі. Оқытушы таңдаған технологияны түрлендіріп, аса шеберлік көрсетсе, соғұрлым сабақ мақсатына жетеді деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, оқытушыға білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындылығы мен белсенділігін арттырады. Тіл үйренушінің оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жойып алмау мақсатында, алдымен ұғымға сәйкес түсінікті болуын ескеру қажет, берілетін тапсырманың тәрбиелік мәніне көңіл бөлініп, сезімді, қызығушылықты оятатындай құрылуы керектігі ескерілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құрман Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. — Алматы, 2009. — 28-б.
- 2 Әбдікәрімов Б., Сарбасова Қ.А. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану // Еуразиялық гуманитарлық институттың хабаршысы. — 2004. — № 3. — 36-б.
- 3 Даумов Н.Г. Оқытудың ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту: Пед. ғыл.канд. ...дис. — Алматы, 2003. — 12-б.

Г.Ш.Мизанбаева, М.К.Жунусова

Новейшие технологии обучения казахскому языку

В статье рассмотрены новые информационные технологии, которые информируют современное общество, постепенно внося изменения в жизнедеятельность человека. В современной жизни информационные технологии имеют большое влияние и в системе образования Казахстана. Авторы статьи утверждают, что на сегодняшний день в сфере образования, не владея передовыми технологиями обучения, преподаватель не может соответствовать современным требованиям и быть востребованным. Успешное развитие информационных технологий, соответственно, развивает новые технологии обучения казахскому языку как государственному.

G.Sh.Mizanbayeva, M.K.Zhunusova

The newest technologies of training in the Kazakh language

In article new information technologies which inform modern society are considered, gradually making changes to activity of the person. In modern life information technologies have a great influence and in an education system of Kazakhstan. Authors of article claim that today in education without owning advanced technologies of training the teacher can't conform to modern requirements and to be demanded. Successful development of information technologies respectively develops new technologies of training Kazakh language as state.

References

- 1 Kurman Zh.N. *Methodical bases of training in the Kazakh language*, Almaty, 2009, p. 28.
- 2 Abdikarimov B., Sarbasova K.A. *Messenger of the Euroasian humanitarian institute*, 2004, 3, p. 36.
- 3 Daumov N.G. *Development of research activity of pupils in the course of information training*: Cand. dis. ... pedagogical sciences, Almaty, 2003, p. 12.

АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА

ӘОЖ 81-13=82/943.42

Л.Н.Дәуренбекова

Назарбаев университеті, Астана
(E-mail: daurenbekova.laura@mail.ru)

Марк Твен юморлық әңгімелерінің қазақ тіліне аударылуы

Мақалада американ жазушысы М.Твеннің юморлық әңгімелерін қазақ тіліне аударған Ә.Сатыбалдиевтің аудармашылық қыры, орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырыла отырып талданды. Аудармашы М.Твеннің жазушылық стилін сақтай отырып, әр кейіпкердің психологиясын, көңіл-күйін жеңіл тілмен тәржімалауға тырысып, түпнұсқадағы мәтін ырғағы, интонациясы сақталатындығына назар аударды. Аудармаларда қолданылған лексикалық трансформацияларға талдау жасалды.

Кілт сөздер: аударма, юморлық әңгіме, М.Твен, туынды, қазақ тіліне аудару, түпнұсқа мәтін, аударма мәтін.

М.Твен — америка әдебиетінің дамуына үлес қосқан классик суреткер. 1960–1970-жылдарға дейін автор шығармашылығында юмор басымдық алса, осы жылдардан кейін сатира, пессимистік көзқарас нық орнығады. 1970–1980-жылдары М.Твен көбіне ертегі, фантастикалық романдар, новеллаларға көбірек тоқталады [1; 116]. Шығармашылық өмірінің қай мезгілінде болмасын М.Твен адам психологиясын шебер бейнелеп, көркем проза жанрына ең алғаш рет реалистік сарын үлгісін енгізді.

«Жас Марк Твеннің стилі протекске толы стиль. Юмористік асыра сілтеушілік, сатиралық карикатура, пародиялық амал-тәсілдер және де басқа көркемдік әдістер жазушы туындыларында көптеп кездеседі» [2; 116]. Мәселен, М.Твеннің 1968 жылы қазақ тілінде жарық көрген жинағында көркемдігі жоғары юморлық әңгіме-памфлеттері енгізілген. Атап айтар болсақ: «Губернатор сайлауына түскенім-ай», «Қытайлықтардың хаттары», «Сенатор Дильворт», «Америкадағы саяси өмірдің кейбір көріністері», «Мак Вильямстер мен шикылдақ», «Ақ пілдің ұрлануы», «1 000 000 фунт стерлингілік банк билеті», «Қолдаушы періштенің хаты», «Гелибергті бұзған кісі». Бұл әңгімелерді орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударған Ә.Сатыбалдиев. М.Твен аудармаларының қай-қайсысын оқысақ та, оқуға жеңіл, оқиғасы қызықты.

Ә.Сатыбалдиевтің шығармаларды қазақ тіліне қандай дәрежеде аударғандығын байқау мақсатында аудармаларды орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыра талдайық. Марк Твеннің юморға толы әңгімесі «Мак Вильямстер мен шикылдақ». Қысқаша мазмұнына тоқтала кетсек.

Мак Вильямстер мырза мен әйелі Мак Вильямстың кішкентай қыздары Пенелопаның қарағай жаңқасын шайнауға әкесі қарсы болса, анасы қолдау білдіріп, оның еш зияны жоқ екенін айтады. Сол күні түнде Пенелопа тынбай жөтеліп, еріксіз дәрігер шақыртады. Дәрігер қыздың тамағына қарағай жаңқасы кептеліп қалғанын айтады. Әйелі күйеуінің айтқаны дұрыс келгеніне шамданады. Әңгімені оқи отырып, еріксіз күлкіге бөленесіз, әрі сюжетте, диалогтарда, қызықтырып ала кетеді. Түпнұсқа мәтінмен аударма мәтінді салыстырар болсақ, Ә.Сатыбалдиев әр түрлі прагматикалық мағыналарды беру мақсатында көбінесе еркін сөз тіркестерін фразеологизмдермен беріп отырады.

Мысалы:

- не сказала ни слова — *тіс жарған жоқ*;
- быть под рукой — *қолқабыс ету*.

– не знаешь, очень споришь и что говоришь — не айтып, неге қызыл кеңірдек болып отырғаныңды өзің білмейсің.

«Қай тілдің фразеологиялық единицасын алсақ та, олардың сол ұлтқа тән образдық ерекшелігі, тарихи қалыптасуы болатындықтан, келесі тілге соның өңін өзгертпей, ұлттық бояуын, эмоциялық-экспрессивтік сипатын сақтап жеткізу аудармашыдан үлкен біліктілікті қажет етеді» [3]. Яғни, фразеологиялық тіркестер мәтін мағынасының бейнелілік әсерін беретін поэтикалық құрал қызметін атқарады. Аудармашының шеберлік мектебіне көңіл аударма отырып, аударма жасау барысында қолданатын әдіс-тәсілдерімен жақын таныса отырып, аудармашылық өнердің сыры мен сипаты, мәні мен маңызы туралы мәселенің бірқатар сұрақтарына жауап тапқандай болды.

Ә.Сатыбалдиев М.Твеннің қай әңгімесін аударса да, стилін сақтай отырып жеңіл тілмен тәржімалауға тырысады. Әр кейіпкердің психологиясын, көңіл-күйін беруде де шеберлік танытады. Мәселен, орыс тілінде:

– Не своди меня с ума... Ну, ну, ну, мое сокровище, моя деточка, лекарство гадкое, горькое, но от него Нелли поправится... поправится мамина деточка, сокровище, будет совсем здоровенькая... Вот, вот так, положи головку маме на грудь и усни, и скоро, скоро... Боже мой, я чувствую, она не доживет до утра! [4; 87].

Қазақ тілінде: – Есімді шығармашы. Қані бөпешім, алтыным менің кішкентай, келші дәрі ішейік! Дәрі деген жексұрын, ащы нәрсе, бірақ ем болады, Неллижан жазылады оны ішсе. Мамасының бөпесі, алтыны оңалып, ойнап кетеді әлі-ақ! Міне, осылай, сөйте ғой, жаным, маманың төсіне басыңды сүйе де, ұйықтап қал, қазір, қазір...Құдайым-ай, ішім бір пәлені сезеді, осы қыз таңның атуына жете қоймайды-ау, сірә! [2; 23]. Баласы үшін шырылдаған ананың көңіл-күйінің бұзылып, қатты уайымдап отырған сәттерін автор нақышына келтіре суреттей білген. Ал, аудармашы көңіл-күй бейнелеу сипатын жете ұғынып, жеткізу дәлдігімен қатар, сөз баламасын тауып, сөйлемдерді шебер құрастырғанын анық байқаймыз.

Орыс тілінде: – Все кончено, Мортимер! Все кончено! Ребенок вспотел! Что теперь делать? [4; 85].

Қазақ тілінде: – Бітті бәрі де, Мортимер! Сорладық!.. — деді — ол. — Бала терлеп жатыр. Енді не істедік? [2; 25].

Бір қарағанда, сөйлем аударуға өте қарапайым. Десек те, Ә.Сатыбалдиев, орысша нұсқасындағыдай, «Бәрі бітті, бәрі бітті!» деп екі рет қайталамай, оның орнына компрессия әдісімен «Сорладық» деген сөзді қойып, үрейлі бір ойды жеткізуде ұтымды жол тауып кеткен. Мәтін ырғағы, интонациясы да сақталған. Сондай-ақ кейіпкер қимылын да байыпты суреттеуге тырысады.

Когда я вернулся домой к обеду, она встретила меня белая, как полотно [4; 87].

Моя жена вздрогнула, словно пораженная насмерть [4; 88].

Ә.Сатыбалдиев прозалық шығармалардың аудармасын қарастыру барысында алдымен түпнұсқа мен аударма мәтіннің көлемін салыстырады да, түпнұсқадағы жай, күрделі сөйлемдердің, кейіпкерлердің мінез-құлық, психологиялық сипаттарының, эпиграфтарының, мәтіннің ара-арасында кездесетін өлең жолдарының, көркемдік сапасының, сөздердің баламаларының, оқиғаларының, стилінің, ырғағының берілуіне назар аударады.Түпнұсқаның синтаксистік құрылымын толық сақтамай-ақ, қажетті жерінде түпнұсқадағы бір сөйлемнен бірнеше сөйлем құрады. Яғни, аударып отырған мәтінін оқырманның қабылдау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін, аударма теориясындағы түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, лексикалық-семантикалық трансформациялар:

- жіктеу (дифференциация) — бір сөзді бірнеше сөз арқылы көпқырлылығын көрсету;
- нақтылау (конкретизация) — аудару барысында сөздің толық және тура мағынасын беретін сөзді табу (анықтау);
- ұлғайту (генерализация) — қысқа мағыналы сөздердің мағынасын (жалпылау) ұлғайтып көрсету;
- мағыналық даму (смысловое развитие) — түпнұсқадағы немесе аударма тіліндегі сөзді немесе сөз тіркесін аударғанда бірліктерге айналдырады. Бұл трансформацияларды қолданса да, аудармашы автордың идеясынан ауытқымайды.

М.Твеннің келесі бір «Мои часы» әңгімесін Ә.Сатыбалдиев «Қайран сағатым» деп аударған. Аудармашы шығарма мазмұнының негізгі арқауын білдіретін тақырыптың атауына мән бере отырып, оны «Менің сағатым» деп тура аудармай, «Қайран сағатым» деп беруі сәтті шыққан. Аудармашының қойған тақырыбы мәтіннің мазмұнын ашып тұр. Әңгіменің қысқаша мазмұнына тоқтала кетейік.

Бір кісінің әдемі сағаты жарты жылдай тоқтаусыз жүрген. Бір күні оны бұрауды ұмытып кетіп, бұзып алады. Сағат жөндететін жерге апарып жөндетеді. Сол күннен бастап сағат уақыттан оза жүреді. Иесі сағатын алып, екінші жерге алып барып жөндетеді. Сол сәттен бастап сағат уақыттан кейін қарай жүреді, яғни қалып қояды. Үшінші жерге алып барса, сағаты бірде қалады, бірде жүреді. Аударма да сағаттың дыбысын былайша беріледі. «Кашляли – түшкіреді», «чихали – шикылдайды», «лаяли – ырылдайды» деп суреттелінеді. Қатты қиналған сағат иесі ағасының «хороший конь хорош до тех пор, пока не закусил удила, а хорошие часы — пока не побывали в починке», «Жаксы ат ауыздығын алдырғанша жаксы, сағат — ұста көргенше» деп, фразалық тіркесті фразалық тіркес күйінде береді. Байқап отырғанымыздай, бұл мақал әңгіменің негізгі түйіні болып есептеледі.

Жазушы бұл әңгімесінде қолдарынан ешнәрсе келмейтін олақ жұмысшыларды сынауды мақсат етіп алған. Аударма түпнұсқа мәтінінің құрылымын сақтай отырып, идеясын дәл берген. «Идея өз алдына бөлек, оқшау тұрған нәрсе емес, ол шығарманың өн бойындағы көркемдік шешімдерден өріліп шығады, солардан туындайтын қорытынды түйін ретінде көрінеді» [5]. Демек, Ә.Сатыбалдиев мәтіндегі парафразаны түсіне отырып, автордың басты идеясын жеткізе білген. Тағы бір айта кететін жайт, осы аудармаларда кейбір орыс тіліндегі сөздер аударылмай сол қалпында беріліп кеткен. Бірақ ол аудармашының кемшілігі емес. Себебі *процент, январь, телеграмма, кандидат, багаж* т.б. сөздер сол кезде аударылмай қолданылатын болған. Қазіргі кезде тіл мәдениетінің дамуына орай орыс тіліндегі жоғарыдағыдай сөздер қазақ тіліне аударылып баламалы түрде орнығуда. Сол себепті М.Твен әңгімелері қайта аударылған сәтте олар ескеріледі деп сенеміз.

«Ақ пілдің ұрлануы» әңгімесін ағылшын тілінен орыс тіліне Н.Волжина аударды. Әңгіме сатиралық әжуаға арналып жазылған. Осы бір еңбекте негізгі көп суреттелетін ақ пілдің сыртқы бейнесі былайша берілген. Орысшасы:

– Рост — девятнадцать футов; длина от темени до основания хвоста — двадцать шесть футов; длина хобота — шестнадцать футов; длина хвоста — шесть футов; общая длина, включая хобот и хвост, — сорок восемь футов; длина клыков — девять с половиной футов; уши — в соответствии с общими размерами; отпечаток ноги похож на след от бочонка, если его поставить стоймя в снег; цвет слона — грязно-белый; в каждом ухе — дырка для украшений размером с блюдце; слон обладает привычкой поливать зрителей водой, а также колотит хоботом не только знакомых, но и незнакомых; слегка прихрамывает на правую заднюю ногу; с левой стороны под мышкой у него небольшой рубец — след зажившего нарыва; в момент похищения на спине у слона была башня с сидячими местами на пятнадцать персон и чей пракиз золотой парчи величиной с ковер средних размеров [4; 90].

Считается, что диплом журналиста автоматически уже предполагает наличие у выпускника деонтологических знаний. Это не всегда так. У ряда молодых специалистов оказываются утраченными чувство долга, собственного достоинства, ответственности, что, напротив, отличает отечественных журналистов старшего поколения. Представляется необходимым и целесообразным знания и методи-

* Условные сокращения названий газет: Ав.-р. — «Авитрек-регион»; К.Н. — «Криминальные новости»; Р. и Н. — «Реколама и новости».

ки по обеспечению разбора информационных споров, экспертно-лингвистическому мониторингу текстов СМИ давать будущим журналистам ещё на этапе обучения журналистской профессии в вузах. Студенты должны не только уметь разграничивать событийную и оценочную информацию, но и не допустить языкового конфликта интерпретаций в медийной сфере, который возможен на различных уровнях организации публицистического текста, в решении юрислингвистических, лингвоконфликтологических, герменевтических и других проблем.

Опыт работы показывает, что необходимо с первых дней пребывания студентов в вузе знакомить их с основами журналистской деонтологии, с нормами морали, этическими кодексами, традициями журналистских коллективов, чтобы процесс роста профессиональных знаний, умений и навыков шел одновременно с ростом нравственного сознания. Во время обучения будущий журналист должен получить подготовку, которая бы не только ориентировала на усвоение опыта прошлого, накопленного многолетним развитием журналистики, но, обобщая современный опыт, давала бы научно обоснованные нравственные ориентиры для решения возможных проблем. Это позволит моделировать жизненные ситуации профессиональной деятельности будущего специалиста, требующие нравственной зрелости, моральной стойкости, смелости в принятии решений.

Существенной особенностью и одним из определяющих обстоятельств, накладывающих особую ответственность на профессию журналиста, является факт, что в информационном процессе создатель медиа-текста становится проводником не только своего речевого продукта, но и социально значимой информации, имеющей общественный характер. Здесь может возникнуть немало трудностей, преодолеть которые можно только благодаря абсолютному профессионализму. У журналистов, представляющих разные СМИ, должно быть единым представление о долге, долженствовании и нормах поведения как целостной системе принципов и норм журналистской деятельности. Профессиональный долг — это тот внутренний закон, который предопределяет поведение журналиста в различных ситуациях. Поэтому состояться как профессионал журналист может в том случае, если он состоялся как личность, следуя требованиям долга.

Современные СМИ Казахстана активно осваивают новые взаимоотношения с адресатом, являясь посредниками в получении информации и формируя вкус адресата. Идёт постоянная конкурентная борьба за потребителя творческой продукции. Журналист, который призван шагать в ногу со временем, стремится успеть оперативно сообщить о событии, пытается высказать своё мнение, чтобы быть, с одной стороны, узнаваемым, а с другой — оригинальным и неповторимым.

Каждое издание, радио, телевизионный канал стараются иметь свой формат — своё «лицо», отражающее основное содержание, направление деятельности. Чтобы оно стало к тому же действенным, чрезвычайно важен высокий уровень профессиональной культуры журналиста.

В своём выступлении на XI Евразийском медиа-форуме 25 апреля 2013 года Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев подчеркнул значимость масс-медиа в XXI веке как важного фактора укрепления единства общества, обеспечения уверенного движения нашей страны по дороге прогресса: «В целом, повышение роли медиа-сферы ведёт к рождению новых СМИ, которые я бы назвал «средствами массовых инноваций», формирующими высокие стандарты развития не только в экономике, но и политике, социальной жизни, духовно-нравственном состоянии общества» [9].

Список литературы

- 1 Свитич Л.Г., Ширяева А.А. Журналистское образование: взгляд социолога. — М., 1997. — С. 207–212.
- 2 Кузин В.И. Психологическая культура журналиста. — СПб., 1998. — С. 78.
- 3 Корконосенко С.Г. Основы теории журналистики. — СПб., 1995. — С. 43–48.
- 4 Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики: Учеб. пособие. — М.: Изд. РИП-холдинг, 2002. — С. 126.
- 5 Социология журналистики. Очерки методологии и практики: Учеб. пособие / Под ред. С.Г.Корконосенко. — М., 1998. — С. 107–125.
- 6 Журналистика в мире политики: исследовательские подходы и практика участия / Ред-сост. С.Г.Корконосенко. — СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2004. — С. 266, 267.
- 7 Аграновский В.А. Ради единого слова. — М.: Мысль, 1978. — 168 с.
- 8 Шостак М.И. Репортер: профессионализм и этика. — М.: Изд-во им. Сабашниковых, 1999. — С. 3.
- 9 [ЭР]. Режим доступа: http://akorda.kz/ru/page/page_213678_vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-na-xi-evrazijskom-media-forume

В.Т.Әбішева, Г.Х.Әбдірахманова

Журналистің кәсіби мәдениетін қалыптастыру мәселесіне

Мақалада медиамәтін құрастырушының кәсіби мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Бұқаралық коммуникация туралы отандық теорияда аталмыш мәселе толық зерттелмеген. Авторлар зерттеудің өзектілігін қоғамдағы өзгерістер арқылы түсіндіре отырып, адамзат дамуына ақпараттың қатты әсер ететінін айтады. Кәсіби журналистің әлемдік бейнесі оның мамандығының объективті талаптарына сай қалыптасады.

V.T.Abisheva, G.H.Abdrakhmanova

To a question of formation of professional culture of the journalist

In article the problem of formation of professional culture of the founder of the media text is considered. In the domestic theory of mass communication this aspect is insufficiently studied and demands attention. Authors of article explain relevance of research with society transformations in the conditions of intensive influence of information on mankind progress. The picture of the world of the professional journalist develops according to objective requirements of his profession.

References

- 1 Svitich L.G., Shiryaeva A.A. *Journalistic education: look of the sociologist*, Moscow, 1997, p. 207–212.
- 2 Cousin V.I. *Psikhologicheskaya culture of the journalist*, St. Petersburg, 1998, p. 78.
- 3 Korkonosenko S.G. *Bases of the theory of journalism*, St. Petersburg, 1995, p. 43–48.
- 4 Prokhorov E.P. *Introduction in the journalism theory: Manual*, Moscow: Prod. RIP-holding, 2002. — 126 p.
- 5 Journalism sociology. Methodology and practice sketches: The manual / Under the editorship of S.G.Korkonosenko. — Moscow, 1998, p. 107–125.
- 6 Journalism in the policy world: research approaches and practice of participation / Red-sost. S.G.Korkonosenko. — St. Petersburg: Mikhaylov V.A. publ. house, 2004, p. 266, 267.
- 7 Agranovsky V.A. *For the sake of the uniform word*, Moscow: Mysl, 1978, 168 p.
- 8 Shostak M.I. *Reporter: professionalism and ethics*, Moscow: Publishing house of Sabashnikov, 1999, p. 3.
- 9 [ER]. Access mode: http://akorda.kz/ru/page/page_213678_vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-na-xi-evraziiskom-media-forume

V.T.Abisheva, V.A.Marshant

*E.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: vera.abisheva@mail.ru; big79@mail.ru)***The image of a TV-host as one of the main constituents of successful broadcasting**

The article describes the problems of the image of a TV host as the means of attracting audiences resulting the overall success of a program. The relevance of the study determines the modern development of the media scene and evolutionary changes in it which are connected to the recent development in information and communication technologies. In spite of development of alternative means of mass media communication, television is and remains an effective source of information communication. This is due to the role of the journalist, the role of the host takes even greater place.

Key words: image, TV-host, broadcasting, communication technologies, mass media communication, TV journalist.

The influence of TV on the audience is obvious and becoming bigger in spite of the growth of Internet Journalism. In the world of intensively changing TV searching the new forms of audience attraction the role of a TV journalist is especially important. Looking for ratings big companies opt for «their» TV-hosts. The combination of his or her professionalism, skills and abilities, appearance, charisma and the program itself — all these make his or her image.

Image, as given in a dictionary, is an artificial look which is created in social and individual mind. It is made by PR, advocacy, advertisement to form a definite attitude in the collective consciousness to the object [1].

The notions which are close to the notion of «image» are «opinion», «reputation» and «authority». In literature they even identify «image» with them. A.Y.Panasyuk, for instance, thinks that image is the same as opinion, and sees the difference between them only in grammar use in the Russian language. It is more correct to use «image» in the word combinations like «image of a person (politician, lawyer)», «opinion» — in the word combinations like «opinion about a person (politician, lawyer)» [2].

A.P.Fedorkina and R.F.Romashkina give the characteristic of image as «social and psychological phenomena which reflects both conscious and subconscious components of mind of different social groups, the motivation of their behavior and forming images<...>, which are in demand by the society today [3].

As for the meanings of the word image, there may be one more — impression. All that a TV host leaves afterwards — mood, memories, attitude — all of them may be called image too. It is built up from many factors: appearance, speech, gestures and mime, ability to work in front of a camera and the way he or she feeds information.

«We trust the information if we trust the source of it», — Konstantin Bogomolov, the fashion specialist and Doctor of Science says [4].

The source is a TV host, first works within the frames of a definite program. Secondly, he or she realizes «his or her own» personal image. One of the good examples is a TV hostess of the program «Vremya» on the First Channel of Russia — Yekaterina Andreyeva. The style icon, as stylists call her, has been working for a long time on TV.

TV audience got used to see her in this style and cannot imagine her to be different, to be someone else. She is always perfect on TV. Her image might be called as exclusive: severe hair-do with parting, mild make-up and smart suits. Her hair was smoothed down even when there was big hair fashion. The style of her suits has not changed up to now although the TV hosts today «allow» themselves to wear low-neck blouses and suits, for example.

Her unchangeable appearance during many years and her unique style of information feeding mark her apart from most of her colleagues and make her memorable. She follows the same style in her everyday life as well. So, in this way she supports the mentioned above saying about a personal style, its initial role in creating the image of a TV host.

For example, the TV hostesses of the program for children «Spokoino inochi, малыши» are usually women (a prototype of a mother or a grandmother) who, on camera, follow the style of the program — they are kind and smiling. The intonation which they use is both teaching but at the same time homely comforting. A muscled sportsman or a roaring politician are obviously not suitable for this role. So, summarizing

what is said above, the personality of a TV host is an initial point in creating the image, it is a starting point for the channel directors and producers when they choose hosts for programs.

It is important that a TV host meets the expectations of the audience of the program.

Then his or her image becomes the main program director's trick and is used to demonstrate the main idea of the program.

Many specialists point out the following standard features which form the image of a TV host: healthy appearance, harmonious facial features, well-groomed hair, slim body, white and even teeth, pleasant voice, attractive gestures and vivid mind.

On the other hand, if we look at modern TV from the point of view of a spectator we can see that instead of regular, as a rule, dashes long-haired girls there are actors, doctors, sportsmen and journalists. Let us give an example: Irada Zeinallova, a reporter of trouble spots, now is a TV hostess of news round-up «Voskresnoyevremya» on the First Channel of Russia [5]. Her face is not promoted and is not media, but her voice and information feed are recognizable. She narrates instead of pronouncing the unreflecting crammed text. Irada Zeinallova is a TV hostess who does not own a Hollywood appearance, but her inimitable style of lead-in feeding, the way she gestures on camera, her mime and her almost heart-rending husk voice make the audience if not admire then stay in front of screens.

This is discordance in fronting news programs. In our opinion this quite unusual producer's trick is timely and successful. The program is still popular and is only making the audience wider. As we can see from the example above, the typical image of a TV host is changing. As a rule he or she is not beautiful or handsome but makes the audience well-disposed. He or she is intelligent and simple in communication. He or she is trusted by the audience, which in its turn, is the most important part in image making.

K. Stanislavskiy wrote about the «brimming» coming from a good actor to the audience. It seems that this ability to «brim» differs a good TV host from a regular reader in spite of his or her attractive appearance [6].

Other examples of «new» Russian hosts: Mikhail Yefremov and Larisa Guzeyeva. Famous actors are successfully managing the roles which are unusual to them. Larisa Guzeyeva is a TV hostess of the talk show «Davaipozhenimsya». Her image «with a sharp tongue» was made by the idea of the authors and her own contribution.

Her life experience and artistic skills help her during the program. Of course, there is a script of the program, but her humor, her exactly formulated advice, questions and reaction reflect Guzeyeva's individual originality of the personality. When a viewer sees and feels, as it is called, a soulmate, then he or she does not change the channel, because they like watching what is going on in a TV compound and the one who is hosting there. In other words, Guzeyeva is a simple woman who the viewers feel comfortable with.

This producer's trick of attracting popular people as hosts is used by the Kazakhstani TV companies as well. For instance, the program «Davaipozhenimsya» is hosted by a singer and actress Aigul Babayeva. There is one more popular Kazakh actress Asel Sagatova who is the hostess of a musical TV program.

TV in Kazakhstan is not developing as dynamically as in Russia or in Europe and the USA. If the news programs level the standard, the talk show or author's programs cause a lot of questions. There are not so many projects of high quality, interesting and recognizable.

The famous Kazakhstani journalist Artur Platonov is hosting a social talk show «Sluginaroda», where he is both a producer and a host. This project is for discussion of the activity of the people who influence our everyday life. The image of Platonov, the one who is not afraid to ask the «servants of the people» the questions which worry that people, was made in the program «Portretnedeli». These projects differ from the mass of the others, first of all — by their format, where they discuss «taboo» topics, secondly — the host's image. Audience cannot help noticing strange, sometimes annoying but definitely memorable Platonov's manner of behavior. Nobody will argue that there is no more such Platonov on the TV of Kazakhstan.

He has incredibly melancholic voice, unbelievably slow speech, looking frowningly and minimum active on camera — all these distinguish him from other hosts. We see that the necessary associative image has been made which Artur Platonov keeps from one program to another. This image made by him allows his author talk show stay popular.

We should admit that Artur Platonov is one of the best examples of Kazakhstani TV hosts, the example of the fact that a personal image of a host distinguishes and successfully helps to perform before the audience. Even many years later he will be remembered.

One-type hosts who copy each other's manner and ways of acting and have no personal image leave a good impression of neither themselves nor the programs. At the heart of image making first of all there must

be his or her personality and individuality, the model of screen acting which would never be similar to any others.

Only when a TV host is holistic and his or her behavioral peculiarities are unique, they are inimitable and harmonic in their line of character and the performance succeed.

Within the context of imagology image is as made with the help of purposeful professional efforts with the purpose of increasing success rate of a particular client's (person's or organization's) activity or with the purpose of getting subjective psychological effect.

Most image specialists include in this notion not only the appearance which is his or her anatomical peculiarities and clothes style, but almost all characteristics that are perceived.

Thus Polly Bird says that image is «a whole picture of you which you represent for the others. It includes the way you look, speak, dress, act; your skills, your demeanour, pose and body language; your accessories, your surrounding and the company you support» [7].

V.M.Shepel, not limiting the image by appearance only, nevertheless takes image from the visual image, reminding that «image means vision in English. This is visual attraction of a person. A happy person is the one who has attractive image from God. Otherwise, as a rule, many people get this attraction thanks to the art of self-presentation» [8].

The TV host Valentina Leontyeva used to say: «You cannot play the role of a TV host — you must be him or her. You cannot disagree with that. In order not to get lost in the crowd and to differ from the others one should have his or her own image and keep it».

References

- 1 [ER]. Access mode: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
- 2 Panasyuk A.Y. *Do you need an image-maker? Or about making your image*, Moscow, 2001, p.10.
- 3 Pocheptsov G.G. *Image. Elections*, Kiev, 1997, p. 5.
- 4 [ER]. Access mode: <http://www.diva.by/image/ffl/bogomolov/>
- 5 [ER]. Access mode: <http://www.1tv.ru/person/6225>
- 6 [ER]. Access mode: <http://start-school.ru/2013-09-29-uchebnik-po-televizionnoj-zhurnalisti-51/>
- 7 Bird P. *Sell Yourself*, London, 1994, p. 1.
- 8 Shepel V.M. *Imagology: Secrets of charisma*, Moscow, 1994, p. 6.

В.Т.Әбішева, В.А.Маршант

Тележүргізушінің имиджі эфирдегі жемісті жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде

Мақала аудиторияны жинаушы және бағдарламаның нәтижелі болуының бірден-бір көрсеткіші ретінде тележүргізуші имиджі мәселелері жан-жақты қарастырылған. Зерттеудің маңыздылығы ақпараттық дамудың негізгі алғышарттары және осы саладағы ақпараттық, коммуникациялық технологиялардың эволюциялық өзгерістері арқылы анықталады. Альтернативті бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына қарамастан, теледидар кең қолданыстағы тиімді ақпарат көзі ретінде қала береді. Журналистің, әсіресе бағдарлама жүргізушісінің аталған үдерістегі рөлі сипатталды.

В.Т.Абишева, В.А.Маршант

Имидж телеведущего как составляющая успешного эфирного выступления

В статье рассмотрены проблемы имиджа телеведущего как средства привлечения аудитории и как следствие успеха всей программы. Актуальность исследования предопределяет современный контекст развития информационного пространства и происходящие в нем эволюционные изменения, связанные с новейшими достижениями в области коммуникационных технологий. Несмотря на развитие альтернативных средств массовой коммуникации, телевидение остается эффективным источником передачи информации. Характеризуется роль ведущего программы в данном процессе.

Ұстаз-ғалым мерейтойы

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Т.Пірімбетов 60 жаста

Тіршілікте ғұмыр кешіп, өмірде де, ғылымда да өз орныңды табу — үлкен бақыт. Қарымды еңбек етіп, өз жөніңді, өз жолыңды білу — ол да бір берекелі іс. Адам болып аяқ басқан соң, азамат боп қалыптасу — әркімге парыз. Тек ізденіс пен күрескерлік, талап пен табандылық қана адамды парықты істің парасатына бөлейді. Міне, осындай ізгі мұрат жолында іргелі іс атқарып, ел ағасына айналған ғалым, әрі ұстаз Тұрмағанбет Төлешұлының өмірі мен шығармашылық жолы ізденіске толы.

Университетіміздегі қара шаңырақтың бірі — филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, белгілі лингвист-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов жақында алпыс деген асқардың шыңына шықты.

Т.Т.Пірімбетов 1954 жылдың 24 қаңтарында Алаштың анасы атанған Сыр өңірінде, яғни Қызылорда облысының Шиелі ауданына қарасты Аққорған ауылында қарапайым теміржолшының отбасында дүниеге келген. Шорнақ ауылындағы 10 жылдық орта мектепті үздік аяқтап, екі-үш жыл әке-шешесінің ұсақ-түйек жұмыстарына қолғабыс жасаған жас жігіт жоғары білім алу мақсатында 1974 жылы ҚарМУ филология факультетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығына оқуға түседі. Сол кезеңде ата-ана үшін баласының жоғары оқу орнына қабылдануы үлкен абырой, зор жетістік саналатын. Жасынан ойы ұшқыр, мінезі алғыр, білім-ғылымға жаны құштар Тұрекең бірден ұстаздарының көзіне түседі. Қазақ тіл білімі кафедрасының негізгі тірегі болған Қалжан Тұңғышбайұлы, Төлеубай Қордабаев, Әбжан Құрышжанұлы, Фатима Кенжебаева, Қайролла Нұрмұқанов, Сәбила Төлекқызы, Ұлбек Оспалақова, Сұлтан Ыбыраев сынды ғалымдардан өміріне комақты азық болар білім алады.

1979 жылы университет қабырғасын тәмамдаған соң, сол кезеңдегі жоғары оқу орнын бітірген жас мамандарға арналған тәртіп бойынша 3 жыл «оқу өтемін» қайтару үшін бұрынғы Жезқазған облысы Ұлытау ауданына қарасты шалғайдағы Шеңбер, Терісаққан ауылдарына мұғалімдік қызметке жіберіледі. Осында жұбайы Алтын тәтемен бірге (жеңгеміз Алтын орыс тілі мен әдебиеті пәнінің маманы ретінде орыс тілінен сабақ береді) ауыл мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ жүргізіп, мол тәжірибе жинақтайды.

Қазақ тілі проблемаларын зерттеп-зерделейтін маман кадрлардың тапшылығына байланысты кафедра меңгерушісі Қ.М.Нұрмұқанов 1982 жылы Т.Пірімбетовті кафедраға шақыртып алып, жолдамамен Алматыға аспирантураға аттандырады. Ел ордасы Алматыда 1982–1985 жылдары жоспарлаған ғылыми-зерттеу жұмыстарын уақытында аяқтап, түркі әлеміне белгілі тіл маманы, академик Рабиға Сыздыққызының жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі қарапайым сөздер табиғаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын орыс тілінде жазып қорғайды. Мектеп қабырғасында 10 жыл, университетте 5 жыл ана тілінде білім алған жас жігіт үшін орыс тілінде күрделі ғылыми еңбек жазып, оны көпшілік алдында тосылмай, үлкен абыроймен қорғап шығуы шынында да жетістік еді. Зерттеуде қазақ тіл білімінде лексика саласы бойынша арнайы тақырып ретінде зерттеле қоймаған тілдік мәселенің бірі — қарапайым сөздер табиғаты, сөйлеу тілі элементтерімен арақатынасы, қарапайым сөздердің шығу негіздері, жасалу жолдары, қарапайым сөздердің эмоционалды-экспрессивті бағалама қызметі, семантикалық топтары мен көркем мәтіндегі кейбір қолданыстары алғаш рет ғылыми тұрғыда сөз болып, көпшілікке таныстырылды. Ғалымның осындай

тың еңбегін академик І.Кеңесбаев бастаған әйгілі зерттеушілердің өзі мойындап, жетістіктеріне оң бағасын береді.

Міне, 1974 жылдан бастап табаны күректей 40 жыл бойы доцент Т.Т.Пірімбетов білім-ғылым саласында талмай еңбек етіп келеді. Осы мерзім ішінде ол қаншама шәкірт тәрбиелеп, қазақ тілі мен әдебиетінің шын жанашыры, білікті маманы болып шығуына өз үлесін қосып келеді.

Доцент Т.Пірімбетов — «Қазақ тілінің сөйлеу тілі элементтері (қарапайым сөздер)» (Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. — 163 б.) деп аталатын монографияның, 12 оқу-әдістемелік құралдың, 2 электрондық оқу құралының, 150-ге жуық ғылыми мақаланың авторы.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы, туынды сөздер, қазіргі қазақ тілінің морфологиясы, сөз құрамы, Абай шығармаларының тілі мәселелеріне арналған.

«Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы» деп аталатын зерттеуі де — тіл ғылымы саласында және студент, магистрлер арасында үлкен сұранысқа ие еңбек. Мұнда ғалым қазақ тілі сөзжасамының қызықты да күрделі категория екенін, сөзжасамды тіл білімінің бір саласы деп тануда оның тұлғалық-құрамдық жағынан емес, семантикалық тұрғысынан қарау керектігін көпшілік алдына жайып салады. Қазақ тілі лексикасын сөз таптарына жіктеуде де тың, соны пікір білдіруі лингвистер ортасында қызу талқылау (резонанс) тудырды. Сөздерді сөз таптарына қарай бөлуде қандай мәселелерді басшылыққа алу керек, қандай негізгі критерийлерге сүйену қажет деген мәселелері де қазіргі ғылыми басылым беттерінде жиі-жиі көтеріліп жүр.

Т.Пірімбетов — ресми түрде доцент болғанымен, әріптестері ортасында баяғыда-ақ бейресми түрде профессор деп танылған тіл білімінің білгір маманы. Өйткені ол зерделі ғалым ретінде қозғалатын мәселенің әбден байыбына барып, оң-солын таразылап, салмақты шешім қабылдай алады. Сабақ барысындағы болсын, ғылыми жұмыстарды қорғау үстінде болсын, тіл ғылымына қатысты туындап жататын ғылыми дау-дамайларды шешуде әріптестері доцент Т.Пірімбетовтің төрелігіне жүгініп жатады. Ал білікті ғалымның көтерілген мәселенің мәнісіне терең бойлап, туындаған сұрақтарды ғылыми тұрғыдан сараптаудан өткізіп барып, тұшымды жауап қатуына бірнеше мәрте куә болдық.

Жалпы, қазақ тіл білімінің көсегесін көгертем деп тер төккен атпал азамат Тұрмағанбет Пірімбетов әріптестері мен шәкірттері арасында зор беделге ие. Ол әрбір сабағына үлкен дайындықпен келеді, өзекті мәселелерді жан-жақты пайымдап, ғылыми материалды қарапайым жатық тілмен түсіндіріп, жеткізе алады. Оны озық тәжірибелі ұстаздың өткізген күнделікті дәрістері мен ашық сабақтары дәлелдейді. Осындай қажырлы еңбегінің арқасында ол университет басшылары, деканат тарапынан бірнеше мәрте алғысқа ие болды. Ректордың Құрмет грамотасымен де марапатталды.

Түрекеңнің ғылымнан өзге тағы бір қыры — саламатты өмір салтын насихаттайтын сергек спортшы екендігі. Шахмат тақтасын мейлінше меңгерген спортшы ретінде түрлі спартакиадаға үзбей қатысып, жеңіс тұғырынан көрінді. «Шахмат ойнау логиканды жетілдіреді, ақыл-ойлау қабілетіңнің мүмкіндіктерін аша түседі, адамның бойында сабырлық, шыдамдылық және қырағылық сынды қасиеттердің барлығының тоғысуына жол ашады», — дейді шахматты асқан ұстамдылықпен ойнай білетін, жеңіске жетудің хас шебері.

Қолы қалт еткенде айналысатын негізгі хоббиі — балық аулау, яғни әуесқой балықшылық. Балық десе, Түрекең ішкен асын жерге қояды. Қысы-жазы балық аулаудан бір жалықпайды. Қашан әңгімелесе кетсең, ғылымнан бөлек екінші тақырыбы бірден балыққа ауысып жатады. «Жалпы, табиғат-ана жаңынды жадыратып, тәніңді сергітеді. Бір сәт шаршағаныңды басып, тың күш, жаңа идеялардың туындауына әсер етеді, — дейді Тұрмахан ағам демалыс жайын сөз еткенде.

Негізі, Тұрмахан аға — «сегіз қырлы, бір сырлы азамат. Ол — физикпен физика тілінде, математикпен «сандар әлемінде», химикпен «реакциялар тілінде» тайсақтамай, еркін пікірлесе алатын бесаспап маман. Техникаға жаны құмар жан өзінің бір сәт темір тұлпарсыз тұра алмайтындығын да айтып қояды. Мұндай жан-жақты азаматтың білімді де, ғылымды да, техника мен спортты да бірдей қатар алып жүруі кемде-кем жайт. Техникаға деген шынайы құштарлығын ұлдары Мәрлен мен Мәуленнің бойларына дарыта білген. Техника тіліне жақын болғандығынан да болар, кезінде Түрекең ТСО-дан (оқытудың техникалық құралдары) да сабақ жүргізді.

Тәжірибесі бай, білікті маман ретінде қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының меңгерушісі қызметін де абыроймен атқарып, ана тіліміздің қарыштап кең қанат жаюына азды-көпті үлесін қосты.

Тұрмахан аға — отбасының ұйытқысы, қамқоршы, үлгілі әке. Жұбайы Алтын екеуі — перзенттерінен тараған 5–6 немеренің ақылшы ата-әжесі. Ол — ешқашан да еш нәрсеге мойымайтын, рухы мықты, бойында күш-қуаты зор, интеллектуалды азамат. Сабырлы да салмақты, байсалды да білімпаз, ізденімпаз, «ақырын жүріп анық басатын, еңбегі далаға кетпейтін» Тұрмаханбет Пірімбетовтей абзал азамат қандай мақтауға да лайық. Ендеше ұстаздық келбеті кең, ойы терең, әркез ашық ақжарқын мінезімен көптің көңілінен шыққан зерделі ғалым Тұрмаханбет Төлешұлын бүгінгі 60 жылдық мерейлі мерейтойымен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық, асар асуларыңыз әлі де көп болсын демекпіз. Тілтану ғылымының биігіне шығып, іргелі еңбектерімен ел сеніміне ие болған Тұрекең әлі талай ізденістің нәтижесіне қол жеткізері сөзсіз. Озық білім беріп, үлгілі шәкірт тәрбиелеуде де өнегелі жол көрсетіп, өрісті бағытқа көтерілері де даусыз. Сондықтан білімнің биігіне, ғылымның асқарына талмай, өрлей беріңіз.

*Ағаға деген құрметпен, шәкірті,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ қазақ тіл білімі
кафедрасының доценті ф.ғ.к.
Бектұрсын Аманқұлұлы Қалиев*

Профессор Ә.Болғанбаевтың 85 жылдығына арналған «Тілтанудағы ірі тұлға» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция туралы

Белгілі ғалым, лингвист, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әсет Болғанбайұлы 1928 жылы 8 наурызда Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қуаныш ауылында кедей шаруаның отбасында өмірге келген. Әкесінен 1932 жылы жетім қалып өмірдің ауыр азабын көрді. Бала Әсет алдымен Қуаныш бастауыш мектебінде, соңынан аудан орталығындағы мектепте оқып, оның 7-сыныбын 1942 жылы бітіреді.

Соғысты көрмесе де, соғыс оның өмірінде өз таңбасын қалдырды. «Бәрі де майдан үшін» деген ұран бұғанасы қатпаған жас балаларды да қиын жұмысқа шығуға мәжбүрледі, сондықтан 1942 жылдан 1944 жылдың сәуір айына дейін Қуаныш колхозында мал бақты, егін салып жұмыс жасады. 1944 жылы Қарқаралы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищеге түсіп, оны 1947 жылы бітірген соң, қазіргі Әл-Фараби атындағы ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға келеді. Үздік оқыған Әскең өзінің еңбекқорлығымен, зерделілігімен, білімге құштарлығымен ғалымдардың назарына ілігеді. Сол себепті Әсет Болғанбайұлы 1952 жылдан Ғылым академиясы Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында әуелі аспирант ретінде қалдырылып, соңынан кіші, аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер, кейіннен бөлім меңгерушісіне дейін жоғарылап, 47 жыл тапжылмай жемісті еңбек етеді.

Алдыңғы толқын ағаларының ақыл-кеңесін тыңдай жүріп, олардың жанкешті еңбегін үлгі тұта жүріп, Әсет Болғанбайұлы түркологияда түрен салынбаған тақырыпта ізденіс жұмыстарын бастайды.

Оның ғылыми ізденістері қазақ тілінің синонимдеріне арналады, яғни зерттеу жұмысының алғашқысы «Қазіргі қазақ тіліндегі зат есім синонимдер» деген тақырыпта профессор Ғ.Мұсабаевтың жетекшілігімен қорғалды.

Ол 1972 жылы «Қазақ тіліндегі синонимдер» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. «Қазіргі қазақ тіліндегі синонимдердің жиналғанынан жиналмағаны әлі көп», — дейтін Әскең ана тіліміздегі мол материалды барынша қамтып, қазақ синонимдеріне тән ерекшеліктер мен заңдылықтарды ашып, олардың сөз варианттарымен байланысын зерттеп, оны теориялық-практикалық тұрғыдан салалы ғылым дәрежесіне көтерді. Бұл еңбегі қазақ, түркі тіл білімінде жоғары бағаланып, ғалымды түркологиядағы жетекші синонимист дәрежесіне көтерді, қалың жұртшылыққа танытты.

Ғалым қазақ тілінің лексикологиясына қатысты зерттеулерінде, біріншіден, лексикалық жүйедегі сөздің алатын орнына, сөз және оның мағынасына, даму жолдарына, лексикалық мағынаның түрлеріне кеңінен тоқталды.

Екіншіден, қазақ тілінің лексикасының шығу арналарын, нақтырақ айтсақ, сөздік қор мен сөздік құрамның арақатысын, толығу жолдарын, түрік тілдеріндегі ортақ сөздерді қарастырды.

Үшіншіден, қазақ тіліндегі синонимдер мәселесіне, синонимдік қатар, синонимдік ұя, доминант сөз, синонимдердің айырым белгілеріне, синонимдердің пайда болу жолдарына, синонимдердің сөз табына қатыстылығына, синонимдердің стильдік реңктеріне, қызметі мен қолданылу тәсілдеріне тоқталып, нақты мысалдармен дәлелдеді.

Төртіншіден, қазақ тілі лексикасының стильдік мәні мен қолданылу шеңберіне, оның ішінде жалпылама лексика, арнаулы сөздер, кәсіби сөздер, бейнелі сөздер, көнерген сөздер, неологизмдер, кітаби лексика, тұрмыстық сөздер, қарапайым сөздер, диалектизмдер, варваризмдер, экспрессивтік-эмоционалды лексика, сөздердің актив және пассив қолданылатын түрлерін қарастырды.

Бесіншіден, фразеологизмдер және оның өзіндік белгілеріне, түрлеріне, варианттылығына, сөз табына қатыстылығына, мағыналық топтарына, шығу арналарына тоқталып, оларды айқындады.

Алтыншыдан, жалпы лексикография және қазақ лексикографиясының алдағы міндеттеріне байланысты мәселелерді жан-жақты қарастырды.

Ә.Болғанбайұлы — қазақ лексикографиясына айтулы үлес қосқан ғалым. Оның бар уақытын сарп етіп, қызыға зерттеп жүрген еңбегі толығып, жинақталып, 1962, 1975, 1998 жылдары «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» деген атпен жарық көрді. Алғашқы нұсқасында 4000 сөз болса, соңғы нұсқада 9000 сөз қамтылып, синонимдік қатарға ортақ сипаттама берілді. Ана тіліміздің сөз байлығының көрсеткіші ретінде бұл еңбектер ұрпақтан ұрпаққа жетер құнды да мол мұра деп бағалануы керек, себебі жаһандану үдерісіне байланысты тіліміздің қолданыс аясының тарылуы, түрлі техникалық-технологиялық жағдай-құбылыстармен байланысты лексикада кірме сөздердің молаюы, ұлтымызға тән шаруашылық түрлерінің біртіндеп ығысуы, урбанизация үрдісінің күшеюі сияқты объективті және ата-бабаларымыздың сөзге тоқтаған мәрттігі мен сөз құдіретін түйсінудің жойылуға жақындығы, сөз мәдениетінің, тілдік тұлғаның тілдік-мәдени құзіретінің төмендеуі секілді субъективті себептерге байланысты қазіргі оқырмандарға түсініксіз болып қалмауға тиіс сөздер сол сөздіктерге енгізілген синонимдердің басым бөлігі екеніне сенім мол.

Лексиколог әрі лексикограф ретінде жетекші маман болып қалыптасқан Ә.Болғанбайұлы «Абай тілі сөздігін» жасауға әрі автор, әрі редакция алқасының мүшесі болып қатысты. 1962 жылы «Семей правдасы» газетінде шыққан мақаласында: «Сөздік адам баласы өмір сүрген кездегі тілдің нормасын хатқа түсіріп, қалыпқа келтіретін, сөйлеу мәдениетін арттыруға үлкен жәрдем ететін аса маңызды құрал. Сонымен бірге сөздік белгілі бір тілдің лексикасының тарихы мен теориясын зерттеу үшін сұрыпталып жиналған бағалы ғылыми материалдар болып табылады» деп көрсеткен ғалым: «Абай ана тіліндегі барлық лексика-фразеологиялық бай құралдарын, мақал-мәтелдерін мейлінше кең әрі шебер пайдалана отырып, жетпеген материалдарын араб, парсы, орыс тілдерінен алып, оларды да кәдесіне жарата білді. Ұлы ақын тілдегі алуан тропалық тәсілдерді, аллегория мен шендестіруді, сарказм мен иронияны, эпитет пен теңеуді әр түрлі ойнақтылықпен құбылтып қолданып отырды. Абайдың ұшқыр қаламынан шыққан, қазірде мақал-мәтелдік сипат алып кеткен толып жатқан қанатты сөздері мен сөз тіркестері бар. Ұлы ақынның бұл сөздері күнделікті өмірде жиі қолдану салдарынан афоризмге айналып кетті. Демек, Абай — халық тілінің құнары мен шырынын шебер пайдаланушы ғана емес, өзі де неше қилы жаңа сөздер тудырып отырған новатор-жазушы» — деп, Абай шығармалары тілінде қолданылған сөздердің жинақталуын ғылыми тұрғыда негіздейді.

Әсет Болғанбайұлы тұңғыш «Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерін» алдымен 2 том етіп 1956–1961 жылдары, одан кейін 10 том етіп 1974–1986 жылдары, соңынан 1 томдық ретінде 1986–1998 жылдары шығаруға қатысқан белді де беделді авторлардың бірі болды. Бұл саладағы тынымсыз еңбегі айрықша бағаланып, ол 1988 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Әсет Болғанбайұлы 12 томдық «Қазақ совет энциклопедиясы», қысқаша 5 томдық «Қазақ ССР энциклопедиясы», 1 томдық «Қазақ тілі энциклопедиясы», тағы басқа басылымдардағы сөздік ұяларының авторы ретінде қыруар еңбек жасады.

Қазақ тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен 2013 жылдың желтоқсан айында профессор Әсет Болғанбаевтың 85 жылдығына арналған «Тілтанудағы ірі тұлға» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Пленарлық отырысқа ұсынылған баяндамалар ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан үлесін айқындап, жан-жақты танытуға арналды: М.В.Ломоносов атындағы ММУ Қазақстан филиалының профессоры педагогика ғылымдарының докторы Н.Ж.Құрман «Тіл маржандары әлемін зерделеген ғалым» баяндамасымен ашып, ҚарМУ профессоры А.С.Әділова «Қазақ тілінің қызғыш құсы» баяндамасында Ә.Болғанбаевтың өмір жолымен, ғылыми еңбектерімен таныстырса, доцент Ш.А.Токсанбаева «Собиратель казахского слова» тақырыбындағы баяндамасында ғалым Ә.Болғанбаевтың ғылыми еңбек жолы туралы айта келіп, зерттеуші туралы пікірлерге, түркітану саласындағы елеулі еңбектеріне тоқталса, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты А.З.Қазанбаева «Ә.Болғанбаев және қазақ тілінің лексикологиясы» баяндамасында ғалымның артында қалған баға жетпес құнды еңбектері, ғылыми тұжырымдары, пікірлері туралы айтты.

Б.Бейсенов атындағы Заң академиясы тілдер кафедрасының бастығы филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Ш.Жалмаханов «М.Қашқаридың «Түркі тілдері сөздігінің» жасалу қағидалары» атты баяндамасында Ә.Болғанбаевтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен «Қазақ

тілінің синонимдер сөздігіне» сіңірген еңбектерін айта келіп, түркі тілдерінің ішінде ең алғаш жарыққа шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» маңызына тоқталды, М.Қашқари сөздігінің жасалу принциптері, сөздіктің энциклопедиялық, филологиялық, этимологиялық сипаттағы сөздік екендігіне қатысты ғылыми тұжырымдар жасады.

Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Б.С.Рахимов «Сөйлемнің сағы сынбасын» атты баяндамасында ғалымның еңбектеріндегі өзекті мәселелерге, қазақ тілінің бүгінгі жай-күйіне, соңғы уақыттарда жарық көрген кей шығармалардағы стильдік қателер мен олқылықтарға тоқталды.

Конференция жұмысына «Тілдерді синхронды-диахронды зерттеу мәселелері», «Қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері», «Тіл мен әдебиетті оқытудағы дәстүр және инновациялар» атты секция мәжілістері бойынша еліміздің жоғары оқу орындарынан, жалпы білім беретін орта мектептерінен, Назарбаев зияткерлік мектебінен өкілдер қатысып, қазақ тіл білімі, қазақ көркем әдеби үдерісі, лингводидактика мәселелері жөнінде өзекті ой-пікірлерімен бөлісті.

Филология ғылымдарының докторы, профессор
А.С.Әділова;
филология ғылымдарының кандидаты, доцент
А.З.Қазанбаева

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Abisheva, V.T.** — Professor of chair of journalism, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Abduov, M.I.** — Professor of chair of Kazakh literature, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Abdrakhmanova, G.H.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Adayeva, E.S.** — Associate professor philology of the Kazakh language, literature and culture, Candidate of Philology, Nazarbayev university, Astana.
- Adilova, A.S.** — Professor of chair of the Kazakh linguistics, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Daurenbekova, L.N.** — Associate professor philology of the Kazakh language, literature and culture, Candidate of Philology, Nazarbayev university, Astana.
- Esengeldinova, A.T.** — Undergraduate, Kazakh humanitarian and legal university, Astana.
- Zharylgapova, A.S.** — Undergraduate of chair of the Kazakh linguistics, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Zhunosova, M.K.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Ibraimova, Zh.Zh.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Isataeva, N.** — Undergraduate of chair of the Kazakh linguistics, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kazanbaeva, A.Z.** — Associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kaliev, B.A.** — Associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Karenov, R.S.** — Marketing professors, economy doctor, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kopzhassarova, U.I.** — Associate professor of English and Lingvodidactic, Candidate of pedagogical sciences, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Nesterik, E.V.** — Associate professor of foreign philology and translation business of faculty of foreign languages, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Mazhitaeva, Sh.M.** — Professor of chair of the Kazakh linguistics, Doctor of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Marshant, V.A.** — Undergraduate of chair of journalism, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Makhmetova, A.T.** — Master of foreign philology, teacher of chair of foreign philology and translation business of faculty of foreign languages, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Mizanbayeva, G.Sh.** — Senior perpodavatel of chair of a practical course of Kazakh language, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Molnar, Katalin** — Teacher, Managing Institute, the chairman-vice rector of the University Center «Savaria», Other Phd, West Hungarian University, Sombathej.

-
- Plotnikova, L.I.** — Doctor of Philology, professor, Belgorod state national research university, Russia.
- Rapisheva, Zh.D.** — Associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Rakhymberlina, S.A.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Sapina, S.** — Associate professor, Candidate of Philology, Kazakh humanitarian and legal university, Astana.
- Stanciu, Nicolae** — PhD in Linguistics, Faculty of Philology, Bucharest, Romania.
- Tursunova, M.A.** — Associate professor of the Kazakh linguistics, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Shaibakova, D.D.** — Doctor of Philology, the associate professor of Institute of a magistracy and doctoral studies of the Kazakh national pedagogical university of Abay, Almaty.
- Shipitsyna, A.Yu.** — Undergraduate of faculty of foreign languages, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Freshli, Mihai** — Doctor of PhD, associate professor of the West Hungarian University, Sombathej.
- Hairova, G.M.** — Associate professor of a technique and practice of Russian and literature of G.A.Meyramov, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.